**Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің кейбір мәселелері**

***Күшін жойған***

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1441. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

Ішкі кедендік транзиттің рәсімдері туралы нұсқаулық;

Кедендік брокерлердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялардың есебін жүргізудің және ол бойынша есептіліктің тәртібі;

Жүксіз шетелдік автокөлік құралдарын әкелуді куәландыруды ресімдеудің тәртібі;

Тауарлардың кедендік бақылаумен әкелінетіндігін растау туралы куәлікті ресімдеудің тәртібі;

Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау және жіберу тәртібі жөніндегі осы нұсқаулық;

ХЖТ кітапшаларын қолдану арқылы Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияны қолданудың тәртібі;

Экспортталатын тауарларды уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің тәртібі;

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперациялар кәсіпорынының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің тәртібі.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Б.Т. Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының ТІЗБЕСІ**

1. "Ішкі кедендік транзиттің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 19 қыркүйектегі N 112-Б бұйрығы.

2. "Көлік құралдарының әкетілуін куәландыру туралы және тауарлардың кедендік бақылаумен жеткізілуін растау туралы куәлік туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 106-Б бұйрығы.

3. "Көлік құралдарын (контейнерлерді) кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарлар тасымалдау үшін жабдықтаудың ережелеріне қатысты нормативтік актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 124-Б бұйрығы.

4. "Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу туралы нұсқаулық" туралы Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 114-Б бұйрығы.

5. "Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 114-Б бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1997 жылғы 10 қаңтардағы N 5-Б бұйрығы.

6. "Табиғи газды кедендік ресімдеу орындары туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы

10 наурыздағы N 53-Б бұйрығы .

7. "Экспортталатын тауарларды уақытша мәлімдеу рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 5 шілдедегі N 274-Б бұйрығы .

8. "ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперацияларының, кәсіпорындарының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 2 қазандағы N 132-Б бұйрығы .

Келісілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
2001 жылғы 15 ақпанда

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен
бекітілді

# Ішкі кедендік транзиттің рәсімі туралы нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Ішкі кедендік транзиттің рәсімі туралы осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Қазақстан Республикасы Заңының 165 , 166 -баптарына сәйкес әзірленді және тауарларды кедендік бақылаумен алып жүрген кезде олардың жеткізіліміне бақылау жасаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта төмендегі атаулар мыналарды білдіреді:

ішкі кедендік транзиттің рәсімі (бұдан әрі - ІКТ рәсімі) Қазақстан Республикасының жіберуші кеден органынан бастап жеткізілетін кеден органына дейін кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдаудың белгіленген тәртібі;

жіберуші кеден органы - Қазақстан Республикасының кеден органы, онда ІКТ рәсімі бойынша тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін тасымалдау басталады;

жеткізілетін кеден органы - Қазақстан Республикасының кеден органы, онда ІКТ рәсімі бойынша тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін

тасымалдау аяқталады;

аралық кеден органы - Қазақстан Республикасының кеден органы, онда ІКТ рәсімі бойынша тауарлар тасымалдайтын көлік құралдарына немесе контейнерлеріне ішінара үстеме жүк тиеу немесе түсіру жүргізіледі;

жүгі ауыр немесе көлемі үлкен тауарлар - әдетте өзінің салмағына, көлеміне немесе сипатына байланысты жабық көлік құралында немесе жабық контейнерде тасымалданбайтын кез келген ауыр немесе көлемді зат;

отандық тауарлар - Қазақстан Республикасының шығатын тауарлар немесе Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа жіберілген тауарлар;

тасымалдаушы - іс жүзінде тауарды алып жүретін немесе көлік құралын пайдаланғаны үшін жауапты болып табылатын адам.

3. Тауарлар тасымалдаушының жауапкершілігімен жіберуші кеден органынан бастап жеткізілетін кеден органына дейін барлық көлік құралдарымен тасымалданады. Тауарлар ІКТ рәсімі бойынша аралық кеден органдарының бірі немесе бірнешеуі арқылы тасымалдануы мүмкін.

4. Тауарлар мөр басылған жүк бөлігінен, көлік құралынан немесе контейнерден заттар алынбайтындай жолмен немесе ашудың көзге көрінетін іздерін қалдырмастан немесе кедендік қамтамасыз етулерге нұқсан келтірместен заттарды ол жерлерге орналастырмайтындай жолмен әзірленген және жабдықталған орамамен, көлік құралымен немесе контейнермен кедендік бақылау арқылы (пломбылар, мөрлер, сондай-ақ сәйкестендіру шаралары) Қазақстан Республикасының кедендік органдары арасында тасымалданады.

Тауарларды теміржол көлігімен тасымалдаған кезде тауарларды жүк жіберушілердің немесе тасымалдаушылардың пломбыларымен тасымалдауға жол беріледі.

5. Уақытша сақтау орындары немесе Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасы белгілейтін орындар кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарлардың жеткізілім орындары болып табылады.

## 2. Қазақстан Республикасына әкелінген тауарларды жеткізілетін кеден органына дейін тасымалдаудың тәртібі

6. Қазақстан Республикасына әкелінген тауарлар жіберуші кеден органынан жеткізілетін кеден органына кедендік ресімдеу үшін жіберіледі, мұндай жағдайда төмендегідей шарттар сақталады:

ішкі транзиттік декларацияны толтыру (бұдан әрі - ІТД);

1-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделген шот-фактураны (инвойсты) ұсыну;

жеткізілетін кеден органында тіркелген тауарды жеткізіп беру туралы

алушының кепілдендірілген міндеттемесін ұсыну. Кепілдендірілген міндеттемені ұсыну тауарды теміржол және әуе көлігімен тасымалдаған жағдайда, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайтын, кедендік төлемдер мен салықтар салынатын тауарларды әкелу кезінде талап етілмейді.

Акцизделуге жататын тауарларды әкелу кезінде кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Тарифтік емес реттеу шараларына жататын тауарларды әкелу кезінде жіберуші кеден органына ұсыну талап етілмейтін, қажетті рұқсатнама құжаттары болған жағдайда, кепілдендірілген міндеттемелер жеткізілетін кеден органында тіркеледі.

Кепілдендірілген міндеттеме ұсынылған жағдайда кедендік алып жүру жүзеге асырылмайды.

Жіберуші кеден органдары ресімдеу үшін кепілдендірілген міндеттемелердің түпнұсқаларының көшірмелерін немесе жеткізілетін кеден органының ілеспе хатымен бірге жіберілетін факсимильді көшірмелерді қабылдайды.

7. Егер тасымалдау МДП кітапшасын қолданыла отырып, жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияға сәйкес жүзеге асырылған жағдайда ІТД ресімделмейді және кепілдендірілген міндеттеме ұсынылмайды ( МДП конвенциясы, 1975 жыл).

8. Осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда еркін айналыс үшін әкелінетін тауарларды шекарадағы өткізу пункттерінде орналасқан кеден органдарында ресімдеуге жол беріледі.

9. Шекарадағы өткізу пункттерінде орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органдары көлік құралдарымен тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеуге байланысты шекарада осы көлік құралдарының кідіріп қалғаны үшін жауапты болмайды.

10. ІТД бір көлік құжаты бойынша тасымалданатын (тауар-көліктік жүк құжаты, теміржол жүк құжаты, коносамент және тағы басқалары) тауарлардың әрбір партиясына ресімделеді.

ІТД-ны кеден органы, декларант (делдал) ТД-1 нысанындағы қатаң түрдегі есеп беру бланкілерінде, қажет болған жағдайда ТД-2 нысанындағы қосымша парақтарда ресімдейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілейтін жағдайларда жеткізуді бақылау құжаттарының өзге нысандарын ( теміржол жүкқұжаты, жол ведомствосының куәландырылған көшірмесі, басқа да тауар-көлік құжаттары) пайдалануға жол беріледі.

ІТД 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша төрт дана болып толтырылады .

ІТД-ның күшін жою тәртібі КЖД-ның (кедендік жүк декларациясының)

күшін жою тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

11. Кепілдендірілген міндеттемелерді ресімдеу тәртібі кепілдендірілген міндеттемелерді ресімдеудің нұсқаулығында белгіленген.

12. ІКТ рәсімі бойынша тауарларды тасымалдаған кезде ІТД-ның барлық даналарына және тауар-көлік құжаттарының барлық даналарына (жүктің жүкқұжаттары, коносаменттер және тағы басқалары) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасының 2-суретінде көрсетілген мөртабан қойылады. Мөртабан ІКТ рәсімі бойынша тасымалдауды ресімдеуді жүргізген кеден органының лауазымды тұлғасының жеке нөмірі бар мөрімен және қолымен куәландырылады .

13. ІТД екінші және үшінші даналары жеткізілетін кеден органына тауармен бірге ұсыну үшін тасымалдаушыға тапсырылады, бірінші данасы - жіберуші кеден органының бақылауында қалады (бақылау парағы), төртінші данасы тауар-көлік құжаттарының көшірмелерімен бірге (шот-фактура, көліктің жүкқұжаты және басқалары) жеткізілетін кеден органына байланыстың жедел сипаттағы түрлерімен жіберіледі.

ІТД бірінші данасы реттік нөміріне сәйкес жеке папкіде сақталады. ІТД-ның барлық бірінші даналарын кеден органы бір мезгілде деректердің электрондық базасын қалыптастырумен бірге арнайы журналда тіркеуі тиіс.

14. Жіберуші кеден органына келгеннен кейін тасымалдаушы барлық қажетті құжаттарды бақылау үшін ұсынады.

15. Жіберуші кеден органының лауазымды адамы тексеру кезінде:

көлік құралдары мен контейнерлердің жүк бөліктерінің техникалық жәй-күйін тексереді;

жүк бөлімдері мен контейнерлерді тексеруді жүргізеді.

16. Қандай да бір заңсыздықты тапқан жағдайда жіберуші кеден органының лауазымды адамы кеден ережелерін бұзушылық туралы іс қозғайды.

Егер құжаттарды тексерудің және іс жүзінде бақылаудың нәтижесінде қандай да бір заңсыздықтар табылмаса, ІКТ рәсіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарлар мен көлік құралдары қозғалысының мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.

17. ІКТ рәсімі бойынша тасымалданатын тауарлар келіп түскеннен кейін тасымалдаушы бұл туралы Кеден ісі туралы заңның 165 -бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдерде тауарларды және оларға арналған құжаттарды беру арқылы жеткізілетін кеден органына хабарлайды. Жеткізілетін кеден органының тауардың жеткізіліміне бақылау жасау бөлімінің лауазымды адамы кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін лауазымды адамның жеке нөмірі бар мөрімен және қолымен куәландырылатын ІТД-нің екінші және үшінші даналарында және көлік құжаттарында жүктің кедендік декларациясының

нөмірін көрсете отырып, осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасының 3-суретінде көрсетілген мөртабанды қояды. Тауардың жеткізіліміне бақылау жасау бөлімінің лауазымды адамы байланыстың жедел арналары бойынша жіберуші кеден органына ІТД-ның рәсімі бойынша тауарларды тасымалдау аяқталғандығын хабарлайды және ІТД-ның 2-ші данасын жіберуші кеден органына жолдайды, ол қағаз сол жерде жеке мұрағат папкісінде сақталады. ІКТ рәсімі бойынша тауарларды шетелдік автокөлік құралдарымен тасымалдаған жағдайда осы автокөлік құралдарымен шетелге қайтқан кезде тасымалдаушы шекарадағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органына жеткізілген кеден органының " Тауар келіп түсті" деген мөртабанының белгісі бар ІТД-ны ұсынады. Шетелдік тасымалдаушы шетелге қайтқан кезде мұндай қағазды ұсынбаған жағдайда көлік құралы іс жүргізу үшін ұсталынады.

18. Жеткізілетін кеден органына тауарларды және кедендік құжаттарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерін тасымалдаушылардың орындауына бақылау жасауды жіберуші кеден органдары жүргізеді.

ІКТ рәсімі бойынша тауарларды ресімдеу көлік құралдарының тиісінше жабдықталуына, банктік кепілдіктерге, тиесілі соманың депозитіне немесе тауарды кедендік алып жүрудің кепілдендірілген міндеттемелеріне қатысты талаптарды қамтамасыз ету шарттарымен жүргізіледі. Кедендік алып жүруді қолдана отырып тауарларды ресімдеу тәртібі кедендік алып жүру туралы нұсқаулықта белгіленген.

19. Жеткізілетін кеден органы алынған құжаттарды тексереді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде тауарлар келіп түспеген жағдайларда байланыстың жедел арналары бойынша жіберуші кеден органына хабарлайды, жеткізілмеген тауарларды кедендік ресімдеуді қамтамасыз ету үшін жедел іс-шараларын жүргізеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тауарды алушыдан төлеуге тиесілі кедендік төлемдер мен салықтарды өндіріп алады, Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес тасымалдаушының кедендік ережелерді бұзғандығы туралы іс қозғайды.

20. ІКТ, ІТД рәсімдері бойынша тауарларды бірігіп тасымалдау кезінде ( бірнеше жүк алушылар және (немесе) жөнелтушілер болған жағдайда) әрбір жүк алушыға және (немесе) жөнелтушіге жеке құжат толтырылады. Аралық кеден органдары тауар-көлік құжаттарында және ІТД-да салынған жаңа кедендік кепілдіктер туралы белгілер соғады.

## 3. Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарларды жеткізілетін кеден органына дейін тасымалдаудың тәртібі

21. Экспорт үшін босатылған тауарлар іс жүзінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілуі тиіс. Және де олар кедендік декларация қабылданған күнгі сияқты жәй-күйде болуы тиіс, бұл ретте тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан болған өзгерістер есепке алынбайды.

22. Таңдалып алынған кедендік режимге сәйкес Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлар кедендік ресімдеуден өткен соң Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан жеткізілетін кеден органына мынадай құжаттардың негізінде жіберілуі тиіс:

таңдалып алынған кеден режиміне сәйкес ресімделген КЖД-ның 4-ші данасы және осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасындағы 1-суретте көрсетілген мөртабандар қойылған, тауармен ілесіп жүретін құжаттар. Көлік құжатының оң жақтағы жоғарғы бұрышында (СМҚ коносамент және басқалары) тауар ресімделген кедендік жүк декларациясының нөмірі көрсетіледі. Лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірі бар мөрімен бекітілген осы мөртабандар тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге жіберу үшін негіз болып табылады.

Жеткізілетін кеден органына тауар келіп түскеннен кейін тауар-көлік құжатында, сондай-ақ тауармен ілесіп жүретін құжаттарда немесе тізбеде осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасындағы 3-суретте көрсетілген мөртабан қойылады, ол ресімдеуді жүргізген кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірі бар мөрімен және қолымен бекітіледі.

23. Жеткізілетін кеден органдары Қазақстан Республикасынан іс жүзінде шығарылатын тауарлар туралы журналдар жүргізеді. Кем дегенде 10 күнде бір рет аталған кеден органдары жөнелтуші кеден органдарының бәріне іс жүзінде шығарылған тауарлар туралы мәліметтер жібереді.

24. Мәлімденген кеден режиміне сәйкес кедендік қойма режимінде, баж алынбайтын сауда дүкенінде сақталған, ұқсатылған, қайта экспортталған, Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарлар кедендік ресімдеуден соң осы Нұсқаулықтың 2-бөліміне сәйкес жеткізілетін кеден органына жіберіледі.

Мұндай жағдайларда кепілдік міндеттеме тауарды жөнелтушіге ұсынылады.

Жеткізілетін кеден органы ІКТ рәсімі бойынша тасымалдаудың тиісті түрде аяқталғандығын белгіленген мерзімде растамаған жағдайда жөнелтуші кеден органы кеден ережелерін бұзушылық туралы іс қозғайды, сондай-ақ Кеден ісі туралы заңның 140-бабына сәйкес даусыз тәртіппен төлем төлеушілердің шоттарынан төленбеген кедендік төлемдерді өндіріп алады.

25. Экспорт үшін босатылған тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге іс жүзінде әкету үшін жауапкершілік жөнелтушіге жүктеледі. Қазақстан Республикасының кедендік аумағында

тауарларға арналған меншік құқығы көшкен жағдайда Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды іс жүзінде әкету жауапкершілігі тасымалдаушы отандық адамға жүктеледі. Тасымалдаушы шетелдік адам тауарларды тасымалдаған кезде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды әкету кезінде немесе тауарларды кедендік алып жүру кезінде төленуге тиісті кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын төлеуді қамтамасыз еткен жағдайда ғана тауарларды экспорттауға жол беріледі.

## 4. Транзиттік тауарларды тасымалдаудың тәртібі

26. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауарларды транзиттік тасымалдау Кеден ісі туралы заңның 6-тарауына, кедендік мөрлермен және пломбылармен тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

27. Транзиттік тауарларды жеткізіп беруге бақылау жасаудың тәртібі осы Нұсқаулықтың 2-тарауына сәйкес жүзеге асырылады, бұл орайда Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкету аумағы арқылы жүзеге асырылатын кедендік орган жеткізілетін кедендік орган болып табылады.

## 5. Жекелеген тауарларды ресімдеудің ерекшеліктері

28. Көлемінің үлкендігіне байланысты көлік құралдарының пломбыланған жүк бөліктерінде немесе контейнерлерде тасымалдау мүмкін болмайтын тауарларды ашық көлік құралдарымен тасымалдауға болады.

29. Жүгі ауыр және көлемі үлкен тауарлар, сондай-ақ үйінді (құм, ұсақ тас және тағы басқалары) ІКТ рәсімі бойынша ашық көлік құралдарында тасымалдануы мүмкін. Мұндай жағдайда осындай тауарларды алмастыруға мүмкіндік бермейтін шаралар қабылдау қажет (тауармен ілесіп жүретін жүкқұжатарында және өзге де құжаттарда егжей-тегжейлі сипаттап жазу, тауарларға айырым белгілерін салу және тағы басқалары).

30. Мұндай тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы алып жүрген кезде кеден органдары:

осы Нұсқаулықтың 3, 4-тармақтарында баяндалған талаптардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

көлік құралының жүк бөлігінде жатқан тауарлардың тауармен ілесіп жүретін құжаттарға сәйкестігі фактілерін анықтау мақсатында тауарларға тексеру жүргізуге тиіс.

## 6. Акцизделуге жататын кейбір тауарларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

31. 4-қосымшада көрсетілген тауарларды кедендік бақылаумен жеткізуді ресімдеу төмендегідей шарттар сақталған жағдайда жүзеге асырылады, олар: көлік құралының тиісінше жабдықталуы;

кеден органының депозитіне ақшалай қаражатты енгізу түрінде кедендік баждар мен салықтарды төлеуді немесе уәкілетті банктің кепілдігін қамтамасыз ету.

32. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің сомасын депозитке енгізудің тәртібі Кеден ісі туралы заңның 138-бабына сәйкес белгіленеді.

33. Жеткізілетін кеден органдары депозитке тиесілі кедендік төлемдер мен салықтарды енгізгеннен кейін акцизделуге жататын тауарларды әкелу көзделген кеден органына жеткізілетін кеден органының депозитіне көрсетілген соманың енгізілгендігі туралы хабарлауға міндетті.

34. Жөнелтетін кеден органдарына Кепілдендірілген міндеттемелерді ресімдеу нұсқаулығына сәйкес жеткізілетін кеден органы берген кепілдік міндеттемесі ұсынылады. Кепілдік міндеттемесі "Кепілдік сомасы енгізілді" деп кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілгендігі туралы жеткізілетін кеден органының белгісі болған жағдайда ресімдеуге қабылданады, ол лауазымды адамның жеке нөмірі бар мөрімен куәландырылады.

35. Кеден органының депозитіне енгізілген ақшалай қаражатты республикалық бюджеттің кірісіне аудару кеден ережелерін бұзуға барған адамды Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес белгіленген жауапкершіліктен босатпайды.

## 7. Жол-көлік оқиғалары

36. Көлік құралдарының жүк бөліктерін немесе кедендік мөрлер мен пломбыларды бүлдіруге әкеліп соққан кездейсоқ жағдайлар жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) деп есептелінеді.

37. Көлік құралдарының жүк бөліктері немесе кедендік мөрлері мен пломбылары бүлінгендігі жөнінде тасымалдаушы өтініш айтқан жағдайда қызмет аймағында ЖКО болған кеден органы:

ЖКО мән-жайы туралы тасымалдаушыдан жазбаша түсінікті талап етуге;

ІКТ рәсімдерін сақтай отырып, тауарларды одан әрі тасымалдау мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға;

Жол-көлік оқиғасы туралы хаттама толтыруға немесе хаттаманы өкілетті

органдары толтырған жағдайда оны куәландыруға міндетті.

38. Қызмет аймағында ЖКО болған кеден органы бұл туралы байланыстың кез келген жедел арналары бойынша бір тәулік ішінде жөнелтуші кеден органына хабарлауы қажет.

39. ЖКО-дан кейін тауарлармен жүргізілетін барлық операциялар қызмет аймағында ЖКО болған кеден органының бақылауымен жүргізілуі тиіс.

Көлік құралының жүк бөлігінің немесе сәйкестендіру құралдарының бүлінгендігі жол-көлік оқиғасының салдарынан болмағандығы дәлелденген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

40. ЖКО-дан кейін тауарлар басқа көлік құралына немесе контейнерге тиеледі және ІКТ рәсімдерін сақтай отырып жеткізілетін жеріне жіберіледі, бұл орайда ІТД декларациясында көлік құралының алмастырылғандығы туралы белгі жасалады және кеден органы инспекторының жеке нөмірі бар мөрімен куәландырылады. Көлік құралының ауыстырылғандығы туралы жөнелтуші кеден органы хабардар етіледі.

## 8. Жауапкершілік

41. Кедендік органдардың бірінен екіншісіне тасымалданатын, жеткізілетін кеден органына тапсырылуы тиіс тауарлар мен құжаттарды жеткізбегендігі үшін, сондай-ақ кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдаудың кедендік ережелерін өзге де бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

42. ЖКО-ның салдарынан немесе еңсерілмейтін күштің іс-әрекетінен тауарлар біржолата қайтарымсыз жойылса немесе тиісті құжаттарды беру кезінде шетелдік мемлекет органының немесе лауазымды адамының Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңсыз іс-әрекеті салдарынан тауарлар иелігінен шығып кетсе ол адам Қазақстан Республикасының кеден органдары алдында жауапты болмайды.

Ішкі кедендік транзиттің рәсімі туралы Нұсқаулыққа 1-қосымша

## Шот-фактураларды ресімдеудің ТӘРТІБІ

1. Шот фактура кедендік мақсаттарға қажет мәліметтерді қамтиды.

2. Шот фактура жіберуші елдің тілінде толтырылу тиіс. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тіліне аудару рұқсат етіледі.

3. Шот фактура мынадай мәліметтерді қамтиды:
оны толтыру күні;
жіберушінің және алушының атауы және почталық мекен-жай;
келісім-шарт/шарттың нөмірі мен күні;
жеткізілім шарты;
СЭІӘ ТТ бойынша тауардың атауы және саны;
Жүк орындарының түрі мен саны және оларды белгілеу туралы мәліметтер;
Брутто салмақ.
4. Шот фактура тауар жіберушінің мөрімен расталады.
Ескертпе: Мәлімделінетін мәліметтер Қазақстан Республикасының кедендік органына берілетін тауарды алып жүру құжаттарында болған жағдайда шот фактура берілмеуі де мүмкін.

Ішкі кедендік транзиттің
рәсімі туралы Нұсқаулыққа
2-қосымша

**Ішкі транзит мәлімдемесін толтырудың**
**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Ішкі транзит мәлімдемесі белгіленген нысандағы кедендік жүк мәлімдемесінің бланкілерінде толтырылады.
2. Ішкі транзит құжатының мынадай бағаналары толтырылады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 25, 29, 31, 32, 33, 35, 38, 42, 46; тармақтар 2, 4, 7 бағаналар 44, 50, 53, 54, А, С, Д.
3. Бағаналарды кедендік органның лауазымды адамы немесе декларант Кедендік жүк мәлімдемесін толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта белгіленген тәртіпте толтырады.
1 "Мәлімдеме түрі" бағанасында - бірінші және екінші кіші бөлімдер толтырылмайды, ал үшінші кіші бөлімінде ІКТ көрсетіледі.
2 "Жіберуші" бағанасында - Жіберушінің атауы және толық заңды мекен-жайы көрсетіледі.
3 "Қосымша парақтар" бағанасында - қосымша парақтар қолданылса, толтырылады. Бағананың бірінші кіші бөлімінде парақтың реттік саны көрсетіледі, екіншісінде - қосымшаларды қосқанда ІКТ парақтарының жалпы саны көрсетіледі.
4 "Тиеу тізбесі" бағанасында - тауар тізілімі пайдаланған кезде толтырылады. Қосымша ретінде берілген парақтардың саны көрсетіледі.
5 "Тауарлардың атаулары бағанасында - барлығы" - мәлімделінетін партиядағы ІКТ негізгі және қосымша парақтарындағы тауарлар атауларының

жалпы саны көрсетіледі.

6 "Орындардың саны" бағанасында - тауарлардың мәлімделінетін партиясындағы орындардың жалпы саны көрсетіледі. Кедендік шекарадан құрғақ құйылатын, құйылатын, сондай-ақ ысырылатын жүктер жылжытылған кезде, бағанада "0" - көрсетіледі. Контейнерде, жәшіктерде немесе ыдыстарда жылжытылған кезде, тиісінше контейнерлердің, жәшіктердің, ыдыстардың саны - көрсетіледі.

7 "Анықтамалық нөмірі" бағанасында - мынадай сызба 11111/22334/55555 бойынша кедендік ресімдеуге ІТД-нің тіркеу нөмірі және қабылдаған күні көрсетіледі, 1 сандары - Қазақстан Республикасының кеден органының жіктегішіне сәйкес кеден ресімдеуін жүргізетін кеден органының бес белгілік сандық коды, 2 және 3 сандары - ІТД кедендік ресімдеуге қабылдаған күн мен ай, 4 саны - ағымдағы жылдың соңғы саны, 5 саны - тиісті кеден органы ресімдеген ІТД-нің (ағымдағы жылғы өсе түсіп отырған нәтиже, жыл аяқталғаннан кейін нөмірлеу қалпына келтіріледі) реттік нөмірі. ІТД-нің реттік нөмірі тауарлардың әкетілуіне немесе әкелінуіне қарамастан қайталанбауы тиіс. Қосымша парақтар қолданылған жағдайда "А" бағанасының төменгі бөлігінде, 33 бағанасының үстінде ІТД-нің негізгі парағының тіркеу нөмірі көрсетіледі. Бағана толтырылғаннан кейін ондағы мәліметтер ІТД-ні ресімдейтін инспектордың жеке нөмірі бар мөрмен куәландырылады.

8 "Алушы" бағанасында - алушының толық заңды мекен-жайы көрсетіледі. Тауарды теміржол көлігімен тасымалдаған жағдайда жеткізілетін кеден органының қызмет аймағындағы темір жол станциясының коды темір жол жүк құжатында көрсетіледі.

9 бағанада кедендік алып жүру кезіндегі актінің нөмірі және шешім көрсетіледі.

15 "Жөнелтуші ел" бағанасында - жөнелтуші ел көрсетіледі.

16 "Шығу елі" бағанасында - тауардың шыққан елі көрсетіледі.

17 "Жеткізілетін ел" бағанасында - жеткізілетін ел көрсетіледі.

18 "Жөнелту кезіндегі көлік құралы" бағанасында - бағананың сол бөлігінде көлік құралдарының саны қойылады, ашық тұрған жерден кейін Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пункті мен тауарлар тасымалданатын көлік құралы туралы мәлімет көрсетілген. Бағананың оң жақ бөлігінде әлем елдерінің жіктегішіне сәйкес көлік құралы тиесілі елдің сандық коды көрсетіледі.

21 "Шекарадағы көлік құралы" бағанасында - бағананың сол жақтағы бөлігінде көлік құралдарының саны қойылады, ашық тұрған жерден кейін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тауарларды шығаратын көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі. Бағананың оң жақ бөлігінде көлік құралы тиесілі

елдің сандық коды көрсетіледі.

22 "Валюта және тауарлардың жалпы фактуралық құны" бағанасында - оның сол бөлігінде валютаның сандық коды және шот-фактураға, сондай-ақ басқа да тауармен ілесіп жүретін құжаттарға сәйкес тауардың жалпы фактуралық құны көрсетіледі.

23 "Валюта бағамы" бағанасында - ІТД ресімдеуге қабылдаған күнгі валютаның бағамы көрсетіледі.

25 "Көлік түрінің коды" бағанасында - көлік түрінің коды көрсетіледі.

29 "Шекарадағы кеден" бағанасында - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кедендік орган және олардың құрылымдық бөлімшелері көрсетіледі.

31 "Жүк орындары және тауарларды сипаттау", "Таңбалау және саны - контейнерлер нөмірлері - тауарларды сипаттау" - тауар модельдерінің нөмірлерін , үлгілерін, көлемдерін, параметрлерін және тағы басқаларын қоса алғанда, тауарлардың атауы және олардың техникалық сипаттамасы көрсетіледі, мәлімденетін тауарларды ТН СЭҚ-та келтірілген тауарлық ұстанымдардың жалпы атауымен көрсетуге жол беріледі. Контейнерлермен тасылатын тауарлар үшін оң жақтағы жоғарғы бөлігінде контейнерлердің саны және ашық тұрған жерден кейін олардың нөмірлері көрсетіледі.

32 "N тауар" бағанасында - 31 бағанада мәлімделген тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

33 "Тауар коды" бағанасында - ТН СЭҚ бойынша тауарларды топтастыруға сәйкес тауар коды көрсетіледі. Құрылымы жағынан код ашық жерлер қалдырылмастан және өзге де айырым белгілерінсіз жазылады. ТН СЭҚ бойынша тауардың дәлме-дәл кодын анықтау мүмкін болмаған жағдайда тауардың позициясы көрсетіледі (сандық кодтың төртінші белгісінің деңгейіндегі тауардың коды).

35 "Брутто салмақ (кг)" бағанасында тауардың орамамен бірге жалпы салмағы килограммен көрсетіледі. Жалпы салмағы бір килограмнан артық тауарларға қатысты дөңгелектендіру ережесі бойынша тұтас шамаға дейін дөңгелектендіріледі.

38 "Нетто салмақ (кг)" бағанасында - тауардың орамасыз салмағы көрсетіледі.

42 "Фактуралық құны" бағанасында - шот-фактураға немесе басқа да тауармен ілесіп жүретін құжаттарға сәйкес тауарлардың фактуралық құны көрсетіледі.

44 "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар" бағанасында - реквизиттердің әрқайсысынан бастап жаңа жолдан көрсетіледі және олардың әрқайсысының алдына реттік нөмірі қойылады:

2 - көлік құжатының нөмірі,
4 - шарттың нөмірі және күні,
6 - сертификаттардың нөмірлері,
7А - шот-фактураның нөмірі және күні,
7В - кепілдік міндеттемесінің нөмірі,
7С - төлемді қамтамасыз еткенін растайтын құжаттың нөмірі және күні.

46 "Статистикалық құны" бағанасында - ІКД қабылданған күнгі бағам бойынша АҚШ долларында көрініс тапқан тауардың фактуралық құны көрсетіледі.

50 "Сенім білдіруші" бағанасында - ІКТ рәсіміне сәйкес тасымалдауға қабылданған тауарлардың тасымалдаушысы туралы мәлімет (тасымалдаушының атауы, мекен-жайы, мөртабаны, жеткізетін кедендік органға дейінгі тауарды жеткізу туралы оның міндеттемесі, аты-жөні және тасымалдаушы өкілінің қолы); жеткізілетін кедендік органға дейінгі жеткізудің мерзімі. Бағананы тасымалдаушының өкілі өз қолымен толтырады.

53 "Кеден және жеткізілетін елі" бағанасында - жеткізілетін кедендік органның атауы және коды көрсетіледі.

54 "Орны және күні" бағанасында - ІТД толтырудың орны және күні: ресімдеудің орны, ұйымның атауы көрсетіледі.

А бағанасында - жеткізу орнының мекен-жайы көрсетіледі.

С және Д бағаналарында осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасының 2 және 3 суреттеріне сәйкес көрсетілген мөртабандар қойылады және жеке нөмірі бар мөрмен бекітіледі.

Ішкі кедендік транзиттің рәсімі туралы Нұсқаулыққа
3-қосымша

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Мемлекеттіккіріс министрлігінің Кеден комитеті(Кедендік органның атауы ) |
| | ШЫҒАРУ РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ<br>Инспектор __________________<br>200__ж. "__"_______________ |

Сурет 1

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (Кедендік органның атауы) _____________ орын санында ____________ жеткізуге жатады<br>200__ж."__"_________ дейін ІТД N __<br>Инспектор __________________<br>200__ж. "__"_______________ |

Сурет 2

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті<br>(Кедендік органның атауы) |
| | ТАУАР КЕЛІП ТҮСТІ<br>Инспектор ________________<br>200__ж. "__"______________ |

Сурет 3

Ішкі кедендік транзиттің рәсімі туралы нұсқаулыққа
4-қосымша

**Оларды әкелу кезінде депозитке тиесілі кедендік төлемдер мен салықтарды салу қажет етілетін акциз салынған тауарлардың тізбесі**

| СЭҚ ТТ | Тауар атауы бойынша |
|---|---|
| 220300 | Солодалық сыра |
| 2204 | Табиғи жүзімдік шараптар, күшейтілгендерді қосқанда, жүзім суслосы, 2009 тауар позициясында көрсетілгенді қоспағанда |
| 2205 | Вермуттар және Табиғи жүзімдік шараптар және өсімдік немесе хош иісті экстракт-қоспалар қосылған басқалар |
| 220600 | Басқа ашытылған сусындар (алма сидрі, перри (алмұрт сидрі), бал сусыны), ашытылған сусындардан және қоспалар және басқа жерлерде көрсетілмеген ашытылған сусындар мен алкоголдік емес сусындардан қоспалар |
| 2207 | Этил спирті денатуралландырылмаған, спирт концентрациясы кемінде 80 айн.%, этил спирті және басқа денатуралландырылмаған кез келген түрдегі спирттер |
| 2208 | Этил спирті денатуралландырылмаған, спирт концентрациясы кемінде 80 айн.%, спирт тұнбасы, ликерлер және басқа да спирт сусындары |

| | |
|---|---|
| 2402<br>240290000 | Темекі, шеті үзілген темекі, сигариллалар (жіңішке темекі) және табактан жасалатын темекі қоспағанда |
| 240310 | Кез келген пропорцияда темекінің ауыстырушылары қосылған немесе қосылмаған шегу темекісі |

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпанда

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен
бекітілді

# Кедендік брокерлердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялардың есебін жүргізудің және ол бойынша есептіліктің Ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 556 қаулысымен бекітілген Кедендік брокер туралы ережеге сәйкес әзірленді және кедендік брокердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларының есебін жүргізудің және олар бойынша есептіліктің тәртібін айқындайды.

2. Кедендік брокердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі барлық операциялары (бұдан әрі - операциялар) не оның кеден ісі саласындағы басқа да делдалдық функцияларды орындауы жазбаша және электронды нысандарда міндетті түрде есебін жүргізуге жатады.

3. Операциялардың есебін жүргізуді кедендік брокер мен (немесе) оның филиалдары жүзеге асырады.

## 2. Кедендік брокерлердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларының есебін жүргізудің тәртібі

4. Есеп жүргізу жүйесіне:

1) кедендік бақылауға жататын және кедендік брокер белгілеген нысан бойынша ресімделген тауарлармен және көлік құралдарымен операциялардың есеп кітабы (1-қосымша);

2) оны білдіретін тұлғалар белгіленген нысан бойынша жасаған шарттардың тізілім кітабы (2-қосымша) кіруі тиіс.

5. Операциялардың есебін жүргізу кітабы мен жасалған шарттардың тізілім кітабы бір күнтізбелік жылға арналып жүргізіледі. Кітап алдын ала брошюраланған, тігілген және нөмірленген болуы тиіс.

Операциялардың есеп кітабы мен жасалған шарттардың тізілім кітабына кедендік брокер мен (немесе) оның филиалы қызмет аймағына орналасқан кеден органының бастығы немесе оны алмастыратын адам қол қояды, одан кейін оларды кеден органының мөрімен растайды.

6. Кедендік брокер соңғы жазбаны енгізгеннен кейін көрсетілген кітаптар кеден органына тексеруге беріледі. Тексеру аяқталғаннан кейін кітаптар кедендік брокерге қайтарылады және белгіленген мерзім (11-тармақ) бойы оларда сақталады.

Кітаптарды тексергеннен кейін қосымша жазбалар немесе түзетулер енгізуге жол берілмейді.

7. Операциялардың есеп кітабы мен жасалған шарттардың тізілім кітабы олардың алғашқы талап етуі бойынша кеден органының уәкілетті лауазымды адамдарына ұсынылуы тиіс.

## 3. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялар туралы есептіліктің тәртібі

8. Кедендік брокер мен (немесе) оның филиалы тоқсан сайын тоқсан аяқталғаннан кейінгі 30 күннен кешіктірмей есепті кезең ішіндегі барлық операциялар туралы қорытылған есепті кедендік брокердің қызметін бақылауды жүзеге асыратын кеден органына ұсынуға міндетті.

9. Мұндай операциялардың есептіліктің тиісті нысанына сәйкес жасалған есебіне (3-қосымша) кедендік брокердің және (немесе) оның филиалының басшысы, бас бухгалтер қол қояды және мөрмен расталады.

10. Кедендік брокер өз қызметін өзінің құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырған жағдайда кедендік брокер заңды мекен-жайына сәйкес қызмет аймағында тіркелген кеден органына өзінің барлық құрылымдық бөлімшелерінің операциялары бойынша жиынтық есеп береді.

11. Кедендік брокер өзінің қызметін жүзеге асыруға байланысты құжаттарды оның ішінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі соңғы

операция жасалған, кеден ісі саласындағы басқа да делдалдық функциялар орындалған не операциялардың есеп кітабы мен жасалған шарттардың тізілім кітабында соңғы жазба жасалған жыл аяқталғаннан кейін есептелетін бес жыл бойы сақтауы тиіс.

Кедендік брокерлердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялардың есебін жүргізудің және ол бойынша есептіліктің Ережесіне
1-қосымша

**Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялардың есеп кітабы**

| N р/с | Кеден органы | Жіберушінің (алушының) атауы | ЖКД-ның N | Кедендік режимнің коды және кедендік брокермен шарттың нөмірі | Статистикалық құны | Есептелінді, мың теңге | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Кедендік алымдар | Кедендік баж | Акциздер | ҚҚС (ЖКД-ның түрі) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Таблицаның жалғасы

| Кейінге қалдырылғаны үшін пайыз | Кешіктіргені үшін үстемақы | Әкімшілік айыппұл | Оның ішінде шартты түрде | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кедендік алым | Кедендік баж | Акциз | ҚҚС |

| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
|---|---|---|---|---|---|---|

Кедендік брокерлердің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялардың есебін жүргізудің және ол бойынша есептіліктің Ережесіне
2-қосымша

**Жасалған шарттардың тізім кітабы**

| N р/с | Ұйымдардың атауы | Шарттың нөмірі | Жасалған күні | Қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Ескерту:
Шарттың нөмірі мынадай тұрғыда қалыптастырылады:
xxxxxxx/xxxx/xxxx -
xxxxxxx - кедендік брокер лицензиясының нөмірі;
xxxx - күнтізбелік жыл;
xxxx - шарттың реттік нөмірі.

Кеден брокерінің тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларының есебін жүргізудің және ол бойынша есептіліктің тәртібіне
3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 160 бұйрығымен .

**________ жылдың _________ тоқсаны ішіндегі тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі операциялар туралы есеп**

| Кедендік режимнің коды (ЖКД түрі) | ЖКД саны | Статистикалық құны | Есептелгені мың, теңге | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кедендік алымдар | Кедендік баждар | Акциздік | ҚҚС | Кейінге қалдырғаны үшін пайыз | Кешіктіргені үшін өсімақы | Әкімшілік айыппұл |

таблицаның жалғасы

| Есептелгені мың, теңге | | | | Өз қызметінің аясын шектеу кезінде толтырылады | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оның ішінде шартты түрде | | | | | |
| Кедендік алымдар | Кедендік баждар | Акциздер | ҚҚС | ТМД СЭҚ ТН сәйкес тауарлардың тобы | Тауарлар тасымалданатын көліктің түрі |

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 15 ақпанда

Бекітілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен

## Жүксіз шетелдік автокөлік құралдарын әкелуді куәландыруды ресімдеудің Тәртібі

1. Тасымалдық шетел автокөлік құралдарын әкелу Куәлігін ресімдеудің осы Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кірген кезде тасымалдық шетел автокөлік құралдарын әкелу куәлігін ресімдеудің тәртібін анықтайды.

2. Қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы әкелім куәлігі Қазақстан Республикасындағы әкелім орындарынан тиеу орындарына баратын шетелдік иегерлердің атына тіркелген тасымалдық автокөлік құралдарына (бұдан әрі - көлік құралдары), сондай-ақ Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасайтын көлік құралдарына ресімделеді.

3. Көлік құралын Қазақстан Республикасына әкелу орнында орналасқан Қазақстан Республикасының кедендік органы әкелім куәлігін екі данада ресімдейді (біріншісі көлік құралының иегеріне немесе оның өкіліне беріледі, екіншісі - кедендік органда қалады) және кедендік органның елтаңба мөрімен, сондай-ақ осы кедендік органның лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады.

4. Қазақстан Республикасының Кедендік органы көлік құралының мүмкіншілігін, ең жоғарғы мерзімдік мөлшері бір айға шаққанда екі мың шақырым есебінен жасалатын белгіленген жол бағытын ескере отырып, көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағында болуының мерзімін белгілейді.

5. Тасымалдық шетел автокөлік құралын әкелу куәліктерін тіркеу көлік құралын тіркеу кітабында "Тауардың атауы" графасында жүргізіледі.

6. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына шығатын кезде, шығу жерінде орналасқан Қазақстан Республикасының кедендік органына төмендегі құжаттар көрсетілуі тиіс: ішкі кедендік мәлімдеменің (ХЖТ кітапшасы) үшінші данасы бар, тауардың келіп түсуі туралы кедендік органның белгілері қойылған жеткізілім растау куәлігі.

7. Тасымалдаушы осындай құжаттарды көрсетпеген жағдайда, анықтау жұмысын жүргізу үшін көлік құралы тоқтатылады.

8. Тауар ретінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жылжытылатын көлік құралдарына әкелім куәлігі ресімделмейді. Мұндай жағдайларда Ішкі кедендік транзит рәсімі туралы нұсқаулық қолданылады.

9. Тасымалдық шетел автокөлік құралдарын әкелу куәлігі қатаң есеп берудің парағы болып табылады және ол түпнұсқалық қағазда жасалады.

Тасымалдық шетел автокөлік құралдарын әкелу куәлігін ресімдеудің Ережелеріне қосымша

**Көлік құралын әкелу жөніндегі**
**КУӘЛІК**

______________________________________________________________

______________

(кедендік органның атауы)

маркасы, моделі______________ТС (С, тіркеме) санаттағы шығу жылы_________________ қозғалтқыш N ______________________________________шасси N ____________________________________________________кузов N _______________________________________________тіркеу белгісі эксплуатация мерзімі________________(жыл) және жүрген көрсеткіші ___________(км) қозғалтқыштың көлемі___________________куб. см көлік құралының Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінгендігі расталады иегер туралы мәлімет __________________________

______________________________________

(Иегердің немесе оның өкілінің

_____________________________________________________________

аты-жөні, тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі)

_____________________________________________________________

Кедендік органның белгілері___________________________________

(уақытша әкелімнің мерзімі

_____________________________________________________________,

сондай-ақ тіркелу, басқа тұлғаларға пайдалану және иелену үшін беру құқығына кедендік органмен салынған шектеу көрсетіледі)

Қазақстан Республикасының аумағына шығу орны __________________

_____________________________________________________________

Көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген болу мерзімдерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес жауапкершілік туындайды.

200__ж. "___"___________

(қол және кедендік органның лауазымды адамының ЛНП мөртабаны)

*Куәлікті алдым* _________________________

*(Көлік құралы иегерінің немесе оның өкілінің қолы)* ___________________

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 15 ақпанда

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен бекітілді

**Тауарлардың кедендік бақылаумен әкелінетіндігін растау туралы куәлікті ресімдеудің Тәртібі**

1. Тауарлардың кедендік бақылаумен әкелінетіндігін растау туралы куәлікті ресімдеу жөніндегі осы Тәртіп (бұдан әрі - Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 165-бабына сәйкес әзірленді және Кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуді растау туралы куәліктің балнкілерін қосымшада белгіленген нысанда ресімдеу тәртібін анықтайды.

2. Жіберілімнің кедендік органының уәкілетті лауазымды адамы Кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуді растау туралы куәлікті (бұдан әрі - Куәлік) автомобиль көлігімен тасымалданатын тауарлар жеткізілім орнына келгеннен кейін, тасымалдаушыға немесе оның өкіліне ішкі кедендік мәлімдеменің (бұдан әрі - ІКМ) үшінші данасымен, ХЖТ кітапшасымен (ХЖТ жөніндегі конвенция , 1975 жыл) бірге, тауарлардың келіп түсуі туралы белгілер жасай отырып береді және де ол жіберілімнің кедендік органының елтаңба мөрімен, сондай-ақ жіберілімнің кедендік органының уәкілетті лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады.

3. Куәлік үш дана болып толтырылады:

Куәліктің бірінші данасы тасымалдаушыға немесе оның өкіліне осы Тәртіптің 2-тармағына сәйкес беріледі;

екінші дана жеткізілімді бақылау құжатының екінші парағымен бірге немесе ХЖТ кітапшасының N 2 жұлып алынатын парағымен бірге кедендік органның Тауар жеткізілімін бақылау бөліміне беріледі;

үшінші дана жіберілімнің кедендік органында қалады және кедендік жүк мәлімдемесімен бірге, сондай-ақ/немесе жеткізілген тауарларға қатысты басқа да құжаттармен бірге сақталады.

Куәлікке төмендегідей нысандағы тіркеу нөмірі беріледі: 00000/111111, онда 00000 - Қазақстан Республикасының кедендік органдарының жіктеушісіне сәйкес жіберілімнің кедендік органының коды, 111111 - тіркеу кітабы бойынша Куәліктің реттік нөмірі.

4. Жіберілімнің кедендік органдары Куәліктерді тіркеу кітабында тіркейді.

5. Шетелдік тасымалдаушылардың атына тіркелген және олар арқылы кедендік бақылаумен тауарлар жеткізілген көлік құралдары шығатын орындарда орналасқан кедендік органдар ондай тасымалдаушылардың қолында Куәліктің болуын және ІКМ-нің үшінші данасының немесе жіберілімнің кедендік органдарының тауарлардың түсуі туралы белгілері қойылған ХЖТ кітапшасының, немесе тасымалдық көлік құралын әкелу туралы Куәліктің

болуын тексереді.

Мұндай құжаттарды тасымалдаушы көрсетпеген жағдайда, көлік құралы анықтау жұмысын жүргізу үшін тоқтатылады.

6. Кедендік бақылаумен тауарлар жеткізілімі кезінде кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу кедендік органның депозитіне ақшалай қаражат салу немесе банк кепілдемесін беру түрінде қамтамасыз етілген жағдайда, ақшалай қаражат төлеушіге қайтарылуы тиіс, тиісінше Куәлік пен ІКМ-нің үшінші данасы немесе жіберілімнің кедендік органының тауарлар түсуі туралы белгілерімен ХЖТ-тың кітапшасы көрсетіле отырып, банк кепілдемесі де өтелді деп есептеледі.

7. Кедендік бақылаумен тауар жеткізілімін растау туралы куәлік қатаң есеп берудің парағы болып табылады және ол түпнұсқалық қағазда жасалады.

Тауарлардың кедендік
бақылаумен әкелінетіндігін
растау туралы куәлікті
ресімдеудің Тәртібіне
қосымша

**Кедендік бақылаумен тауар жеткізілімін растау туралы**
**КУӘЛІК**

200_жылғы "___"________ N_______

_______________________________________________________________

жіберілімнің кедендік органы

ДКД бойынша (ХЖТ кітапшасы) N________________________,көрсету арқылы

_______________________________________________________________

кедендік органда тіркелген

_______________________________________N___________________________,

(кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді растайтын құжат көрсетіледі)

кедендік бақылаумен жүргізілетін тауарларды тасымалдауды аяқтады.

Аталған құжат
200_жылғы "___"________

Мөр орны

_______________________________________________________________

*Куәлікті берген лауазымды адамның қолы аты-жөні*

Келісілді Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

Мемлекеттік кіріс министрі Кеден комитетінің 2001 жылғы 15 ақпандағы
2001 жылғы 15 ақпанда N 51 бұйрығымен бекітілді

## Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау және жіберу тәртібі жөніндегі нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау және жіберу тәртібі жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын пайдалана отырып жүктерді халықаралық тасымалдау жөніндегі кеден тұжырымдамасына ( бұдан әрі - ХЖТ) сәйкес әзірленді және кеден мөрлері мен пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау және жіберу шарттарын айқындайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай мәндегі ұғымдар пайдаланылады:

көлік құралдары - тауарларды тасымалдауға пайдаланылатын кез-келген құралдар, соның ішінде:

теңіз және өзен кемелері (баржалар, лихтерлер және басқа да жүзетін құралдарды қоса алғанда);

әуе кемелері (ұшақ, тікұшақ және басқа да ұшатын аппараттарды қоса алғанда);

жол көлік құралдары (тіркемелер және жартылай тіркемелерді қоса алғанда);

темір жол жылжымалы құрамы (вагондар, цистерналар);

контейнерлер - (клетка, түсіргіш цистерна немесе басқа да ұқсас бейімдеу);

оларға тауарлардың орналастыруға арналған толық немесе ішінара жабық ыдыс сияқты;

өзгертілген сипаты бар және осыған қарай бірнеше рет пайдалану үшін қызмет ете ала алатын берік;

тауарлармен жүк операциясын, көбінесе тауарларды бір көліктен екінші көлікке тиеуді жеңілдету үшін, тауарларды бір немесе бірнеше көлік түрлерімен аралықсыз тасымалдауды жеңілдету үшін арнайы жобаланған;

оны жеңіл тиеуге және түсіруге мүмкін болатын түрде жобаланған;

бір куб метрден аз емес ішкі көлемі бар көлік құралдары.

Көлік құралдары, көлік құралдарының керек-жарақтары және босалқы

бөлшектері, хаттама және табандықтары контейнерлерге жатпайды. "Түсіретін шанақ" контейнер ретінде саналады.

Қазақстандық көлік құралдары (контейнерлер):

Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралдары;

меншіктенушісі немесе иесі Қазақстан Республикасында (тұрақты тұрады) болып табылатын қандай да болмасын мемлекетте тіркелмеген көлік құралдары;

меншіктенушісі немесе иесі Қазақстан Республикасында (тұрақты тұрады) болып табылатын контейнерлер;

шетел көлік құралдары (контейнерлер) - барлық өзге де көлік құралдары (контейнерлер).

3. Егер Қазақстан Республикасының кеден органында тасымалдаушы болмаса оның көлік құралы (контейнері) Қазақстан Республикасы кеден заңдарының, өзгелей Қазақстан Республикасы заңдарының ережелерін және орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтауға кепілдік бере алмайтынын болжам негізі болған жағдайларда, кеден органы транзиттің кеден режиміндегі тауарларын орналастыруға жол беруге немесе жабдықтауға жататын көлік құралдарының (контейнердің) шарты кезінде ғана мақсатты кеден органына дейін кеден бақылауындағы тауарларды жеткізуге рұқсат беруге құқылы.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары болмаса Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) айқындайтын жағдайларда, тауарларды халықаралық тасымалдау үшін пайдаланылатын кез-келген көлік құралдары (контейнерлер) жабдықталғанға жатуы қажет.

5. Жабдықталғанға жататын көлік құралдары (контейнерлер) көлік құралдары, жүк бөлімшелері немесе тиісті:

тауарларды мөрленген жүк бөлімшелерінен (мөрленген контейнер бөлігінен) алынбауы немесе бұзудың көзге көрінетін іздерін қалдырмай немесе кеден мөрлері мен пломбыларын зақымдамай онда кіре алмауы;

кеден мөрлері мен пломбылары жай және сенімді тәсілмен салынуы;

оларда тауарларды жасыру үшін ешқандай құпия орындардың болмауы;

барлық тауар орналаса алатын орын кедендік тексермелеу үшін жеңіл болуы үшін осылайша құрастырылған және жабдықталған контейнер болып түсіндіріледі.

6. Осы Нұсқаулықтың 5-тармағының ережелерін орындау үшін көлік құралдары жүк бөлімшелерінің конструкциясы (контейнерлер конструкциясы) осы Нұсқаулықта белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келуі қажет.

7. Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін жіберілген көлік құралдарын (контейнерлерді) тексеру процесінде көлік

құралдары немесе контейнерлер мөрленген жүк бөлімшесінен тауарлар алуға мүмкіндік беретін мейлінше бұзылғандық анықталған немесе бұзғанда көзге көрінетін іздер қалдырмауына және кеден мөрлері мен пломбыларын зақымдауына кедергі жасау жағдайларын есептемегенде, осы Нұсқаулықта белгіленген техникалық талаптарға тиісті ретінде қаралады.

8. Көлік құралдары (темір жол жылжымалы құрамынан басқа) жеке тәртіпте;

конструкция үлгісі бойынша (көлік құралдарының сериясы) кеден мөрлері және пломбылары бар жүктерді тасымалдау үшін жіберілуі мүмкін.

9. Темір жол жылжымалы құрамы және контейнерлер:

өндіріс сатысында конструкция үлгісі бойынша (өндіріс сатысына жіберу);

қандай-да келесі кезеңде жеке тәртіпте немесе темір жол жылжымалы құрамы мен бір және сол үлгідегі контейнерлердің айқындалған партиялар бірлігі ( дайындағаннан кейін қандай да кезең) кеден мөрлері және пломбылары бар жүктерді тасымалдау үшін жіберілуі мүмкін.

10. Жеке тәртіпте көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу, сондай-ақ темір жол жылжымалы құрамы мен бір және сол үлгідегі контейнерлердің айқындалған партиялар бірлігін жіберуді көлік құралдары немесе контейнерлер меншіктенушісі немесе иесі орналасқан (тұрақты тұратын) қызмет аймағындағы кеден органы жүргізеді. Конструкция үлгісі бойынша көлік құралдарын ( контейнерлерді) жіберу көлік құралдарын немесе контейнерлерді дайындаушы орналасқан қызмет аймағындағы кеден жүргізеді.

11. Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдауға жіберілген көлік құралдарына (темір жол жылжымалы құрамын қоспағанда) жіберу туралы Куәлікпен ілесіп жүруі керек.

Осы Нұсқаулықтың 11-бөліміне сәйкес кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдауға жіберілген контейнерлерге және темір жол жылжымалы құрамына жіберу туралы тақта бекітілуі қажет.

12. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдарын (контейнерлерді) кедендік ресімдеудің алдын ала операциясын жіберу болып табылады.

13. Қазақстан Республикасының кеден органына жіберілген жол көлік құралдары (контейнерлер) 1959 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы мемлекеттер және 1975 жылғы ХЖТ тұжырымдамасы арасындағы кедендік мөрлері мен пломбылары бар тауарларды халықаралық тасымалдау кезінде әкелім елінде қосымша жіберуді қажет етпейді. 1975 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы мемлекеттер тізбесі осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасында келтірілген. 1975 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы болмаған 1959 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы мемлекеттер тізбесі осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасында келтірілген.

Конструкция үлгісі бойынша Қазақстан Республикасының кеден органы жіберген жол көлік құралдары 1975 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы болып табылатын мемлекетте бұл көлік құралдарын экспорттау кезінде әкелім еліне қосымша жіберуде қажет етпейді.

Кеден комитеті осы Нұсқаулықтың 7 және 8-қосымшаларында келтірілген мемлекеттер тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жазбаша хабарлайды.

14. Көлік құралына (контейнерге) қатысты меншіктену және иелену құқығы басқа тұлғаға өтуі кезінде жіберу туралы куәлік күшін сақтап қалады.

15. Мүдделі тұлғаның өтініші бойынша кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды бір рет тасымалдауға көлік құралдарын (контейнерлерді) бір жолғы жіберу жүргізіледі. Мұндай жіберуді кеден бақылауындағы көлік құралдарын транзиттеу немесе жеткізудің кедендік режиміндегі көлік құралдары (контейнерлер) мен тауарларды орналастыруға рұқсат беретін кеден органы жүргізеді.

## 2. Көлік құралдарының жүк бөлімшелерін конструкциялауға техникалық талаптар

16. Көлік құралдары жүк бөлімшелерінің конструкциясы мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:

жүк бөлімінің құрамдық элементтері (қабырға, еден, есік, шатыр, баған, белдік, басқа да элементтер және тағы басқалар) сыртынан алынып тасталмайтын және көрінетін іздер қалдырмастан орнына қайта қоятын икемдеуші тәсіл көмегімен болмаса көрінетін белгілерді қалдырмастан өзгертілуі мүмкін емес осындай конструкцияны қамтамасыз ететін тәсілдердің көмегімен қосылуы қажет. Егер қабырғалар, едендер, есіктер және шатыр әртүрлі элементтерден әзірленсе олар сол талаптарға жауап беруі және керегінше мықты болуы керек;

есіктер және басқа да жабу жүйелері (бекітілген бұрандалар, қақпақтар, фланцылар және тағы басқалар) оларға кеден мөрі мен пломбысын салуға болатын икемді тәсілі болуы қажет. Бұл икемдеу сырттан ашуға және көрінетін белгілер қалдырмастан орнына қайта қоюға болмайтындай және есік пен жабылатын құрылғылар кеден мөрі мен пломбысын зақымдамай ашылмайтындай болуы қажет. Кеден мөрі және пломбысы тиісті үлгіде қорғалуы қажет. Ашылатын шатыр (люктер) жасауға рұқсат беріледі;

желдеткіш және дренаждық тесік жүк бөлімшелері ішіндегі мүмкіндікке бөгет болатын құрылғылар жабдықтауы қажет. Бұл құрылғы сырттан ашуға және көрінетін іздер қалдырмайтын орынға қайта қоюға болмайтын осындай конструкция болуы қажет.

17. Практикалық пікір бойынша ашық кеңістікке (мысалы, екі қабатты қабырғалардың құрамдас бөліктерінің арасы) қосылуы тиіс жүк бөлімшелерінің құрамдас элементтерінің болуына рұқсат етіледі. Ол үшін, бұл кеңістікті қажетті тауарлар жасыру мақсатында пайдалануға болмайды:

ішкі жиектеу жүк бөлімшесі еденінен төбеге дейін оның барлық биіктігін жапқан жағдайларда ғана немесе кеңістік жиектеу мен ішкі қабырға арасы толықтай жабық жағдайларда ғана, көрінетін іздер қалдырмайтын жерге түсіру және қайтаруға болмайтын бейнеде ішкі жиектеу берік болуын қамтамасыз ету;

ішкі жиектеу жүк бөлімшесі еденінен төбеге дейін оның барлық биіктігін жаппаған жағдайларда ғана немесе кеңістік жиектеу мен ішкі қабырға арасы толықтай жабылмаған жағдайларда ғана және жүк бөлімшесі конструкциясының кеңістігі ашық болған барлық жағдайларда, минимумға дейін және бұл кеңістік кедендік бақылау үшін жеңіл болуы мүмкіндігі үшін көрсетілген кеңістіктер шектелгені санын қамтамасыз ету.

18. Терезелерді жасауға олар жеткілікті берік материалдардан жасалған және сыртынан ашылып көрінетін іздер қалдырмай қайта орнатуға болмайтын кезде рұқсат беріледі. Оларға әйнек орнатуға болады, бірақ бұл жағдайда терезе сыртынан алынуға келмейтін темір тормен бекітілуі керек: тордағы ұялардың көлемі 10 мм-ден аспауы керек.

Мынадай майлау, қызмет көрсету, құм толтырып қою сияқты техникалық мақсаттарда еденге жасалған тесіктерге, сондай-ақ темір жолдың жылжымалы құрамын түсіруге арналған құрылғыларға оларда жүк бөліміне сырттан кіру мүмкін болмайтын қақпақтармен жабдықталған кезде ғана рұқсат етіледі.

## 3. Брезентпен жабылған көлік құралдарының жүк бөлімдері конструкцияларына техникалық талаптар

19. 2-тараудың талаптары (осы Нұсқаулықтың 18-тармағынан басқа) брезентпен жабылған көлік құралдарының жүк бөлімдеріне оларға қандай шара қолданылатын болса, тура сол шаралар таратылады. Бұдан басқа, осы көлік құралдары осы тараудың талаптарына жауап беруі керек.

20. Брезент берік кенептен болмаса созылмайтын әжептәуір берік пластмассамен жабылған немесе резеңке сияқты матадан әзірленуі керек. Брезент дұрыс жағдайда және жабу үшін икемдеуді бекіткеннен кейін көрінетін іздерді қалдырмай жүк бөліміне бару мүмкін еместей болып әзірленуі керек.

21. Егер брезент бірнеше құрақтардан жасалған болса, осы құрақтардың шеттері бір-біріне жапсарланып және бір-бірінен кем дегенде 15 мм қашықтықта екі жолдық тігіспен тігілуі керек. Бұл тігістер осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасында көрсетілгендей жасалуы керек. Дегенмен, егер брезенттің кейбір

бөліктерінде (мысалы, жабылмалы етегінде және күшейтілген бұрыштарында) жолақтарды аталған тәсілмен қосу мүмкін болмаса, брезенттің жоғарғы бөлігінің етегін қайырып осы Нұсқаулықтың 2 және 3 қосымшаларында көрсетілгендей жолақтар тігілсе жеткілікті. Тігістердің бірі іш жағынан ғана көрінуі керек және жіптің түсі, сондай-ақ басқа тігіс үшін пайдаланылатын жіптің түсі брезенттің өзінің түсінен едәуір ерекшеленіп тұруы керек. Барлық тігістер механикалық жолмен тігілуі керек.

22. Егер брезент пластмассамен жабылған маталардың бірнеше құрақтарынан жасалса, бұл құрақтар да осы Нұсқаулықтың 4 қосымшасында көрсетілгендей жапсыру жолымен қосылуы мүмкін. Әрбір құрақтың шеті келесі құрақтың шетін кем дегенде 15 мм-ге жауып тұруы керек. Құрақтардың қосылуы бүкіл ені бойынша қамтамасыз етілуі керек. Қосылымның сыртқы шеті жапсырылудың сол тәсілімен қосылатын ені кем дегенде 7 мм болатын пластмасса жолақпен жабылуы керек. Осы жолақта, сондай-ақ оның әрбір жағынан ені кем дегенде 3 мм болатын біртектес анық бедермен мөр таңбалануы керек. Жапсырылу құрақтар алынбайтындай және көрінетін із қалдырмай қайта қосуға келмейтіндей жүргізілуі керек.

23. Жөндеу осы Нұсқаулықтың 5 қосымшасында көрсетілген тәсілмен жүргізіледі. Тігілетін шеттері бір-біріне қайырылуы және бір-бірінен кем дегенде 15 мм қашықтықтағы, ішінен көрінетін, сыртынан көрінетін жіптің түсінен және брезенттің өзінің түсінен айырықшалануы керек, барлық тігістер механикалық жолмен тігілуі керек. Шеттері бүлінген брезент бүлінген бөліктерді жамап ауыстыру жолымен жөнделген жағдайда, тігіс 12-тармаққа және осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасына сәйкес тігіледі. Пластмассамен жабылған матадан жасалған брезентті жөндеу осы Нұсқаулықтың 13-тармағында жазылған тәсілге сәйкес жүргізіледі, бірақ бұл жағдайда жолақ брезенттің екі жағынан да жапсырылады, ал жамау іш жағынан қойылады.

24. Брезент көлік құралына тура осы Нұсқаулықтың 4-тармағының бірінші және екінші абзацтарында айтылған талаптарға сәйкес бекітілуі керек. Бекітудің мынадай түрлерін қолдану көзделеді:

көлік құралына бекітілетін металл сақиналар;

брезенттің шеттеріндегі құлақшалар;

брезенттің үстінен сақина арқылы өтетін және ұзындығы бойынша ішкі бетінен көрінетін жіп немесе арқан.

Брезент көлік құралының қатты бөлігінен көлік құралдарының конструкциялық жүйесі жүк бөліміне кіруді өзінен-өзі кедергі жасайтын жағдайлардан басқа, ені кем дегенде 250 мм болатын ортасынан бастап өлшенген бекіту сақинасын табуы керек.

Егер көлік құралдары брезенттерінің шетіне жабық бекітулер қамтамасыз

етілуі қажет болса, қосылым үздіксіз және бекітетін детальдар көмегімен жүзеге асырылады.

25. Брезент тиісті конструкцияға сүйенуі керек (баған, белдіктер, ұзыншала және т.б.).

26. Сақиналардың арасындағы қашықтық және құлақшалардың арасындағы қашықтық 200 мм-ден аспауы керек. Құлақшалар қатты болуы керек.

27. Бекітудің мынадай түрлері қолданылуы керек:

диаметрі 3 мм-ден кем емес болат арқан; немесе

созылмай мөлдір пластмасса бетіне кіргізілген, диаметрі 8 мм-ден кем емес кендірден жасалған жіп.

Арқандар созылмайтын мөлдір пластмасса бетіне енгізілуі мүмкін.

28. Әрбір арқан немесе жіп бір бөліктен тұруы және екі шетінде де металл ұштық болуы керек. Әрбір металл ұштаманы бекіту үшін икемделген тәсіл арқан немесе жіп арқылы өтетін және кеден мөрлері мен пломбалары үшін шыбық немесе лента тартылған қуыс бекіткіш қосылуы керек. Арқан немесе жіп олардың осы Нұсқаулықтың 6 қосымшасына сәйкес бір бөліктен тұратындығына нақты көз жеткізу үшін қуыс бекіткіштің екі жағынан көрсетіп қалдырылуы керек.

29. Брезентте тиеу және түсіру үшін пайдаланылатын терезелері бар орындарда екі шеті де тиісінше жабылуы керек. Олар да осылар сияқты мыналардың көмегімен бекітілуі керек:

осы Нұсқаулықтың 21 және 22-тармақтарының ережелеріне сәйкес тігілген немесе бекітілген көтермелі етегінің;

осы Нұсқаулықтың 26-тармағының шарттарына жауап беретін сақиналар және құлақшалардың;

сақина арқылы өтетін және брезенттің екі шеті мен көтермелі етегін қосатын, ені 20 мм-ден кем емес және қалыңдығы 3 мм-ден кем емес тиісті созылмайтын материалдардың бір бөлігінен әзірленген қайыс; қайыс брезенттің ішкі бетіне бекітіледі және осы Нұсқаулықтың 27-тармағында ескерілген арқанды немесе жіпті өткізу үшін құлақшасы болуы керек.

Егер жүк бөліміне көрінетін із қалдырмай кіру бөгеті болатын арнайы құрылғы болса (қорғаныс бөгеті және т.с.с.) көтермелі етегінің керегі жоқ.

## 4. Контейнерлердің конструкцияларына техникалық талаптар

30. Контейнерлердің конструкциялары (брезентпен жабылған контейнерлерді қоса алғанда) осы тарауда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 2 және 3 тарауларында баяндалған талаптарға сәйкес болуы керек

.

31. Егер контейнер құрамының элементтерінде қуыс кеңістіктер (осы Нұсқаулықтың 17-тармағы) болса, онда:

контейнердің ішкі қапталуы оны алуға және көрінетін іздер қалдырмай орнына қайтаруға келмейтіндей болып құрылуы керек;

қуыс кеңістіктердің саны ең аз санға дейін шектелуі керек және осы кеңістіктер кеден бақылауы үшін баруға жеңіл болуы керек.

32. Брезенттегі терезелер мен қуыстағы тесіктерден (осы Нұсқаулықтың 18-тармағы) басқа терезенің болуына жол берілмейді.

33. Жиналмалы және таратылмалы контейнерлер осы Нұсқаулықтың 30-32-тармақтарындағы талаптарға жауап беруі керек. Бұдан басқа, осындай контейнерлердің контейнерлерді жинағаннан кейін әртүрлі бөліктерін бекітетін икемді тәсілдері болуы керек. Осы бекітетін икемді тәсілдер, егер олар жиналған контейнердің сыртқы жағына орналасса, оларға кеден мөрлері мен пломбаларын қоюға болатындай конструкцияда болуы керек.

34. Контейнерде болуы тиіс түстеп тану белгілері және жіберу туралы тақталар брезентпен жабылмауы керек.

## 5. Қазақстандық көлік құралдарын (жылжымалы темір жол құрамынан басқа) жеке тәртіппен жіберу

35. Көлік құралдарын жіберуі туралы куәлік алу үшін оны меншіктенуші немесе иесі тиісті кеден органына жіберу туралы шешім қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін көлік құралының түрі, оның шыққан және жеке белгілері, мемлекеттік тіркелген нөмірі, өзге де деректер көрсетілген жазбаша өтініш береді. Өтініш ерікті нысанда жазылады.

36. Өтінішке көлік құралының сызбасы, суреті және толық сипатталған конструкциясы, сондай-ақ меншік, толық шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе көлік құралына қатысты иемдену құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

37. Өтінішті оны алған күннен бастауыш 10 күн ішінде кеден органы қарайды. Көрсетілген мерзімдерде кеден органы ұсынылған көлік құралын осы Нұсқаулықтың 2-4 тармақтарында көзделген техникалық талаптарына сәйкестігін тексереді.

38. Егер көлік құралы белгіленген техникалық талаптарға сәйкес болса, кеден органы жіберу туралы куәлік береді.

## 6. Қазақстандық көлік құралдарын (жылжымалы темір жол құрамынан басқа) конструкциялық (көлік құралдарының сериялары) түрі бойынша жіберу

39. Егер конструкцияның бір түріндегі көлік құралдары сериялы әзірленсе, әзірлеуші-кәсіпорын қызмет аймағында орналасқан кеден органына конструкциялық түрі бойынша осындай көлік құралдарын жіберу туралы ерікті нысандағы жазбаша өтінішпен жүгінуі мүмкін.

40. Өтініште жіберуге жататын көлік құралының түріне әзірлеуші кәсіпорын беретін көлік құралының түрі оның шығу белгілері және оны түстеп тану сандары мен әріптері көрсетіледі.

41. Өтінішке жіберілуге жататын көлік құралының сызбасы, суреті және толық сипатталған конструкциясы қоса беріледі.

42. Әзірлеуші-кәсіпорын өтінішпен бірге ерікті нысандағы жазбаша міндеттеме береді:

кеден органына кеден органы ниет жасаған түрдегі көлік құралын ұсынуға;

кеден органына осы түрдегі көлік құралдарының сериялық шығарылымы барысында кез-келген сәтте басқа да даналарын қарауға жағдай жасау;

кеден органын сызбалар мен конструкциялық сипаттамалардағы кез-келген өзгерістер туралы осы өзгерістер жүргізілгенге дейін хабарлау;

көлік құралының көрінетін жеріне конструкцияның түстеп тану сандарын және әріптерін, сондай-ақ осы түрдегі әрбір сериялы шығарылатын көлік құралының реттік нөмірін (зауыт нөмірін) салу;

жіберілген түрге сәйкес әзірленген көлік құралдарының есебін жүргізу.

43. Кеден органы қажет болған жағдайда жіберу мақсатында конструкцияның көрсетілген түріне өзгерістер ұсынады.

44. Егер кеден органы көлік құралдарының осы түрі бойынша әзірленген бір немесе бірнеше көлік құралдарын қарау нәтижесінде осы түрдегі көлік құралдары осы Нұсқаулықтың 2-4 тарауларымен көзделген техникалық талаптарға сәйкестігі қорытындысына келмесе, конструкция түрі бойынша жіберу тәртібіне сәйкес бірде-бір көлік құралының жіберілуі мүмкін емес.

45. Кеден органы өндіруші-кәсіпорынды конструкция типі бойынша көлік құралдарын жіберілуі жөнінде өз шешімін жазбаша үлгіде хабарлайды. Шешім еркін үлгіде дайындалады және кеден органының атауы көрсетілуі керек, оны қабылдаған, конструкция типінің таңбаланған (танушы) саны мен әріптері болуы керек, күні, нөмірі және кеден мөрімен расталуы керек.

46. Конструкция типі бойынша көлік құралдарының жіберілуі бойынша шешім қабылдаған кеден органы, конструкция типі бойынша рұқсат етіліп

сәйкестігінше дайындалған әр көлік құралының жіберілуі туралы куәлік береді.

47. Конструкция типі бойынша жасалған көлік құралының жіберілуі туралы куәлікті беру ережесі, өндіруші-кәсіпорын ойын ескеріп кеден органымен анықталады.

Жіберілуі туралы куәлікте көрсетілуі тиіс мәліметтер болмаған жағдайда, мұндай мәліметтер аталған куәлікке, кеден бақылауымен тауарларды тасымалдауға рұқсат беретін алғашқы кеден органымен енгізіледі.

48. Көлік құралдарының есебінің үлгісі, рұқсат етілген типі сәйкестігінде дайындалған кеден органымен келісуімен өндіруші-кәсіпорын анықтайды.

## 7. Қазақстандық көлік құралдарының жіберілуі туралы куәлік (темір жол құрамынан басқа)

49. Жіберілуі туралы куәлік екі данада дайындалады, оның біреуі кеден органында қалады, ал екіншісі меншік иесіне немесе көлік құралының иесіне немесе өндіруші-кәсіпорынға.

Жіберілуі туралы куәліктің үлгісі нақты Нұсқаулықтың 10 қосымшада (А және Б үлгісі) келтірілген. Жіберілуі туралы куәлік бланкісі қазақ және ағылшын тілдерінде қазақ тіліндегі мәтінінің астына сәйкес (А үлгісі) ағылшын тіліндегі мәтінін орналасуымен дайындалады.

50. Жіберілуі туралы куәлікке реттік нөмір беріледі. Куәлікті берген кеден органы мөрімен расталады.

51. Егер жіберілуі туралы куәлікті берген кеден органы, оны қажет деп санаса , куәлікке осы кеден органымен расталған фотосурет немесе суреттер қосылады. Мұндай жағдайда бұл құжаттардың саны куәліктің 6-бөлімінде көрсетіледі.

52. Жол көлік құралының жіберілуі туралы куәліктің беткі жағында "1975 жылғы 14 карашадағы ХЖТ тұжырымдамасы" "TIR Convention of 14 November 1975" қосымша басылуы керек.

53. Конструкция типі бойынша рұқсат етілген көлік құралдарын өндіруші-кәсіпорынмен басқа тұлғаға берілгенінен кейін куәліктің 8-тармағында кеден бақылауында тауарларды тасымалдауға рұқсат беретін алғашқы кеденмен осы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

## 8. Қазақстандық көлік құралдарын жіберу шарттарының сақталуын бақылау (темір жол құрамынан басқа)

54. Жіберілуі туралы куәлік көлік құралына қызмет ету керек.

Кедендік мөр мен пломбаларымен бекітілген тауарларды тасымалдауға жіберілген көлік құралдарының меншік иелері және иелері берілген куәліктердің сақталуына міндетті.

55. Қызмет ету аймағында орналасқан (үнемі тұратын) көлік құралының меншік иесі немесе иесі көлік құралдарын екі жыл сайын тексеруге және куәліктің жаңартылуына кеден органына берілуі керек.

56. Кеден органымен көлік құралдарын және тауарларды орналастыруға рұқсат берілгенде, кеден режимінде транзит немесе көлік құралдарын және тауарларды әкелу, кеден бақылауымен осы органның қызметкерлері жіберілуі туралы куәліктің бар екендігін тексереді, ондағы көрсетілген мәліметтердің растығын, сондай-ақ әр көлік құралының жабдықтар жайында Нұсқаулықпен көзделген техникалық талаптарына сәйкестігінің жалғасуына көз жеткізу үшін байқау жүргізеді.

57. Егер көлік құралдары нақты Нұсқаулықтың 2-4-бөлімдерімен көзделген техникалық талаптарға сәйкес болмаса, кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға пайдаланбас бұрын көлік құралы жіберілу шарттарын қанағаттандыратын жағдайға келтірілуі тиіс.

58. Егер көлік құралының негізгі мінездемелері өзгерсе, мұндай көлік құралының жіберілуі өз күшін жоғалтады және мұндай көлік құралы кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауда қолданбас бұрын жаңа рұқсатқа жіберілуге тиіс

Мұндай жағдайда жіберілуі туралы куәлік сызылып және бас әріптермен " ҚАЙТАРЫЛДЫ" жазу жасалып қайтарылады. Сондай-ақ қайтарылған күні және кеден органының қызмет иесінің аты-жөні көрсетіледі. Қайтарылу туралы жазба көрсетілген қызмет иесінің жеке нөмірлі мөрімен және қолымен расталады.

59. Егер кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға жіберілген көлік құралында, қандай да болмасын кеден органы ақаулар табатын болса, ол кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға жіберілген көлік құралының әрі жүруіне рұқсат бермеуге немесе мұндай көлік құралының әрі қарай жүруіне қажетті кеден бақылауына шаралар қолданып рұқсат беруі мүмкін. Рұқсат етілген көлік құралы мүмкіндігінше аз уақытта керекті жағдайға келтірілуі керек және оның кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға жаңадан пайдалануына дейін.

Көлік құралының әрі қарай жылжуына кеден органымен жіберілмеген жағдайда, мұндай көлік құралдарының тұрып қалған кезіндегі шығындар кеден органдарымен орын толтырылмайды.

60. Ақаулар жайында көлік құралының жіберілуі туралы Куәліктің 10 бағанына кеден органы сәйкес белгілер жасайды. Рұқсат ету шарттарын қанағаттандыратын жағдайға көлік құралының жөндеуін жүргізгеннен кейін, ол кеден органына көрсетілуі тиіс, алдыңғы жасалған белгіні қайтаратын 11 тарауда куәліктің қызметін жалғастыратын белгі енгізеді. Өз куәлігінің 10 тармағында ақаулары жөнінде белгісі бар ешқандайда көлік құралы, сәйкесінше жөндеу

жүргізіліп және 10 тармағындағы белгі жойылмайынша кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға жіберілмейді.

61. Рұқсат ету туралы Куәлікке енгізілген әр белгі кеден органының қызмет иесінің жеке нөмірленген мөрімен, оны енгізген күнін көрсетуімен расталады.

62. Егер көлік құралы кеден органының қызмет иесінің ойынша күрделі емес осындай ақаулары бар болса, онда кеден органы мұндай көлік құралының кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды тасымалдауға келешекте пайдалануына рұқсат береді. Рұқсат ету туралы Куәліктің иесі осы ақаулар бойынша хабардар етіледі және сәйкес түрде мұндай көлік құралдарының ойға сиымды уақыт аралығында жөндеу жүргізуін қамтамасыз ету керек, бірақ та кедендік мөрленген және пломбаланған тауарларды жаңа тасымалдауына дейін.

## 9. Конструкция типі бойынша қазақстандық жылжымалы құрамын және контейнерлер рұқсаты (өндіріс сатысында)

63. Егер темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер конструкцияның біркелкі типі сериялы түрде жасалса, қызмет ету аймағында орналасқан кеден органына өндіруші-кәсіпорын, оларды конструкция типі бойынша жіберілуі жөнінде еркін үлгіде жазбаша арыз беруі мүмкін.

64. Арызда жіберілуге тиіс темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлерде қойылатын біртекті сандар немесе әріп көрсетіледі.

65. Арызға сызулар, фотосуреттер және жіберілуге тиіс темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер типінің толық жазылған қосымша тіркеледі.

66. Өндіруші-кәсіпорын арызымен бірге еркін үлгіде жазбаша міндеттеме береді:

кеден органына берілген типтің темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлердің кеден органы карауына қалаған бірлігін беру;

берілген типтің темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлерінің сериялық өндіруінің кез келген уақытта кеден органынан басқа даналарын көруіне мүмкіншілік жасау;

кеден органын конструкциялық сызбаларда және жазбаларда кез келген өзгерістерді енгізбес бұрын хабардар ету;

темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлердің көрінетін жерлерге конструкцияның типтік сандары мен әріптерді, сондай-ақ берілген типтің темір жол жылжымалы құрамы немесе әр контейнердің сериялық реттік номерін ( зауыттық номерін) басу;

берілген типке сәйкес жасалған темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлердің есебін жүргізу.

67. Көзделген конструкцияның типіне рұқсат ету мақсатында кеден органы қажет болған жағдайда өзгерістер ұсынады.

68. Темір жол жылжымалы құрамының бірде бір бірлігі және бірде бір контейнер контейнер типі бойынша рұқсат тәртіпке сәйкес жіберілмеуі мүмкін, егер кеден органы шешімге келмесе бір немесе бірнеше осы типте дайындалған темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлерді тексеру барысында, темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер нақты Нұсқаулықтың 2-4-бөлімдерімен көзделген техникалық талаптарға сәйкес.

69. Темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер қандай да бір типінің жіберілуі, арыз берген кәсіпорынға нақты Нұсқаулықтың 11 қосымшасына сәйкес үлгідегі рұқсат ету туралы куәлік беріледі.

Рұқсат ету туралы куәлік екі данада толтырылады, оның біреуі кеден органында қалады, ал екіншісі өндіруші-кәсіпорынға беріледі. Рұқсат ету туралы куәлікке реттік нөмір беріледі. Куәлік берген кеден органының мөрімен расталады.

Рұқсат ету туралы куәлік конструкцияның рұқсат етілген типіне сәйкес жасалатын барлық темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер бірлігіне жарамды болады. Бұл куәлік өндіруші-кәсіпорынға берілген типтің темір жол жылжымалы құрамының әр сериялық дайындалған бірлігіне және әр сериялық дайындалған контейнерге нақты Нұсқаулықтың 11 бөлімімен көзделген рұқсат ету таңбасын бекітуге құқық береді.

70. Рұқсат етілген типке сәйкес жасалған темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер есебінің үлгісі өндіруші-кәсіпорынмен кеден органымен келісілгеннен кейін белгіленеді.

## 10. Қазақстандық темір жол жылжымалы құрамын және контейнерлерді жасалғаннан кейін қай кезеңде болмасын жіберілуі

71. Егер жіберілу өндіру барысында жасалмаса, меншік иесі немесе темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлер иесі өзінің қызмет ету аймағында ( үнемі тұратын) кеден органына темір жол жылжымалы құрамы немесе контейнерлерді жіберілуіне жазбаша түрде хабарласуы мүмкін.

72. Жіберу туралы өтініш ерікті түрде жасалады және жылжымалы құрамның рет нөмірі (зауыт нөмірі) әрбір бірлікке дайындаушы кәсіпорынның келтіретін және әрбір контейнерге, жылжымалы теміржол құрамының немесе контейнерлердің реттік белгілері, жіберу туралы шешім қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де деректер болуы керек.

73. Өтінішке жылжымалы теміржол құрамының немесе контейнерлер

конструкцияларының сызбалары, фотосуреттері және және толық суреттеуі, сондай-ақ меншік, толық шаруашылық жүргізу, жылжымалы теміржол құрамының немесе контейнерлерге қатысты басқару немесе иелену құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

74. Өтінішті кеден органы оны алған күннен бастап 10 күн ішінде қарайды. Аталған мерзімдерде кеден органы осы Нұсқаулықтың 2-4-бөлімдерімен көзделген техникалық талаптарға сәйкестігіне ұсынылған жылжымалы теміржол құрамын немесе контейнерлерді тексереді.

75. Егер кеден органы техникалық талаптарға жылжымалы теміржол құрамының немесе контейнерлердің сәйкестігін куәландырса, ол осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберу туралы куәлікті береді.

76. Жіберу туралы куәлік екі данада ресімделеді, оның біреуі кеден органында, екіншісі өтініш берушіде қалдырылады. Куәлікке рет нөмірі беріледі. Куәлік оны берген кеден органының мөрімен куәландырылады.

77. Жіберу туралы куәлік жіберілген жылжымалы теміржол құрамы немесе контейнерлер бірлігінің саны үшін ғана жарамды болып табылады.

78. Жіберу туралы куәлікке жылжымалы теміржол құрамына немесе контейнерлерге дайындаушы кәсіпорын берген рет нөмірі (зауыт нөмірі) көрсетілуі тиіс.

Аталған куәлік осы Нұсқаулықтың 11-бөлімімен көзделген жіберу туралы табличканы әрбір жіберілген контейнерге және әрбір жіберілген жылжымалы теміржол құрамының бірлігіне бекітуге өтініш берушіге құқық береді.

## 11. Жылжымалы теміржол құрамы мен контейнерлерді жіберу туралы тақта

79. Жылжымалы теміржол құрамын немесе контейнерлерді пайдаланумен бірге кеден бақылауында орналасқан тауарларды тасымалдауға кірісер алдында жіберу туралы куәлікті ұстаушы әрбір жіберілген контейнерге және жіберілген әрбір жылжымалы теміржол құрамына жіберу туралы табличканы қоса бекітуі тиіс.

80. Жіберу туралы табличка ресми мақсаттарда берілетін табличканың екінші жағымен бірге жақсы көрінетін екінші жағына мықты бекітілуі тиіс.

81. Осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (А және Б нысаны) жіберу туралы табличка 10 см-ге 20 см-нан кем емес мөлшердегі металл пластинкасы болады. Оның үстіңгі бетінде төмендегі орыс, сондай-ақ ағылшын немесе француз тілдеріндегі жазбалар басылуы бедермен бедерленуі немесе анық және дәл енгізілуі тиіс:

жазба "КЕДЕН МӨРЛЕРІ ЖӘНЕ ПЛОМБАЛАРЫМЕН ТАСЫМАЛДАУ ҮШІН ЖІБЕРІЛДІ, сондай-ақ ағылшын тілінде "APPROVED FOR TRANSPORT UNDER CUSTOMS SEAL" немесе француз тілінде - "AGREE POUR LE TRANSPORT SOUS SCELLEMENT DOUANIER";

жіберу елі атауы толықтай - "Қазақстан", сондай-ақ ағылшын тілінде - " KAZAKHSTAN" немесе француз тілінде "KAZAKHSTAN", немесе "KZ" - айыру белгісіндегі түрде, жіберу туралы куәлік және жіберілу жылы. Жіберу туралы табличка үшін жіберу туралы куәлік нөмірі мынадай жолмен қалыптастырылады: алғашқы бес сан - куәлікті берген кеден органының коды, алғашқы бесеуден бөлінген, одан кейінгі сандар - куәліктің рет нөмірі. Мысалы, "KZ/50200-8/00" Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы 2000 жылы берген N 8 жіберу туралы куәлік "Қазақстанды" білдіреді;

оларға дайындаушы кәсіпорын берген жылжымалы теміржол құрамын немесе контейнерлер бірлігінің рет нөмірі (зауыт нөмірі);

егер жылжымалы теміржол құрамы немесе контейнер конструкция тұрпаты бойынша жіберілсе, табличкаға жылжымалы теміржол құрамы немесе контейнер осы түрдегі айыру сандарын немесе әріптерін де енгізуі тиіс.

## 12. Қазақстандық жылжымалы теміржол құрамдары мен контейнерлерді жіберу шарттарын сақтауға бақылау

82. Кеден органының кеден бақылауындағы тауарлар және жылжымалы теміржол құрамын (контейнерлер) жеткізуге немесе транзиттің кеден режиміне тауарлар және жылжымалы теміржол құрамын (контейнерлер) орналастыруға рұқсатты беруі кезінде осы органның лауазымды тұлғалары онда көрсетілген деректердің растығына, жіберу туралы табличканың бар-жоқтығын тексереді, сондай-ақ жылжымалы теміржол құрамы мен контейнерлердің осы Нұсқаулықтың 2-4-бөлімдерімен көзделген техникалық талаптарға сәйкестігін жалғастыратынына көздері жету үшін қарауды өткізеді.

83. Егер жылжымалы теміржол құрамының немесе контейнердің бірлігі осы Нұсқаулықтың 2-4-бөлімдерінде көзделген техникалық талаптарға енді сәйкес келмесе, онда кеден мөрлері мен пломбаларының тауарларды тасымалдау үшін пайдалануға болардың алдында жылжымалы теміржол құрамының бұл бірлігі немесе бұл контейнер талап шарттарын қанағаттандыратын жағдайға келтірілуі тиіс.

84. Если основные характеристики единицы железнодорожного подвижного состава или контейнера изменены, то допущение этой единицы железнодорожного подвижного состава или этого контейнера теряет силу и они подлежат новому допущению, прежде чем их можно будет использовать для

перевозки товаров под таможенными печатями и пломбами.

РҚАО-ның ескертуі: 84-тармақтың қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

85. Егер кеден мөрлері және пломбаларымен тауарлар тасымалданатын жіберілген жылжымалы теміржол құрамдарында немесе контейнерлерде қандай да бір кеден органы ақаулар тапса, ол кеден мөрлері мен пломбаларын тауарларды тасымалдау мақсатымен осындай жылжымалы теміржол құрамдарының немесе контейнерлердің одан кейінгі жүруіне тыйым сала немесе кеден бақылауын қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдап осындай жылжымалы теміржол құрамдарының немесе контейнерлердің одан кейінгі жүруіне рұқсат ете алады. Жіберілген жылжымалы теміржол құрамдары және контейнерлер кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдау үшін оларды жаңадан пайдалануға дейін келтірілуі тиіс.

Одан кейінгі жүруге жылжымалы теміржол құрамдарын немесе контейнерлерді кеден органының жібермеуі жағдайында осындай көлік құралдарының тоқтап тұруы нәтижесінде туындаған залалдарды кеден органдары өтемейді.

## 13. Шетелдік көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу

86. Қазақстан Республикасының кеден органдары жол көлік құралын тіркеуді мемлекеттің құзыретті органы берген жіберу туралы куәлікті және жол көлік құралын жіберуді, ал егер 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясын немесе 1959 жылғы ХЖТ Конвенциясына қатысушы болып табылған аталған мемлекеттер жағдайында оның иесі немесе меншік иесі орналасқан (тұрақты тұратын) мемлекеттің құзыретті органы тіркемеген көлік құралы жарамды деп танылады.

87. Қазақстан Республикасының кеден органдары 9-қосымшаға сәйкес 1972 жылғы Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі Халықаралық конвенцияға қатысушы немесе 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясы не 1959 жылғы ХЖТ Конвенциясының қатысушысы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы берген жіберу туралы куәлік және контейнерді жіберу қызметін таниды.

88. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының мүдделеріне біраз зиян келтіретін кеден ісі немесе кеден ережелерін бұзу саласындағы контрабанда және өзге де қылмыстарды жасау үшін мүмкіндіктер тудыратын ақаулар табылған жағдайда 1972 жылғы Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі Халықаралық конвенцияға немесе 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясы не 1959 жылғы ХЖТ Конвенциясының қатысушысы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы жүргізген жол көлік құралдарын және контейнерлерді жіберу қызметін танымауға құқылы.

89. Осы Нұсқаулықтың 88-тармағында көрсетілген жағдайда осы Нұсқаулықтың 85-тармағымен немесе 60 және 61-тармақтарына сәйкес көзделген шаралар қабылдануы мүмкін.

90. Жол көлік құралдарының және контейнерлердің ақауларының жоқтығына көз жеткізу үшін, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 86 және 87-тармақтарында көзделген Конвенция қызметі осындай көлік құралдары мен контейнерлерге таралатына кеден бақылауындағы тауарлар мен көлік құралдарын ( контейнерлерді) жеткізуге немесе транзиттің кеден режиміндегі тауарлар мен көлік құралдарына (контейнерлерді) орналасуға рұқсат ететін Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасы контейнерді жіберу туралы табличканы немесе жол көлік құралдарын жіберу туралы куәліктің бар-жоқтығын, онда көрсетілген деректердің растығын тексереді, сондай-ақ жол көлік құралдары мен контейнерлерді қарап-тексеруді жүргізеді.

91. 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясына және 1959 жылғы ХЖТ Конвенциясына сәйкес осы Конвенцияның қатысушы мемлекеттеріне жіберілген жол көлік құралдары осы көлік құралдарының иесі немесе меншік иесінің орналасқан ( тұрақты тұратын) мемлекетте - тіркелмеген көлік құралдары емес, оларды тіркеу мемлекетіндегі жіберу туралы куәлікті жаңғырту үшін қажеттілік жағдайында тексеріс үшін әрбір екі жылда ұсынады.

92. Кеден бақылауында орналасқан тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау үшін өзге шетелдік көлік құралдарын ( контейнерлерді) жіберу егер көлік құралдарын жабдықтау жөніндегі Нұсқаулықта көзделген техникалық талаптарға олардың сәйкес келетіндігін әрбір көлік құралы немесе контейнерді тексеру нәтижесінде тұжырымға келсе Қазақстан Республикасының кеден органы жүргізеді.

93. Осы Нұсқаулықтың 92-тармағында көрсетілген шетелдік көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу бір жолғы болып табылады және кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын (контейнерлерді) жеткізуге немесе транзиттік кеден режиміндегі тауарлар мен көлік құралдарын (контейнерлерді) орналастыруға рұқсат ететін Қазақстан Республикасының кеден органы жүргізеді .

## 14. Кеден бақылауында орналасқан тауарларды тасымалдау кезінде көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберуді кедендік ресімдеу

94. Қазақстандық көлік құралдарына (контейнерлерге), сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 86 және 87-тармақтарында көрсетілген шетелдік жол көлік құралдары мен контейнерлерге тексеріс жүргізуден кейін кеден органының лауазымды тұлғасы кеден жүк декларациясы "Сенімгер" 50-бағанына немесе "

Жабдықтау ережелеріне сәйкес келеді" жеткізу бақылау құжатына жазба енгізеді. Жазба аталған лауазымды тұлғаның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

95. Кеден бақылауында орналасқан тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау үшін өзге де шетелдік көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберуден кейін, сондай-ақ қазақстандық көлік құралдарын (контейнерлерді) бір жолғы жіберу кезінде кеден органының лауазымды тұлғасы "Сенімгер" 50-бағанына немесе "Бір жолғы жіберу" жеткізу бақылау құжатына жазба енгізеді. Жазба аталған лауазымды тұлғаның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 1-қосымша

## ТІГІС ӘДІСІМЕН ҚОСЫЛҒАН МАТАНЫҢ ЖЫРТЫСТАРЫНАН, ЖАСАЛҒАН БРЕЗЕНТ

Ескерту: Нұсқауға 1-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 2-қосымша

## ТІГІС ӘДІСІМЕН ҚОСЫЛҒАН МАТАНЫҢ ЖЫРТЫСТАРЫНАН, ЖАСАЛҒАН БРЕЗЕНТ

Ескерту: Нұсқауға 2-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
3-қосымша

## ТІГІС ӘДІСІМЕН ҚОСЫЛҒАН МАТАНЫҢ ЖЫРТЫСТАРЫНАН, ЖАСАЛҒАН БРЕЗЕНТ

Ескерту: Нұсқауға 3-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
4-қосымша

## ТІГІС ӘДІСІМЕН ҚОСЫЛҒАН МАТАНЫҢ ЖЫРТЫСТАРЫНАН, ЖАСАЛҒАН БРЕЗЕНТ

Ескерту: Нұсқауға 4-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
5-қосымша

## БРЕЗЕНТТІ ЖӨНДЕУ

Ескерту: Нұсқауға 5-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 6-қосымша

## Ұшықтың үлгісі

Ескерту: Нұсқауға 6-қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 7-қосымша

## 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясының қатысушы мемлекеттерінің ТІЗБЕСІ

| | | |
|---|---|---|
| Австрия | Испания | Словакия |
| Әзербайжан | Италия | Словения |
| Албания | Қазақстан | АҚШ |
| Алжир | Канада | Тәжікстан |
| Армения | Кипр | Тунис |
| Ауғанстан | Кувейт | Түркіменстан |
| Беларусь | Қырғызстан | Түркия |
| Бельгия | Латвия | Украина |
| Болгария | Ливан | Өзбекстан |
| Босния - Герцеговина | Литва | Уругвай |

Ұлы Британия | Люксембург | Финляндия
Венгрия | Македония | Франция
Германия | Мальта | Хорватия
Греция | Марокко | Чили
Грузия | Молдова | Чехия
Дания | Нидерланды | Швейцария
Европалық экономикалық қауымдастық | Норвегия | Швеция
Польша | Эстония
Израиль | Португалия | Югославия
Индонезия | Корей Республикасы
Иордания | Ресей Федерациясы
Иран | Румыния
Ирландия | Сирия

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
8-қосымша

**1975 жылғы ХЖТ Конвенциясына қатысушы болмаған**
**1959 жылғы ХЖТ Конвенциясының қатысушы мемлекеттерінің**
**ТІЗБЕСІ**

Жапония

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
9-қосымша

**1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кедендік Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің**
**ТІЗБЕСІ**

Австралия
Австрия
Алжир
Беларусь
Болгария
Венгрия
(Герман Демократиялық Республикасы)
Греция
Индонезия
Испания
Канада
Қытай
Куба
Марокко
Мексика
Жаңа Зеландия
Польша
Корей Республикасы
Ресей Федерациясы
Румыния
Словакия
Америка Құрама Штаттары
Тринидад және Тобаго
Түркия
Украина
Финляндия
Чехия
Швейцария

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік

құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 10-қосымша

А нысан

**Көлік құралын жіберу туралы куәліктің мұқабасы**

| | |
|---|---|
| *Назар аударыңыз*<br>1. Егер жіберу туралы куәлікті бергенкеден органы қажет деп тапса, куәлікке осы кеден органымен куәландырылған фотосуреттер немесе суреттер ұсынылады. Мұндай жағдайда бұл құжаттардың саны куәліктің N 6 бағанында көрсетіледі.<br>2. Куәлік көлік құралына ілесілуі керек.<br>3. Көлік құралы әрбір екі жылда қызмет аймағында (тұрақты тұратын) көлік құралының меншіктенушісі немесе иесі бар кеден органына тексеру және куәліктерді жаңарту үшін ұсынылады.<br>4. Егер көлік құралы бұдан әрі белгіленген талаптарға жауап бермесе, онда, оны тауарларды кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдау үшін пайдаланудан бұрын, көлік құралдары жіберу шарттарын қанағаттандыратын қалыпқа келтірілуі қажет. Көлік құралдарын аталған қалыпқа келтірумен байланысты шығындар кеден органдарымен өтелмейді.<br>5. Егер көлік құралының негізгі сипаттамасы өзгерген болса, онда, бұл көлік құралдарының жіберілу күші жойылады және оны тауарларды кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдау үшін пайдаланудан бұрын, ол жаңа жіберілуге жатады. | Тауарларды кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдау үшін көлік құралдарын жіберу туралы куәлік<br>N____куәлік<br>_______________берілді<br>(Қазақстан Республикасы кеден органының атауы) |

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік

құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
10-қосымша (жалғасы)

А нысан (Оң жағы)

---

N _______________

Идентификация жіберу туралы куәлік ______________________

______________________________________________________

1. Мемлекеттік тіркеу нөмірі
2. Көлік құралының түрі
3. Зауыт нөмірі (жол көлік құралы үшін шассидің нөмірі)
4. Тауарлық белгі (немесе дайындаушы-кәсіпорынның атауы)
5. Өзге де деректер
6. Қосымшалар саны

---

7. Жіберу Дейін жарамды
__ Жеке жіберілуі
__ Құрылымдық типі бойынша жіберілді
(тиісті торда шаршылап белгі қойыңыз)

Орны
Күні

Қолы Мөр

---

8. Көлік құралының меншіктенушісі, иесі
Атауы және мекен-жайы

---

9. Ұзартылуы

---

Дейін жарамды

---

Кеден органының атауы

---

Күні

---

Қолы

---

---

**Мұқабадағы сілтемені қара**
**(Сол жағы )**

Ескертпелер
(кеден органдарымен,
ал Қазақстан Республикасынан
тысқары жерлерде - құзыретті
органдармен толтырылады)

---

10. Байқалған ақаулықтар — 11. Жойылған ақаулықтар

---

Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр — Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр

___________________________ ___________________________

Қолы — Қолы

---

10. Байқалған ақаулықтар — 11. Жойылған ақаулықтар

---

Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр — Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр

---

10. Байқалған ақаулықтар — 11. Жойылған ақаулықтар

---

Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр — Кедендік немесе өзге құзыретті орган — Мөр

___________________________ ___________________________

Қолы — Қолы

---

12. Өзге де ескертпелер

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға
11-қосымша

**Конструкция тұрпаты бойынша жылжымалы теміржол құрамын/контейнерлерді жіберу туралы куәлік**

1. Куәлік нөмірі ( * ) _______________________________________

2. Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналып пайдаланылуы мүмкін осы тұрпатқа сәйкес дайындалған жылжымалы теміржол құрамы/контейнерлер және төменде суреттелген жылжымалы теміржол құрамы/контейнерлер тұрпаты жіберілгені куәландырылады.

3. Жылжымалы теміржол құрамының/контейнерлердің түрі _______________ _______________________________________________________

4. Тану сандары немесе конструкция тұрпатының әріптері _________________ _____________________________________________________

5. Сызбалардың тану белгілері________________________________

6. Конструкцияны сипаттаудың тану нөмірі____________________

7. Ыдыстың салмағы_____________________________________

8. См-гі сыртқы мөлшерлері_______________________________

9. Конструкцияның негізгі сипаттамасы (материалдардың түрлері, конструкцияның сипаты және т.б)_________________________ _________(дайындаушы кәсіпорынның атауы мен мекен-жайы)_________ ___________________________________________________________________ ___________________________________________________________________ ___________________________________________________________________

10. Осы куәлік жоғарыда көрсетілген сызбалармен және конструкцияны суреттеумен сәйкес дайындалған барлық жылжымалы теміржол құрамы/барлық контейнерлер үшін жарамды.

11. Олардың әр бірлігіне дайындалған жылжымалы теміржол құрамының/оларға жіберілген тұрпаттағы әрбір дайындалған контейнерді жіберу туралы тақтаны бекітуге рұқсат етілгенге берілді_____________________________________________________________ ___________________________________________________________________

_________________200_______

(орны) (күні)

_______________________________________________________________________

*(куәлікті берген кеден органы)*

*(қолы, мөрі)*

Сілтеме. Жіберу туралы тақтаға қойылатын сандар көрсетіледі (кеден органының алты белгілі коды - куәліктің рет нөмірі)

Конструкция тұрпаты бойынша жылжымалы теміржол құрамын/контейнерлерді жіберу туралы куәліктің екінші жағы

Н а з а р   с а л ы ң ы з :

1. Егер теміржол құрамының/контейнердің бірлігі белгіленген техникалық талаптарға енді сәйкес келмесе, кеден мөрлері мен пломбаларына тауарларды тасымалдау үшін оларды пайдаланар алдында жылжымалы теміржол құрамының бұл бірлігі немесе бұл контейнер жіберу шарттарын қанағаттандыруға сәйкес к е л т і р і л у і   т и і с .

2. Егер жылжымалы теміржол құрамы/контейнер бірлігінің негізгі сипаттамасы өзгертілсе, онда жылжымалы теміржол құрамының бұл бірлігі/бұл контейнер күшін жояды және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған пайдаланар алдында олар жаңа жіберуге жатады.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 12-қосымша

**Дайындаудан кейінгі қандай-да бір кезеңде берілген жылжымалы теміржол құрамын/контейнерлерді жіберу туралы куәлік**

1. Куәлік нөмірі ( * ) ___________________________________________

2. Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған төменде аталған теміржол құрамы/контейнерлер тұрпаты жіберілгені куәландырылады.

3. Жылжымалы теміржол құрамының/контейнерлердің түрі________
_______________________________________________________________

4. Рет нөмірлері_______________________________________________

5. Ыдыстың салмағы____________________________________________

6. См-гі сыртқы мөлшерлері______________________________________

7. Конструкцияның негізгі сипаттамасы (материалдардың түрлері, конструкцияның сипаты және т.б)__________________________
_______________________________________________________________

8. Жоғарыда аталған жылжымалы теміржол құрамы бірлігіне/ контейнерлерге жіберу туралы тақтаны бекітуге рұқсат етілгенге берілді________________________________________________________________

(дайындаушы кәсіпорынның атауы мен мекен-жайы)

_________________________________________________________________________

_________________200_ ______

(орны) (күні)

_________________________________________________________________________

(*куәлікті берген кеден органы)*

__________________________

(қолы, мөрі)

Сілтеме . Жіберу туралы тақтаға қойылатын сандар көрсетіледі (кеден органының алты белгілі коды - куәліктің рет нөмірі)

Дайындалғаннан кейінгі қандай-да бір кезеңде жылжымалы теміржол құрамын/контейнерлерді жіберу туралы куәліктің екінші жағы

Назар салыңыз:

1. Егер теміржол құрамының/контейнердің бірлігі белгіленген техникалық талаптарға енді сәйкес келмесе, кеден мөрлері мен пломбаларына тауарларды тасымалдау үшін оларды пайдаланар алдында жылжымалы теміржол құрамының бұл бірлігі немесе бұл контейнер жіберу шарттарын қанағаттандыруға сәйкес келтірілуі тиіс.

2. Егер жылжымалы теміржол құрамы/контейнер бірлігінің негізгі сипаттамасы өзгертілсе, онда жылжымалы теміржол құрамының бұл бірлігі/бұл контейнер күшін жояды және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған пайдаланар алдында олар жаңа жіберуге жатады.

Кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібі және кеден мөрлері мен пломбаларындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау жөніндегі Нұсқауға 13-қосымша

**Жылжымалы теміржол құрамын/контейнерлерді жіберу туралы тақта**

------------------200 см----------------
----------------------------------------
| | Кеден мөрлерімен және пломбаларындағы |
тасымалдауға арналған
| | |
APPROVED FOR TRANSPORN
| | UNDER CUSTOMS SEAL |
| | ҚАЗАҚСТАН |
100 мм
| | KAZAKHSTAN |
| | Зауыт нөмірі |
| | ТҰРПАТЫ ** MANUFACTURER'S N0 |
TYPE
| | |
----------------------------------------

Сілтеме.

* 00000-0/хх - алғашқы бес сан жіберу туралы куәлік нөмірі - жіберу туралы куәлік берген кеден органының коды, одан кейінгі сандар - жіберу туралы куәліктің рет нөмірі, хх - жіберу жылы.

** - Конструкция тұрпаты бойынша жіберу жағдайында ғана.

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпанда

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен
бекітілді

## ХЖТ кітапшаларын қолдану арқылы Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияны қолданудың Тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ХЖТ кітапшаларын қолдану арқылы Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияны қолданудың тәртібі (ХЖТ тұжырымдамасы , 1975 жыл) (бұдан әрі - Тәртіп) 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын қолдана отырып жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кеден тұжырымдамасына (бұдан әрі - ХЖТ тұжырымдамасы) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағындағы ХЖТ тұжырымдамасын пайдалану

тәртібін айқындайды.

2. ХЖТ тұжырымдамасының жол көлік құралдарында, көлік құралдары құрамында немесе ХЖТ операцияларының айқындалған бөлігі оның басталуы мен аяқталуы арасында автомобиль көлігімен жүргізілетін шарт кезінде кеден жіберілімі Келісілген Тараптың бірінен кеден мақсаты басқа Келісілген Тарапқа дейін бір немесе бірнеше шекаралардың қиылысындағы контейнерлерде оларды аралық қайта тиемей-ақ жүзеге асырылатын тасымалдауға қатысы бар.

3. ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалданатын тауарлар кеден баждарын және салықтарды төлеуден немесе аралық кедендерде депозитке тиесілі соманы енгізуден босатылады. ХЖТ кітапшасын кедендік ресімдеу үшін алымдар бұл кедендерде өндіріліп алынбайды.

4. Пломбыланған жол көлік құралдарында, пломбыланған көлік құралдарының құрамында немесе пломбыланған контейнерлерде ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалданатын тауарлар аралық кедендерде кедендік тексермелеуден босатылады.

Егер ХЖТ кітапшасының жүк манифестінде көрсетілмеген заттар пломбыланған көлік құралдарының бөлімшелерінде немесе контейнерлерде екендігі жеткілікті болжанған негіздеме бар айырықша жағдайларда, бұл кедендерде кедендік тексермелеу жүргізілуі мүмкін.

ХЖТ тұжырымдамасын пайдалану ережесі қоғамдық адамгершілік пікірлерден, қоғамдық қауіпсіздік, денсаулық сақтау немесе гигиена, сондай-ақ мал-дәрігерлік немесе фитосанитарлық бақылаудан шығатын шектеулерді қолдану үшін бөгет бола алмайды.

5. Осы Ережеде ХЖТ тұжырымдамасы айқындаған терминдер пайдаланылады. Осы Ережеде қосымша мынадай мәндегі терминдер пайдаланылады:

әкелім кедені - Қазақстан Республикасына жүк әкелінетін шекара арқылы өткізу бекетіне орналасқан Қазақстан Республикасының аралық кедені;

әкетілім кедені - Қазақстан Республикасынан жүк әкетілетін шекара арқылы өткізу бекетіне орналасқан Қазақстан Республикасының аралық кедені;

тауарлар - ХЖТ тұжырымдамасына сәйкес тасымалданатын жүктер.

## 2. ХЖТ рәсімдерін қолдану шарттары

6. ХЖТ рәсімі тауарлар:

ХЖТ тұжырымдамасы мен осы Ережеге сәйкес орындалған және ресімделген ХЖТ кітапшасымен ілесіп жүру;

кепіл беруші ассоциацияны кепілмен қамтамасыз ету;

жол көлік құралдарында, көлік құралдарының құрамдарында немесе кеден

мөрі және пломбысы бар тасымалдау үшін алдын ала жіберілген контейнерлерде (ауыр салмақты немесе ебедейсіз тауарлар тасымалдауды есептемегенде) тасымалдау шарты кезінде пайдаланылады.

7. Көлік құралдарына "TIR" деген жазбасы бар тік бұрышты тақта бекітілуі қажет. Бір тақта жол көлік құралдарының немесе көлік құралдарының құрамының алдына, ал басқа сондай тақта артына орналастырылады, осылайша олар жақсы көрінуі қажет. Бұл тақта жарық түсіретін болуы қажет.

8. Кеден жіберілімі бір елде ғана болуы қажет.

Кеден мақсаты екі елден артық жерде болмауы қажет.

Кеден жіберілімі мен мақсатының жалпы саны төрттен аспауы қажет.

9. Қазақстан Республикасының кеден әкелімі және кеден жіберілімі Қазақстан Республикасының кеден мақсатына және кеден әкетіліміне дейін тауарларды жеткізуге сәйкес мерзімді белгілеуі мүмкін және көлік құралдарының қозғалыс бағытын айқындайды.

10. Егер тасымалданатын тауарларға төлеуге тиісті кеден төлемдері және салықтар сомасы кепіл сомадан артық болған немесе егер жеткізуші Қазақстан Республикасының кеден заңдарын сақтауға кепілдік бере алмайтын болжам негізі болған жағдайларда болмаса айырықша жағдайларда, кеден органдарының лауазымды тұлғаларының тауарларға ілесіп жүруі пайдаланылады. Ілесіп жүру тәртібі кедендік ілесіп жүру талаптарына сәйкес белгіленеді.

11. ХЖТ кітапшаларын пайдалана отырып тасымалдау бөлігі ХЖТ тұжырымдамасы Келісілген Тараптар болып табылмайтын ел аумағы бойынша өтсе немесе ХЖТ рәсімі неғұрлым жеңілдігі бар транзитті жүйелермен байланысты тоқтатылса онда ХЖТ операциясы жолдың осы бөлігінен тоқтатылады.

Кеден мөрі және пломбысы немесе өзге де кедендік ұқсастыру құралдарының бұзылмау шарттары кезінде, ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалдау қайта басталады.

## 3. ХЖТ кітапшасы

12. ХЖТ кітапшасы N 1/2 жыртылмайтын сары парақ және N N 1/2 жыртылмалы парақтар түбіртегі N 1 және N 1 түбіртектер (ақ түсті), N 2 жыртылмалы парақтар (жасыл түсті) және жол-көлік оқиғалары туралы хаттамалы (сары түсті) төрт бетті мұқабадан тұрады.

Жыртылмалы парақтар және түбіртектер (N 1 және N 2) тәсілдемесі әр мемлекетте (жіберілім, транзит және мақсаты) пайдалану үшін арналған. N 1 жыртылмалы парақ және N 1 түбіртек кедендік жіберілімде және кедендік әкелімде, N 2 жыртылмалы парақ және N 2 түбіртек кеден әкетілімі және кеден

мақсатында пайдалану үшін арналған.

Қазіргі уақытта пайдаланылып жүрген ХЖТ кітапшасы 14 немесе 20 парақтан (яғни, 7 немесе 10 жинақтан) тұрады және тиісті 7 немесе 10 мемлекет аумағы арқылы тауарлар тасымалдауға арналған.

13. ХЖТ кітапшасына мультимодальды (аралас) тасымалдауға арналған ( көліктің бірнеше түрлерін пайдалана отырып көлік операциясы жүргізілетін) арнайы парақ қоса беріледі. Көрсетілген парақ жеткізушілердің айырықша мұқтаждықтарына арналған, кеден органдары толтырылмайды және бақыламайды, бірақ қосымша ақпарат алу мақсаттарында оларға қажеттілік кезінде пайдаланылуы мүмкін.

14. ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалдауды жүзеге асыруға ХЖТ кітапшасын ұстаушы ғана құқылы.

15. ХЖТ кітапшасын 1975 жылғы ХЖТ тұжырымдамасына қатысушы мемлекеттердің кепіл ассоциациясы береді.

Қазақстан Республикасында ХЖТ кітапшасын Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларының халықаралық одағы (бұдан әрі - ҚазАТО) береді.

Мұндай кітапшалар ағылшын немесе орыс тілдерінде басылатын бірінші жыртылмалы сары парақты есептемегенде, француз тілінде басылады.

16. ХЖТ кітапшасы осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген ережелерге сәйкес толтырылады.

ХЖТ кітапшасының мұқабаларын, N 1/N 2 жыртылмалы парақ, N 1 және N 2 жыртылмалы парақтар және N 1 мен N 2 түбіртектерді толтыру үлгілері осы Ереженің 2-5-қосымшаларында келтірілген.

ХЖТ кітапшасын өшіру және түзетуге болмайды. Барлық түзетулер қате мәліметтерді сызу жолымен енгізілуі қажет. Дұрыс мәліметтер жоғарғы жағына жазылады және тиісті немесе ХЖТ (ол кедендік ресімделгенге дейін) кітапшасын ұстаушы немесе кеден органы растайды.

17. Кепіл ассоциация ХЖТ кітапшасының әрекет мерзімін белгілейді. ХЖТ кітапшасы әрекетінің аяқталу күнін бірінші беттің мұқабасының 1-бағанында көрсетеді. Бұл мерзімнің өтіп кетуі бойынша ХЖТ кітапшасын ресімдеуге кедендік жіберілімді қабылдау мүмкін емес.

Егер ХЖТ кітапшасы мерзімнің соңғы күні кедендік жіберілімді ресімдеуге қабылданса, оның мерзімі немесе осы күнге дейін ХЖТ кітапшасы рәсімді сақтай отырып тасымалдау аяқталғанға дейін күшінде болады.

ХЖТ кітапшасының әрекет мерзімі ХЖТ беретін кепіл ассоциацияда ғана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту туралы мәлімет ХЖТ кітапшасының 1-бағанында көрсетіледі және кепіл ассоциацияның мөрімен расталады.

18. ХЖТ кітапшасы ескертпемен немесе ескертпесіз ресімделуі мүмкін.

Ескертпелер ХЖТ рәсімін сақтай отырып тауарларды жеткізу және транзиттеу кезіндегі тәртіп бұзушылыққа тиісті болуы қажет.

Ескертпелер жыртылмалы парақтың 27-бағанында және ХЖТ түбіртегінің 5-бағанында көрсетіледі. Бұл ретте, бұл бағандарға "R" белгісі қойылады және орыс тілінде қысқаша бұзушылық сипаттамасы беріледі.

19. Егер ХЖТ кітапшасы ескертпесіз ресімделсе, онда кеден органдары кепіл ассоциациядан кедендік ресімдеу жүргізілгені туралы куәліктің заңсыз немесе жалған үлгіде алынған немесе тауарлар кеден мақсатына немесе кеден әкетіліміне дейін жеткізілмеген жағдайларды есептемегенде, кедендік төлемдер және салықтарды төлеу талап етілмейді.

20. Қазақстан Республикасына әкелінетін ХЖТ кітапшаларының бланкілері кедендік төлемдер және салықтарды төлеуден босатылады және әкелім кезі мен әкетілім кезінде қандай-да шектеулерге ұшырамайды.

## 4. Кепіл ассоциациялары

21. ХЖТ рәсімін сақтай отырып Қазақстан Республикасында кедендік бақылаудағы тауарларды транзиттеу және жеткізу кезіндегі кепіл ассоциация ҚазАТО болып табылады.

22. ҚазАТО 1995 жылғы 14 шілдедегі Кепілге алу туралы шартқа сәйкес тасымалдаушылар төлеуге тиісті Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзу жағдайларында кедендік төлемдер және салықтарды төлеуі қажет.

ҚазАТО жауапкершілігі ХЖТ кітапшасын қандай ұлттық кепіл ассоциациясы бергеніне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ХЖТ рәсімін сақтай отырып тауарлар тасымалдайтын қазақстандық сияқты және шетелдік тасымалдаушыларға да беріледі.

23. ҚазАТО осы Ереженің 14-бөлімінде көрсетілген құжаттарды беру бойынша бұл төлемдер және салықтар тиесілі тасымалдаушымен жауапкершілік бірдейлігі тәртібінде кедендік төлемдер және салықтар төлеуді жүргізуге міндетті.

24. Әрбір ХЖТ кітапшасында 50000 (елу мың) АҚШ доллары шегінде кеден баждарын төлеуге кепілдік беріледі. Көрсетілген сома теңгемен болмаса " Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 139-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бағасын белгілеген бағамдағы шетелдік валютада төленеді.

25. ҚазАТО Қазақстан Республикасына әкелу сәтінен кедендік бақылаудағы тауарларды транзиттеу және жеткізу үшін кедендік режимді аяқтауға тиісті, кедендік жіберілімде ресімдеу үшін ХЖТ кітапшасын қабылдаған сәттен

тауарларды Қазақстан Республикасынан әкету кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдарының алдында жауап береді.

26. ҚазАТО ХЖТ кітапшасында есептелген тауарларға ғана емес және жол көлік құралдарының бөлімшесінде немесе пломбыланған контейнерде пломбыланған жүктер бар бұл кітапшада алдағы емес қайта есептелген кез-келген тауарларға жауап береді.

## 5. Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін жол көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу

27. Жол көлік құралдары және контейнерлер ХЖТ тұжырымдамасының техникалық талаптарына сәйкес келуі қажет.

28. Жол көлік құралдары жіберу туралы Куәлікке ілесіп жүруі қажет, ал контейнерлерде жіберу туралы тақта болуы тиіс. Қазақстан жол көлік құралдары және контейнерлер Кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау және жіберу тәртібіне берілген талаптарға сәйкес кеден мөрлері және пломбылары бар тауарлар тасымалдауға жіберілуі қажет.

29. Жіберу туралы куәлік Қазақстан Республикасының кеден органына тиісті тауарларды кедендік ресімдеу кезінде беріледі.

30. Жіберу туралы куәлік Қазақстан Республикасының жіберілім кеденінде қазақстандық көлік құралдарына міндетті тәртіпте беріледі.

Басқа да жағдайларда, жол көлік құралдары ХЖТ тұжырымдамасының техникалық талаптарына сәйкес келуі қажет және кеден мөрлері және пломбылары бар тауарларды тасымалдауға көлік құралдарын (контейнерлерді) бір жолғы жіберу рәсімінен өтуі қажет болғанда да жіберу туралы куәлік берілмеуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген талаптармен кеден мөрлері және пломбалары бар тауарларды тасымалдау үшін жабдықтарға және көлік құралдарын (контейнерлерді) жіберу тәртібіне берілген бір жолғы жіберу туралы жазба ХЖТ кітапшасының "Қызметтік пайдалану үшін" деген бағанына тіркеледі .

Жіберу туралы куәлік ауыр салмақты немесе ебедейсіз тауарлар тасымалдау жағдайында көрсетілмейді.

## 6. Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде кедендік ресімдеудің тәртібі

31. Әкелім кеденіне мынадай құжаттар берілуі қажет:

кеден органдары толтырған және ресімдеген жіберілім мемлекеттері мен транзит мемлекеттерінің ХЖТ кітапшасы;

жіберу туралы куәлік (осы Ереженің 30-тармағының есебімен);
жүк және тауарға ілеспе құжаттар.

32. Кедендік әкелімді құжатты тексеру тобы ереже белгіленген ХЖТ кітапшасын толтыру сәйкестігін тексереді.

ХЖТ кітапшасын ресімдеу кезінде:

Жүк манифестін толтыруға (жүк манифестіне енгізілген мәліметтер жүк және тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі қажет);

жіберу кедені мен аралық кеденнің ХЖТ кітапшасының түбіртектерінде кедендік мөртабанның бар-жоғына айырықша назар аударылады.

Кеденнің лауазымды тұлғасын:

ХЖТ кітапшасы бақылауға ұрланған ретінде жатпайтындығын;

тауарларды тасымалдауды ХЖТ кітапшасы ("ХЖТ кітапшасын ұстаушы") мұқабасының және 4 жыртылмалы парағының 3-бағанында көрсетілген тасымалдаушы жүзеге асыратындығын;

тасымалдаушы мен автокөлік құралдарының нөмірі кеден ережелерін бұзушыларды бағдарлауда мәні жоқтығын куәландыруы қажет.

33. Кедендік әкелімнің тексермелеу тобы:

көлік құралдары бөлімшесінің және контейнерлердің техникалық жағдайын тексереді;

контейнерлерде жіберу туралы куәлік немесе жіберу туралы тақта бар-жоғын тексереді;

көлік құралдарының жүк бөліміндегі немесе контейнерлердегі кедендік мөр және пломб жағдайын тексереді;

айырықша жағдайларда жүк бөлімшелерін немесе контейнерлерді тексермелеуді жүргізеді.

34. Қандай-да ХЖТ рәсімін бұзу қолға түскен жағдайда, әкелім кедені кедендік режим транзитіне тауарлар мен көлік құралдарын немесе Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жеткізу рәсімін сыйғызуы мүмкін.

35. Егер құжатты және нақты бақылау қорытындысында қандай-да бір ХЖТ рәсімдерін бұзушылық айқындалмаса, бұл рәсімге сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.

36. ХЖТ рәсіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарлар және көлік құралдарын өткізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдағаннан кейін:

қажет жағдайда қосымша кедендік қамтамасыз етулер қосылады және жинақтаудың жыртылмалы парағының екеуінің де "Қызметтік пайдалану үшін" бағанына бұл туралы белгі жасалады;

тауарлардың кедендік құны айқындалады. Тауарлардың кедендік құнын

айқындау үшін шот-фактуралар, көлік және сақтандыру құжаттары, жіберілім елінің кеден декларациясы, орайтын парақтар, өзге де тауарға ілеспе құжаттар пайдаланылады. Кеден құны келісім-шарт валютасында жыртылмалы парақтың екеуінің де "Ресми пайдалану үшін" бағанында көрсетіледі. Кеден құнын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, бұл бағанда "Құн айқындалмаған" деген жазба тіркеледі;

жыртылмалы парақтың екеуінде де 10-бағанда Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭҚ ТН) бойынша тасымалданатын тауарлар коды көрсетіледі. Нақты кодты айқындау мүмкін болмаған кезде, тауар айқындамасы көрсетіледі (төрт сандық код деңгейіндегі тауар коды) және жоғалған немесе болмағанда берілетін жағдайда, оны ұқсастыру үшін жеткілікті тауардың егжей-тегжейлі сипаты беріледі;

жеткізу мерзімі белгіленеді.

ХЖТ кітапшасының жыртылмалы парақтарының екеуінің де 20-бағанында жеткізу күні көрсетіледі:

жыртылмалы парақтардың екеуінің де 22-бағанында және N 1 түбіртектің 5-бағанында тауарларды жеткізу орны көрсетіледі;

жинақтың жыртылмалы парақтарының екеуінің де 18-23-бағандары және жинақтың N 1 түбіртегі (толтырылған жинақтың N 1 мөрі бар түбіртегі ХЖТ кітапшасында қалдырылады) толтырылады;

жинақтың N 1 (ақ) парағы бөлінеді.

ХЖТ кітапшасы осы Ереженің 6-қосымшасында келтірілген нысан бойынша арнайы журналға тіркеледі:

ресімделген ХЖТ кітапшасы тасымалдаушыға қайтарылады;

N 1 жыртылмалы парақтың 23-бағанында және N 1 түбіртектің 6-бағанында құжатты бақылау үшін жауапты тұлғаның жеке нөмірлі мөртабаны, күні және қолы қойылу жолымен кедендік бақылау аймағынан көлік құралдарының кетуіне рұқсат беріледі.

37. Жинақтың N 1 парағы кедендік әкелімде бақылауға алынады және жеке папкіде сақталады.

38. Кеден мақсатына көлік құралдары немесе контейнерлер келгеннен кейін мынадай құжаттар берілуі қажет:

кеден әкелімінің белгісі бар ХЖТ кітапшасы;

тауарларды кедендік ресімдеу үшін жүк және тауарға ілеспе құжаттар.

39. Құжаттық тексеру тобы белгіленген ережелермен ХЖТ кітапшасын толтыру сәйкестігін және ХЖТ кітапшасында кедендік әкелім мөртабаны бар-жоғын тексереді.

40. Кеден мақсатының тексермелеу тобы:

көлік құралдарының жүк бөлімшелерінің немесе контейнерлердің

техникалық жағдайын тексереді;

көлік құралдарының жүк бөлімшелеріндегі немесе контейнерлердегі кеден мөрлері мен пломбыларының жағдайын тексереді;

көлік құралдары немесе контейнерлерден тауарларды түсіруді бақылайды.

41. ХЖТ рәсімдерін сақтай отырып тауарларды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарын қандай-да бір бұзушылық анықталған жағдайда, кеден мақсаты осы Нұсқаулықтың 17-тармағында көзделген ескертпелермен ХЖТ кітапшасын ресімдеуі қажет.

42. Егер құжатты және нақты бақылау қорытындысында Қазақстан Республикасының кеден заңдарын қандай-да бұзушылық анықталмағанда:

жинақтың N 2 жыртылмалы парағының 24, 25, 26, 27, 28-бағандары және жинақтың "N 2 түбіртегі толтырылады;

N 2 жыртылмалы парақтың 28-бағанында және ХЖТ кітапшасы (түбіртек кітапшада қалады) түбіртегінің 6-бағанында кеден органы лауазымды тұлғасының күні, жеке нөмірлі мөрі және мөртабаны, қолы қойылады;

жинақтың N 2 жыртылмалы парағы бөлінеді.

ХЖТ кітапшасы осы Ереженің 7-қосымшасында келтірілген нысан бойынша арнайы журналға тіркеледі:

ресімделген ХЖТ кітапшасы тасымалдаушыға қайтарылады;

қатаң есептеме бланкісі ретінде белгіленген үлгіде тауарларды жеткізуді растайтын куәлік ресімделеді;

тауарлар жеткізуді растау куәлігінің бір данасы тасымалдаушыға беріледі.

43. Шетел көлік құралдарымен тауарды тасымалдау жағдайында, тауарларды жеткізу туралы куәлікті бұл көлік құралының шет елге қайтуы кезінде шекарадағы өткізу бекетіне орналасқан кеден органына тасымалдаушы береді. Тауарларды жеткізу туралы куәлікті бермеген кезде көлік құралдары мәселенің басын шешу үшін бөгеледі.

## 7. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкету кезіндегі кедендік ресімдеу тәртібі

44. Жіберу кедені Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес әкелінетін тауарлардың кедендік ресімдеуін жүргізеді.

45. Жіберу кеденіне ХЖТ рәсімін сақтай отырып тауарлар тасымалдауды ресімдеу үшін мынадай құжаттар берілуі қажет:

ХЖТ-ның толтырылған кітапшасы;

Кеден мөрлерімен және пломбаларымен тауарларды тасу үшін көлік құралын жіберу туралы куәлік (осы Ереженің 30-тармағын ескеріп);

әкелу бос көлік куәлігі немесе тауарларды жеткізуді растау куәлігі.

Аталған құжаттар жоқ болған кезде автокөлік құралдары талқылау үшін бөгеледі.

46. Құжаттық бақылау тобы белгіленген ережелермен ХЖТ-ны толтыру кітапшасының сәйкестігін тексереді.

ХЖТ кітапшасын толтыру кезінде мыналарға ерекше назар аударылады:

ХЖТ кітапшасының бірінші бетінде мөрлер мен қолдардың барлығы;

тысының бірінші бетінде, тоқтаусыз парақта және барлық жыртылатын парақтарда ХЖТ кітапшасы иесі қолының сәйкестігі;

ХЖТ кітапшасының қолданылу мерзімі.

Жіберу кеденнің лауазымды тұлғалары ХЖТ кітапшасының тоқтаусыз парақ 4 және 3 тыс бағандарында көрсетілген тұлға жүзеге асыратын тауарлар тасымалы және ұрланған ретінде бақылауда есепте жоқ ХЖТ кітапшасына куәлануы тиіс.

47. Жіберу кеденінің караушы топтары:

көлік құралдары немесе контейнерлердің жүк бөлімшелерінің техникалық жағдайын тексереді;

контейнерлердегі жіберу туралы тақтаның барлығын және жіберу туралы куәлікті тексереді (осы Ереженің 30-тармағын ескеріп);

көлік құралдарына немесе контейнерге тауарларды тиеуді бақылайды;

көлік құралдары мен контейнерлердің жүк бөлімдеріне кеден мөрлері мен пломбаларын жапсырады.

48. Ресімдеу кезінде қандай-да бір заң бұзушылықтар табылған жағдайда жіберу кедені осы заң бұзушылықтарды жойғанға дейін ХЖТ рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдауға рұқсат етпеуі мүмкін.

49. Егер құжаттық және нақты бақылау нәтижесінде ХЖТ рәсімін қолдану шарттарының барлығы сақталғаны белгіленсе, толтырылады:

ХЖТ кітапшасының барлық жыртылатын парақтарында 16-баған;

N 1 жыртылатын парақтың "Қызметтік пайдалану үшін" бағанында және N 1 түбіршектің 5-бағанында басқа деректер санында оларға сәйкес Қазақстан Республикасынан тауарлар әкетілетін кеден режимінің коды көрсетіледі және егер нақты тауарлар әкетілуімен бақылау жүзеге асырылса, "Бақылау" сөзі көрсетіледі;

жинақтың жыртылатын парағының N 1 түбіртегі;

жинақтың екі жыртылатын парақтарының 18-23 бағандары;

N 1 түбіршектің N 6 бағанында және N 1 жыртылатын парағының 23-бағанында кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрі және қолы, күн қойылады.

Жинақтың N 1 парағы осы Ереженің 51-тармағында көзделген жағдайларда және ХЖТ кітапшасынан бөлінеді, бақылауға қойылады. ХЖТ-ның ресімделген

кітапшасы осы Ереженің 6-қосымшада келтірілген нысан бойынша арнайы журналда тіркеледі.

50. ХЖТ-ның ресімделген кітапшасы тасымалдаушыға қайтарылады.

51. Қазақстан Республикасының аумағынан нақты тауарларды әкетуге бақылауды жіберу кедені жүзеге асырады.

Жинақтың N 1 және N 2 парақтарындағы "Қызметтік пайдалану үшін" бағанында тасымалданатын тауарлардың кедендік құны көрсетіледі, ал 10-бағанда СЭҚ ТН бойынша кодтарды көрсете отырып олардың толық атауы көрсетіледі. Егер барлық деректерді енгізу үшін 10-бағаны жетпесе, екі данадағы қосымша парақтарды пайдалануға жол беріледі. Қосымша парақтарда ХЖТ кітапшасының нөмірі, оны ұстаушының атауы мен мекен-жайы көрсетіледі, қосымша парақтар кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады. Осындай парақтар барлығы туралы белгі жинақтың екі жыртылатын парақтары 8-бағанында қойылады. Жинақтың 1 парағы бақылауға қойылады және жеке папкіде сақталады.

52. Әкелу кеденіне мынадай құжаттар берілуі тиіс:

ХЖТ кітапшасы;

жіберу кеденінің белгісімен жүк және тауар ілеспе құжаттары.

53. Құжаттық бақылау топтары белгіленген ережелермен ХЖТ кітапшасын толтыру сәйкестігін тексереді, жинақтың N 1 түбіртегінде жіберу кеденіне мөрлердің барлығын, сондай-ақ аталған түбіртекте кеден режимінің кодын тексереді.

54. Қараушы топтар:

көлік құралдары мен контейнерлердегі жүк бөлімдерінің жағдайын тексереді;

ерекше жағдайларда көлік құралдары мен контейнерлердегі жүк бөлімдерін қарауды жүргізеді.

55. Әкету кедені ХЖТ-ны рәсімдеуді сақтай отырып тауарлар тасымалы кезінде Қазақстан Республикасы кеден заңдарының қандай-да бір заң бұзушылықтары табылған жағдайда осы Ереженің 18-тармағында көзделген тәртіптегі ерекшеліктермен ХЖТ кітапшасын ресімдейді.

56. Егер құжаттық және нақты бақылау нәтижесінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзу фактілері табылмаса:

N 2 жыртылатын парақтың 24, 25, 26, 27, 28-бағандары және жыртылатын N 2 түбіртек толтырылады;

Жинақтың N 2 жыртылатын парағы бөлінеді;

ХЖТ кітапшасы осы Ережедегі 7-қосымшада келтірілген нысан бойынша журналда тіркеледі;

ХЖТ-ның ресімделген кітапшасы тасымалдаушыға қайтарылады;

N 2 түбіртектің 6-бағанында және N 2 жыртылатын парақтың 28-бағанында жеке нөмір мөрін, қолын және күнін қою жолымен кеден бақылауы аймағынан шығуға рұқсат етіледі.

## 8. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауарлардың транзиттеу кезінде кедендік ресімдеу тәртібі

57. Әкелу кеденінде транзиттік тауарларды кедендік ресімдеу осы Ереженің 31-37-тармақтарында көзделген тәртіпте жүргізіледі.

58. Әкелу кеденінде транзиттік тауарларды кедендік ресімдеу осы Ереженің 38-42-тармақтарында көзделген тәртіпте жүргізіледі.

## 9. Бірнеше жіберу және тағайындау кедені арқылы тауарлар тасымалы жағдайында кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

59. ХЖТ рәсімі бойынша тауарларды тасу Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу кезінде бірнеше тағайындалу кеденіне немесе Қазақстан Республикасынан тауарларды әкелу кезінде бірнеше жіберу кедені арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

60. Әрбір жіберу және тағайындалу кедені үшін жыртылатын парақтардың қосымша жинағы талап етіледі.

61. Жіберу кеденіне немесе тағайындалу кеденіне сәйкесінше мыналар жүргізіледі:

Қазақстан Республикасынан әкету кезінде - тауарларды жартылай толтыру;

Қазақстан Республикасына әкелу кезінде - тауарларды жартылай түсіру.

62. Тауарларды жартылай толтыру жүргізілетін кеден осы тармақта көрсетілген ерекшеліктерді ескеріп осы Ереженің 52-56-тармақтарында көзделген тәртіпте тауарларды тасымалдау ресімдеуін жүргізеді.

Аталған кеденнің лауазымды тұлғалары:

бірінші жіберу кеденінің мөрлері мен пломбаларын алады;

ХЖТ кітапшасының барлық жыртылатын парақтарындағы 16-бағанда кеден мөрлері мен пломбылары туралы жазбаны сызып тастайды;

барлық толтырылған жыртылатын парақтардағы 16-бағанда және жинақтың N 1 түбіртегінде қайтадан қойылған кеден мөрлері немесе пломбылары туралы жазба жасайды.

63. Тауарларды жартылай түсіру жүргізілген кеден осы тармақта көрсетілген ерекшеліктерден басқа осы Ереженің 38-42-тармақтарымен көзделген тәртіпте тауарларды ресімдеуді жүргізеді.

Аталған кеденнің лауазымды тұлғалары:

бұрынғы кедендердің кедендік қамтамасыз етуін алып тастайды;

тиеп жіберілген тауарлардың атауы мен санын ХЖТ кітапшасының барлық жыртылатын парақтарында сызып тастайды және тиелген тауарлар туралы жазба жасайды;

ХЖТ кітапшасының 16-бағанында кедендік қамтамасыз етулер туралы жазбаны сызып тастайды;

1 жинақтың N 1 түбіртегінде және барлық толтырылған жыртылатын парақтар 16-бағанында қайтадан салынған кедендік қамтамасыз етулер туралы жазба жасайды.

## 10. Ауыр салмақты немесе ебедейсіз тауарларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

64. Көлік құралдарының немесе контейнерлердің пломбаланған жүк бөлімдеріндегі тасуы мүмкін емес тауарлар, осындай тауарлардың көлемдерімен байланысты ашық көлік құралдарында тасуға болады.

65. Ауыр салмақты немесе ебедейсіз тауарларды тасу кезінде ХЖТ кітапшасының тысында және барлық парақтарында ағылшын немесе француз тілдерінде "Ауыр салмақты немесе ебедейсіз тауарлар" (Heavy or bulky) жазбасы жасалынуы тиіс.

66. Жіберу кедені тасылатын тауарлардың сәйкестігі үшін қажетті фотосуреттер, қорапшалау парақтары, сызбалар және басқа да құжаттар ХЖТ кітапшасына қоса берілуін талап етуі мүмкін.

Мұндай құжаттар жіберу кеденімен куәландырылады және ХЖТ кітапшасының әрбір парағына тіркеледі. Бұл ретте, барлық жыртылатын парақтардағы 8-бағанда осындай құжаттардың барлығы туралы белгі жасалынады.

67. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша осындай тауарлардың өткізілуі кезінде кеден органдары мыналарға:

осы Ереженің 65, 66-тармақтарында жазылған талаптарды сақтауды қадағалау;

Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде, қажеттілік жағдайында кедендік сәйкестендірудің қосымша қаражаттарын салуға ;

әкелу, әкету кезінде ХЖТ кітапшасының жүк манифестінде бекітілмеген тауарларды тасу жағдайын анықтау мақсатымен тауарларды қарауды жүргізуге міндетті.

## 11. Кейбір акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

68. "Алкоголь ішімдіктері, темекі бұйымдары" ХЖТ кітапшасын ресімдеуге қабылдамау. Алкоголь ішімдіктері, темекі бұйымдарын жеткізуді кеден бақылауымен, оның ішінде аталған тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде ресімдеу ХЖТ кітапшасын қолданбастан тасымалдарға қатысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылсын.

## 12. Тауарларды жеткізуді бақылау

69. Белгілі кедендік режимдерді аяқтағаннан кейін жіберу кедені және әкету кедені, транзит кезінде әкелу кедені мен әкету кедені, әкелу кедені және тағайындалу кедені арасында ХЖТ рәсімін сақтап тасылатын тауарларды жеткізуді бақылау осы бөлімде көрсетілген ерекшеліктерден басқа кеден бақылауындағы тауарларды жеткізу және транзиттің кедендік режимін пайдалануға сәйкесінше қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің нормативтік құқықтық актілерімен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

70. ХЖТ рәсімдеуді сақтаумен тауарларды тасымалдаудың есебі осы Ережедегі 6 және 7-қосымшаларда келтірілген нысандар бойынша журналдарда жүзеге асырылады.

71. Әкету кедені және жіберу кедені (осы Ереженің 51-тармағы) ХЖТ кітапшасының бақылау жыртылатын парағында көшірмесі әкелу кеденіне почтамен жіберіледі, ол тауарларды жеткізу үшін әкелу кеденінде немесе жіберу кеденінде қалдырылады.

72. Тағайындау кедені немесе әкету кедені бір тәулік ішінде тауарлардың түсу күнін, тасымалдаушының атауын, ХЖТ кітабының нөмірін, олардың санын, тауарлардың атауларын көрсете отырып тауарлардың түсуі туралы ақпаратты байланыстың жедел арналары бойынша әкелу кеденіне немесе жіберу кеденіне жібереді. Тауарларды жіберу жеткізу туралы жедел ақпарат 10 тәулік ішінде жіберу кеденіне тауарлар түспеген жағдайда, ол осы тасымал бойынша ондағы бар құжаттардың көшірмелерін тағайындау кеденіне немесе әкету кеденіне жібереді.

73. Тағайындау кеденінің немесе әкету кеденінің тиісті мөрлерімен ХЖТ ресімін сақтай отырып тасымал аяқталғаннан кейін ХЖТ кітапшасы тасымалдаушыға қайтарылады және ХЖТ рәсімін тиісті аяқтауды растау болып табылады. Егер кедендік ресімдеу ескертулермен жүргізілсе (яғни кедендік ережелерді бұзу орны болса), түбіртектерде және ХЖТ кітапшасының жыртылатын парақтарында осы Ереженің тармағына сәйкес ескертулер жасалынады.

## 13. Жол-көлік оқиғалары

74. Жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) деп көлік құралдары мен кеден мөрлер және пломбалардың жүк бөлімдерінде зақымдануға алып келген кездейсоқ оқиғалары саналады.

75. Көлік құралдарының жүк бөлімі немесе кеден мөрлері мен пломбаларын бұзғаны жөнінде тасымалдаушының жүгінуі кезінде оның қызметі аймағында ЖКО болған кеден органы:

ЖКО-ның жағдайы туралы тасымалдаушының жазбаша түсініктемесін алуға міндетті;

ХЖТ рәсімін сақтай отырып тауарларды одан кейінгі тасымалдау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды;

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманы толтырады немесе егер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы органдары хаттаманы толтырған жағдайда куәландырады. ЖКО туралы хаттаманы толтыру үлгісі осы Ереженің N 9-қосымшасында келтірілген.

76. ХЖТ рәсімін сақтай отырып ЖКО туралы әкелу кеденіне немесе жіберу кеденіне байланыстың кез-келген жедел арналары туралы тәулік ішінде жазбаша хабарлауға тиіс.

77. ЖКО кейін тауарлармен барлық операциялар кеден органының бақылауымен жүргізіледі.

Егер көлік құралының жүк бөлімінің зақымдануы немесе сәйкестендіру құралдары ЖКО нәтижесінде болмағаны расталмаған жағдайда кеден ережесінің бұзылғаны туралы хаттама жасалады және ХЖТ кітапшасының түбіртектерінде және жыртылатын парақтардың тиісті бағандарында ескерту жасалады.

78. ЖКО кейін тауарлар басқа жол-көлік құралдарына немесе контейнерге қайта тіркелуі мүмкін және ХЖТ рәсімін сақтай отырып тағайындалуы бойынша жіберіледі.

Егер ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда тауарлар кедендік бақылауға тауарларды жеткізу рәсіміне сәйкес тағайындалу кеденіне жіберілуі мүмкін.

## 14. Тасымалдаушының және кепілдік ассоциацияның жауапкершілігі

79. Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзған жағдайда ХЖТ кітапшасын қолдана отырып тауарларды тасымалдаушы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауап береді.

80. Тауарларды тағайындалу кедені органының рұқсатынсыз беру, жоғалту және жетпеген жағдайда оның қызмет аймағында құқық бұзушылық табылған кеден органы әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі белгіленген тәртіпте қозғайды және оны қарағаннан кейін өндіріп алуды белгілеу туралы қаулы шығарады.

81. Тауарларды жоғалту немесе жетпеу, кеден органдарының рұқсатынсыз беру фактілері бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер, әдетте:

Қазақстан Республикасына тауарларды әкелу кезінде - тағайындау кедені;

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауарлар транзиті кезінде - әкелу кедені;

Қазақстан Республикасынан тауарларды әкету кезінде - жіберу кедені.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес қозғалады.

В случаях выявления правонарушений, подпадающих под действие уголовного законодательства Республики Казахстан, возбуждаются уголовные дела в соответствии с Уголовным Кодексом Республики Казахстан.

Ескерту: 6-азат жолдың қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

82. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамада және жаза қолдану туралы қаулы ХЖТ рәсімі бойынша тасымал жүзеге асырылғанда және ХЖТ кітапшасының нөмірі көрсетіледі.

83. Тауарларды жоғалту немесе жеткізбеу, рұқсатсыз беру үшін тасымалдаушыдан өндіріп алуға жататын кеден төлемдері мен салықтары одан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріліп алынады.

84. Осы Ереженің 81-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа кеден төлемдері мен салықтарын талассыз өндіріп алуға алып келетін тауарларды жоғалту немесе жеткізбеу, кеден органының рұқсатынсыз берудің әрбір жағдайында осы Ереженің 10-қосымшасында келтірілген нысан бойынша Талассыз өндіріп алуға акт (бұдан әрі - акт) жасалады.

85. Талассыз өндіріп алуға жататын кеден төлемдері мен салықтарының сомасы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес актіні жасау күніне кеден құны негізінде есептеледі.

86. Кеден төлемдері мен салықтарын нақты өндіріп алудан кейін актіде өндіріп алынған сома, кеден органының шотына оның түсу күні және банк құжатының нөмірі көрсетіледі.

87. Төлеу туралы талаптан кейін бір ай ішінде талассыз тәртіпте тасымалдаушыдан кеден төлемдері мен салықтарын өндіріп алу мүмкіндігі болмаған жағдайда бұл туралы актіде көрсетіледі. Мұнда тасымалдаушыдан кеден төлемдері мен салықтарын өндіріп алу мүмкін емес себептер көрсетіледі.

Көрсетілген белгілермен бірге акт әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама көшірмелерімен бірге, жаза қолдану туралы қаулы және ХЖТ кітапшасының жыртылатын посты Кеден комитетіне жіберіледі. Осындай сипаттағы істі қараудан кейін жаза қолдану туралы қаулы көшірмесі де жіберіледі. Аталған шаралар Қазақстан Республикасы кеден заңдарын бұзу кесірінен кеден баждары мен салықтарын талассыз өндіріп алу үшін бақылауды жүзеге асырады. Актіге мүмкіндігінше талап етілетін соманы төлеу мүмкін еместігі туралы банкінің немесе өзге де кредиттік мекеменің растауы қоса беріледі.

Тасымалдаушының кеден төлемдері мен салықтарын жартылай төлеу жағдайында жоғарыда көрсетілген барлық құжаттар да Кеден комитетіне жіберіледі. Бұл ретте, талассыз өндіріп алу туралы актіде сома көрсетіледі және төлем тапсырысының көшірмесі қоса беріледі.

88. Кеден комитеті алынған материалдар негізінде аталған құжаттарды алғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей кеден төлемдері мен салықтарын төлеу туралы талапты дайындайды, осы талапты ХЖТ кітапшасының жыртылатын парағының көшірмесімен және басқа да қажетті құжаттармен бірге ҚазАТО-ға береді.

89. Кеден комитеті Кеден комитетінің есебіне кеден төлемдері сомаларының түсуін, Конвенциямен белгіленген кеден төлемдері мен салықтарын төлеу туралы талаптарды қарау мерзімдерін ХЖТ сақтауды бақылайды.

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы Ережелерге
1-Қосымша

**ХЖТ кітапшасын толтыру Ережесі**

**1. ХЖТ кітапшасының тысын толтыру**

1 бет.

1-5-бағандар ХЖТ кітапшасын берген кепіл бірлестігі толтырады.

Ескерту:

Тыстың бірінші бетіне өзгерістерді ХЖТ кітапшасын берген кепіл бірлестігі ғана енгізуі мүмкін. Түзетулер кепіл бірлестігінің мөрімен куәландырылуы тиіс.

6-12-бағандарды ХЖТ кітапшасының иесі толтырады.

"N" бағаны.

Оны беру кезінде берілетін ХЖТ кітапшасының нөмірі басылуы тиіс.

1-баған. "..... дейін қолданылады,".

Ескерту:

Жіберу кеденіне көрсетілуі мүмкін ХЖТ кітапшасының күні көрсетіледі.

Ескерту:

Егер ол осы бағанда көрсетілген күнге дейін жіберу кеденіне көрсетілсе, тауарлар тасымалы аяқталғанға дейін кітапша жарамды. Егер ХЖТ кітапшасы жіберу кеденіне көрсетілсе, онда ол кедендік ресімдеу болуы мүмкін емес.

2-баған. "Берілді".

ХЖТ кітапшасы берілген тасымалдаушының атауы және толық почта мекен-жайы көрсетіледі.

Баған 3. "Иесі"

ХЖТ кітапшасы берілген тасымалдаушының атауы және толық почта мекен-жайы көрсетіледі.

Ескерту:

ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалды 3-бағанда көрсетілген тасымалдаушы ғана жүзеге асырады.

4-баған. "ХЖТ кітапшасын берген ұйым қолы".

Кепіл ұйымы лауазымды тұлғасының қолы қойылады, қол кепіл ұйымының мөрімен куәландырылуы тиіс.

5-баған. "Халықаралық ассоциация хатшысының қолы".

Бас директор қолы қойылады (ҚазАТО).

6-баған. "Жіберу елі".

ХЖТ рәсімі бойынша тауарлар тасымалы басталатын ел (жіберу елі) көрсетіледі.

7-баған. "Тағайындалу ел(дер)і"

ХЖТ рәсімі (тағайындалу елі) бойынша онда тасымалдау олардың бөлшегі үшін немесе барлық тауарлар аяқталатын ел(дер) көрсетіледі.

Ескерту: (6, 7-бағандар).

ХЖТ Конвенциясының 18-бабына сәйкес бірнеше жіберу және тағайындалу кедені бар болса тасымал жүзеге асырылуы мүмкін. Егер барлық жіберу кедендері осындай кітапшаны ресімдесе жіберу және тағайындау кедендерінің жалпы саны тағайындалу кедені көрсетілмеуі мүмкін.

8-баған "Көлік құралын тіркеу нөмірі".

Көлік құралын жіберу туралы куәлік оған дейін жарамды нөмірі мен күні көрсетіледі.

10-баған. "Контейнердің сәйкестендіру нөмірі".

Егер транзиттік тауарлар контейнерлерде тасымалданған жағдайда толтырылады. Контейнердің сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

11-баған. "Ескертулер".

Кеден органының талабы бойынша енгізілген деректер немесе ХЖТ кітапшасын беру кезінде хабарлау қажетті деп саналатын кепіл бірлестігінің барлық деректері көрсетіледі.

12-баған "ХЖТ кітапшасын ұстаушының қолы".

ХЖТ кітапшасы берілген уәкілеттенген тасымалдаушының қолы қойылады.

Ескерту:

Тыстың 2 парағында полиграфиялық тәсілмен француз тілінде "ХЖТ кітапшасын пайдалану тәртібі" бастырылуы тиіс.

Тыстың 3 парағында полиграфиялық тәсілмен ағылшын тілінде "ХЖТ кітапшасын пайдалану тәртібі" бастырылуы тиіс.

Тыстың 4-парағындағы оң жоғарғы бұрышта осындай алып қою жүргізілген кеден органының атауы және ХЖТ кітапшасын алып қою күні туралы кеден органының белгісімен кітапты алып қою кезінде иесіне қайтарылатын ХЖТ кітапшасының нөмірімен жыртылатын купон орналасқан.

Жазба кеден органы лауазымды тұлғасының нөмірлік мөрімен расталуы тиіс.

ХЖТ кітапшасын алып қоюды кеден органдары кітаптың сыртын дұрыс толтырмау, оны ұстаушының кітапшаны тапсырмау, кітапшаның қолданылу мерзімінің аяқталуы жағдайында жүргізеді. Алынған кітапшалар ҚазАТО-ға беру үшін Кеден бақылауы ұйымының басқармасына жіберіледі.

**2. N 1, N 2 жыртылмайтын парақ (сары түс)**

ХЖТ кітапшасының иесі толтырады.

1-баған. "N... ХЖТ кітапшасы".

Тыстың бірінші бағанында көрсетілген ХЖТ кітапшасының нөмірі көрсетіледі.

2-баған. "Жіберу кедені".

Указывается наименование(я) таможенного(ых) органа(ов), в котором(ых) начинается перевозка товаров.

3-баған. "Беру"

ХЖТ кітапшасын берген халықаралық ұйымның атауы полиграфиялық тәсілмен басылуы тиіс - TRU "UNION INTERNATION TES TRANSPORTS REUTISS" (МСАТ, Автомобиль көлігінің халықаралық одағы)...

Нөмірсіз баған "Ресми пайдалану үшін".

Жіберу кедені тауарларды жіберу кезінде хабарлау қажетті деп санайтын барлық деректер көрсетіледі.

4-баған "ХЖТ кітапшасының иесі".

Деректер көшіріледі. Көрсетілген ХЖТ кітапшасы тысындағы бірінші парақтағы 3-баған.

5-баған "Жіберу елдері".

Жіберу (және кеден) орналасқан ел атауы көрсетіледі.

6-баған "Тағайындалу елі".

Тағайындалу кеден(дер)і орналасқан ел атауы көрсетіледі.

7-баған "Көлік құралының тіркеу нөмірі".

Тыстың бірінші парағындағы 3-бағанда көрсетілген деректер көшіріледі.

8-баған "Қоса берілетін құжаттар".

ХЖТ кітапшасына қоса берілетін құжаттар (фотосуреттер, спецификациялар және т.т.) көрсетіледі. Бұл жағдайда аталған құжаттардың көшірмелері ХЖТ кітапшасының әрбір парағына бекітіледі.

9-баған. "Жүк бөлім(дер)і немесе контейнер(лер), тану белгісі және жүк орындары немесе заттардың нөмірлері".

Тану белгісі және жүк орындары немесе заттардың нөмірлері.

Әрбір жүк бөлімі немесе контейнер бойынша жеке жүк орындарын таңбалаудың жүк бөлімдері немесе контейнерлер нөмірі көрсетіледі.

10-баған. "Жүк орындарының саны және түрі, тауарларды сипаттау".

Әрбір жүк бөлімі немесе контейнер бойынша жеке жүк орындарының саны, орама түрі, тауардың қысқаша суреттелуі көрсетіледі.

11-баған "Брутто салмақ".

Әрбір жүк бөлімі немесе контейнер бойынша тауарлардың брутто салмағы ( орамамен бірге) көрсетіледі.

Ескерту (9-11-бағандар).

Егер ХЖТ кітапшасы көлік құралдары немесе бірнеше контейнерлер құрамына берілсе, әрбір көлік құралының немесе контейнердің жеке мазмұны көрсетіледі.

Егер тасымалдау маршруты бірнеше жіберу немесе тағайындау кедені арқылы өтсе, онда тауарлар туралы деректер әрбір кеден бойынша жеке енгізіледі.

12-баған "Манифесте көрсетілген жүк орындарының жалпы саны".

ХЖТ кітапшасының манифестінде көрсетілген және көлік құралымен тасымалданатын жүк орындарының жалпы саны көрсетіледі. 1, 2, 3 секцияларда жеке әрбір тағайындалу кедені бойынша жүк орындарының саны көрсетіледі.

13, 14, 15-бағандар "ХЖТ кітапшасын ұстаушының орны, күні, қолы".

ХЖТ кітапшасын ұстаушының уәкілеттенген өкілінің қолы және ХЖТ кітапшасын толтыру орны, күні қойылады.

Басқа бағандар 1/2 жыртылмайтын парағында толтырылмайды.

### 3. N 1 жыртылатын парақ

1-15-бағандарды жыртылмайтын парақты толтыру үшін көзделген тәртіпте ХЖТ кітапшасының иесі толтырады, осы бағандарда көрсетілген деректер жыртылмайтын парақта көрсетілген деректерге сәйкес келуі керек.

ХЖТ кітапшасының иесі ХЖТ рәсімін сақтай отырып тасымалдау кезінде пайдаланатын барлық парақтарды толтырады.

16-дан 23-бағандары және ақ түстегі N 1 жыртылатын парақтың түбіршегін транзит және тағайындалу мемлекетінің жіберу кедендері және әкелу кедендері толтырады.

16-баған. "Бастырылған пломбалар және айыру белгілері (саны, сипаттау)"

17-баған "Жіберу кедені. Жіберу кедені лауазымды тұлғасының жеке мөртаңбасы, қолы, күні".

Кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және жеке мөрі, ХЖТ кітапшасының жыртылатын парағын толтыру күні.

18-баған "Кедендік ресімдеуге жүкті қабылдау туралы куәлік (жіберу кедені немесе шығар кездегі өтпелі кеден).

Транзит мемлекетке немесе тағайындалу мемлекетіне тауарларды жіберу кедені немесе әкелу кедені атауы көрсетіледі.

19-баған. "Бұзылған деп танылып салынған пломба мөрлері немесе айыру белгілері".

Осы бағандағы төртбұрыш сызылып тасталады.

Жіберу кеденінің 1 жыртылатын парағын ресімдеу кезінде баған толтырылмайды.

20-баған. "Транзиттік тасымалдың ұзақтығы".

Тағайындалу еліне тағайындалу кеденіне дейінгі немесе транзит кезінде тауарларды әкетуде кеденге дейінгі тауарларды жеткізу күні көрсетіледі.

21-баған. "Т кезінде кеден органы тіркеген".

ХЖТ кітапшасын пайдалана отырып тасымалдау тіркелген кеденнің атауы және нөмірі көрсетіледі.

22-баған. "Әртүрлі (тауарлар көрсетілуі тиіс кеден органы, тауарларды жеткізу орны)"

Мемлекет аумағынан тауарлар әкетілетін немесе оған тауарлар жеткізілуі тиіс кеден атауы көрсетіледі. Қажеттілік жағдайында жүру маршруты көрсетіледі.

23-баған. "Кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және мөрі".

Кеден органы лауазымды тұлғасының жеке мөрі және қолы, күні қойылады.

**4. N 1 түбіршек**

Жіберу кедені толтырады.
1-баған. "Келуді кеден белгіледі"
Жіберу кеденінің атауы көрсетіледі.
2-баған. "N үшін".
21-бағаннан деректер көшіріледі.
3-баған. "Салынған пломбалар немесе айыру белгілері".
Кедендік қамтамасыз етулер туралы жазба енгізіледі.
4-баған. "Сәйкестендіру құралдары зақымданбаған".
Кедендік қамтамасыз етулер бұзылмағандығын куәландыратын төртбұрышқа крест енгізіледі.
5-баған. "Әртүрлі (жүк және т.б. көрсетілуі тиіс белгіленген маршрут, кеден)".
Тауарлар жеткізілуі тиіс кеден атауы көрсетіледі. Қажеттілік жағдайында жүру маршруты белгіленеді.
6-баған. "Кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және жеке мөрі".
Жіберу кедені лауазымды тұлғасының күні, қолы және жеке мөрі қойылады.

## 5. N 2 жыртылатын парақ

24-28-бағандарды әкету кедені немесе тағайындалу кедені толтырады.
24-баған. "Тауарларды көрсету туралы белгі".
Тіркеу журналында ХЖТ кітапшасын пайдаланумен тасымал тіркелген тіркеу нөмірі көрсетіледі.
25-баған. "Сәйкестендіру құралдары бұзылмаған".
Кедендік қамтамасыз етулер бұзылмағандығын куәландыратын төртбұрышқа крест енгізіледі.
26-баған. "Ресімделген жүк орындарының саны".
Кеден органының бақылауымен тиелген жүк орындары мен тауарлардың саны көрсетіледі. Егер тиеу жүргізілмесе баған толтырылмайды.
27-баған. "Ресімдеу кезіндегі себептер".
Ереженің 18-тармағына сәйкес тауарларды тасымалдау қағидатының табылған бұзылған ережелері енгізіледі.
28-баған. "кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және мөрі".
Кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және мөрі қойылады.

## 6. N 2 түбіршек

1-баған. "Кеден келуді белгіледі".
Тіркеу журналында ХЖТ кітапшасының тіркеу нөмірі мен органы және

тағайындау кедені немесе әкету кеденінің атауы көрсетіледі.

2-баған. "салынған белгілер және пломбалар немесе айыру белгілері бұзылмаған деп танылған".

Кедендік қамтамасыз етулер бұзылмағандығын куәландыратын төртбұрышқа крест енгізіледі.

3-баған. "Кеден органы бақылауында тиелген жүк орындарының кедендік ресімдеуі жүргізілді. Егер тиелген жүргізілмесе, баған толтырылмайды.

4-баған. "Жаңадан салынған мөрлер мен пломбалар".

Кедендік қамтамасыз етулер туралы жазба енгізіледі. Егер жаңа кедендік қамтамасыз етулер салынбаса, баған толтырылмайды.

5-баған. "Ресімдеу кезіндегі ескертулер".

ХЖТ кітапшасын ресімдеу кезінде кеден органы жасаған ескертулер көрсетіледі (N 2 жыртылатын парақтың 27-бағаны).

Ескертулер:

Кеден органдары Халықаралық автомобильдік тасымалдаушылар одағына талап-арызға жасалған ескертулердің мәнін өте анық жазу қажет және бағанда "К" белгісін қою керек.

6-баған. "кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және мөрі".

Кеден органы лауазымды тұлғасының қолы және мөрі қойылады.

## 7. Жол-көлік оқиғалары туралы хаттама

1, 2, 3 және 5-бағандар ХЖТ кітапшасының жыртылатын парақтарындағыдай тәртіпте толтырылады.

4-баған. "Жол көлік құралының тіркеу нөмірі, контейнердің сәйкестендіру нөмірі, контейнердің айыру белгісі".

ЖКО-на түскен көлік құралдары мен контейнерлердің нөмірлері туралы деректер көрсетіледі.

6-баған. "кеден пломбалары бұзылған/бұзылмаған".

Тиісті төртбұрышқа крест енгізіледі.

7-баған "Жүк бөлімі/контейнер бұзылмаған/бұзылған".

Тиісті төртбұрышқа крест енгізіледі.

8-баған "Ескерту".

Жүк бөлімдері немесе контейнерлер, көлік құралдары мен тауарлар жағдайы туралы жалпы деректер көрсетіледі.

9-баған. Жүктердің жоғалуы белгіленген/белгіленбеген".

Тиісті төртбұрышқа крест енгізіледі.

10-баған. "Жүк бөлімі немесе контейнер, жүк орындарының нөмірі және таңбалау".

Таңбалау, ал қажеттілік жағдайында ЖКО-на түскен жүк бөлімінің рет нөмірі немесе контейнердің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

11-баған. "Жүк орындарының саны және түрі, тауарларды суреттеу".

Жойылған тауарларды бұзу объектілері болып табылатын және/немесе жоқ тауарлар туралы деректер көрсетіледі.

12-баған. "О немесе У".

Тауарлардың әрбір жоқ және/немесе жойылған түріне "О" (жоқ) немесе "У" ( жойылды) көрсетіледі.

Тауарлардың әрбір жоқ және/немесе жойылған түріне қарсы саны көрсетіледі.

14-баған. "күні мен орны".

ЖКО-ның күні мен орны көрсетіледі.

15-баған. "Қабылданған шаралар...".

Кедендік қамтамасыз етулер бұзылмағандығын куәландыратын төртбұрышқа крест енгізіледі.

16-баған.

Егер тауарлар басқа көлік құралына қайта тиелсе толтырылады.

Осындай көлік құралдары мен жаңа кедендік қамтамасыз етулер туралы барлық қажетті деректер көрсетіледі.

17-баған "Хаттаманы жасаған Құзыретті орган".

ЖКО туралы хаттаманы жасаған мемлекеттік орган атауы (кеденнен басқа) көрсетіледі.

18-баған. "Келесі кеден белгісі".

Жол-көлік оқиғасы фактісін растауға арналған. ЖКО болған кеденнің қызмет аймағы (18-баған).

Ескерту:

Егер хаттаманы кеден органы тікелей жасаса 17-бағанды орындау міндетті емес.

Кеденнің жол-көлік оқиғасы фактісін растамай хаттама жарамсыз деп саналады (18-баған).

Хаттама ХЖТ кітапшасында қалдырылады.

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге
2-қосымша

---

_________________________

Халықаралық ұйымның

а т а у ы

______________________

. . . . П А Р А Қ N

______________________________________________________________

1.___________________________дейінгіні (қоса алғанда) кедендік жөнелту орынының жүктерін қабылдау үшін жарамды

2.________________________________________________________________

( к і м )

____________________________________________________________берген

(құжатты берген бірлестіктің атауы)

3.Ұстаушы_______________________________________________________

(тегі, мекен-жай, елі)

4. Құжаты берген бірлестік өкілінің қолы мен осы бірлестіктің мөрі

5. Халықаралық ұйым хатшысының қолы

(кітапшаны ұстаушы пайдаланғанға дейін толтырылады)

6. Жөнелтілген елі____________________________________________

7. Баратын елі (1) ________________--______________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

8. Жол көлік құралдарының тіркеу нөмірлері (1) _________________

______________________________________________________________

9. Жол көлік құралдарына рұқсат етілгендігі туралы куәлік (нөмірі мен күні) (1) _____________________________________________

10. Контейнер(лер)дің таным нөмір(лер)і (1) __________________

______________________________________________________________

11. Басқа да ескертпелер_____________________________________

______________________________________________________________

12. Кітапшаны ұстаушының__________________________________қолы

(1) Керексізін сызып тастаңыз

______________________________________________________________

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге 3-қосымша

______________________________________________________________

N 1 ЖЫРТЫП АЛАТЫН ПАРАҚ. 2-бет 1. N ХЖТ КІТАПШАСЫ

2. Жөнелтілетін жердегі кеден(дер) 3. Халықаралық ұйымның атауы

1 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

2 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

3 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

---

Ресми пайдалану үшін 4. Кітапшаны ұстаушы (атауы, мекен-жайы, елі)

---

5. Жөнелтілген елі 6. Баратын ел(дер)і

---

7. Жол көлік құралдарының тіркеу нөмір(лер)і 8. Манифиске қоса берілетін құжаттар

---

ЖҮК МАНИФЕСІ

---

9. (а) жүктік жөнелтілім(дер) немесе контейнер(лер) бірегейлендірілуі) (б) жүктік орындардың немесе заттардың таным белгілері мен нөмірлері 10. Жүктік орындардың немесе заттардың саны мен тегі; жүктердің сипаттамасы 11. Таза салмағы килло. граммен 16. салынған пломбалар немесе таным белгілері (саны,

---

12. Манифисте жазылған жүктік орындардың жалпы саны, баратын жері: Саны 13. Мен жоғарыда 1-12 айдарларда келтірілген мәліметтер дәл және толық екендігін мәлімдеймін. 14. Орыны мен күні. 15. Ұстаушының немесе оны өкілінің қолы 17. Жөнелтілген жердегі кеден. Кеденнің лауазымды адамның қолы мен күні қойылған кеденнің штемпелі

---

18. Жүктің кедендік ресімдеуге 24. Жүктің кедендік ресімдеуге

қабылданғандығы туралы куәлік (жөнелтілген жердегі кеден немесе шығар жердегі аралық кеден)

қабылданғандығы туралы куәлік (шығар жердегі аралық кеден немесе жөнелтілген жердегі кеден)

---

19. Қойылған мөрлер мен пломбалар немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

20. Транзиттік тасымалдаудың қашықтығы

25.Қойылған мөрлер мен пломбалар немесе таным белгілері бүлінбеген танылды деп

---

21. Кеден (қай?) тіркеді N

26. Ресімделген жүктік орындардың саны

---

22. Басқалары (белгіленген бағыты, жүк берілуге тиіс кеден және т.б.) __________________ X

27. Ресімдеу кезіндегі ескертпелер __________________X

23. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен күні көрсетілген кеденнің штампелі

28. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен күні көрсетілген кеденнің штампелі

---

-----------------------------------------------------------------

**N 2 түбіршек. 2-Бет N ХЖТ кітапшасы**

---

1. Келуін кеден (қай), белгіледі ________________________________

6. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен кеденнің күні көрсетілген штампелі

2. Қойылған мөрлер мен пломбалар немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

3. Жүктік орындарды_____________ немесе заттарды кедендік ресімдеу ________________________________ жүргізілді

4. Жаңа қойылған мөрлер мен пломбалар

5. Ресімдеу кезіндегі ескертпелер

______________________________

______________________________
______________________________
______________________________

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге
4-қосымша

N 1 ЖЫРТЫП АЛАТЫН ПАРАҚ. 2-бет 1. N ХЖТ КІТАПШАСЫ

2. Жөнелтілетін жердегі кеден(дер) 3. Халықаралық ұйымның атауы
1 . ______________
2 . ______________
3 . ______________

Ресми пайдалану үшін 4. Кітапшаны ұстаушы (атауы, мекен-жайы, елі)

5. Жөнелтілген елі 6. Баратын ел(дер)і

7. Жол көлік құралдарының тіркеу нөмір(лер)і 8. Манифеске қоса берілетін құжаттар

__________________________________

ЖҮК МАНИФЕСІ

9. (а) жүктік жөнелтілім(дер) немесе контейнер(лер) (б) жүктік орындардың немесе заттардың таным белгілері мен нөмірлері 10. Жүктік орындардың немесе заттардың саны мен тегі; жүктердің сипаттамасы 11. Таза салмағы килло. граммен 16. салынған пломбалар немесе таным белгілері (саны, бірегей. лендірілуі)

12. Манифисте Саны 13. Мен жоғарыда 1-12 17. Жөнелтілген

жазылған жүктік орындардың жалпы саны, баратын жері:

айдарларда келтірілген мәліметтер дәл және толық екендігін мәлімдеймін.
14. Орыны мен күні.
15. Ұстаушының немесе оны өкілінің қолы

жердегі кеден. Кеденнің лауазымды адамның қолы мен күні қойылған кеденнің штампелі

---

18. Жүктің кедендік ресімдеуге қабылданғандығы туралы куәлік (жөнелтілген жердегі кеден немесе шығар жердегі аралық кеден)

24. Жүктің кедендік ресімдеуге қабылданғандығы туралы куәлік (шығар жердегі аралық кеден немесе жөнелтілген жердегі кеден)

---

19. Қойылған мөрлер мен пломбалар немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

20. Транзиттік тасымалдаудың қашықтығы

---

21. Кеден (қай?) тіркеді N

---

22. Басқалары (белгіленген бағыты, жүк берілуге тиіс кеден және т.б.)

___________________

23. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен күні көрсетілген кеденнің штампелі

---

-------------------------------------------------------------------

**N 1 түбіршек. 1-Бет N ХЖТ кітапшасы**

---

7. Келуі кеден (қай), белгіледі
________________________________

12. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен кеденнің күні көрсетілген штампелі

8. Қойылған мөрлер мен пломбалар

немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

9. Жүктік орындары ______________ немесе заттарды кедендік ресімдеу ______________ жүргізілді

10. Жаңа қойылған мөрлер мен пломбалар

11. Ресімдеу кезіндегі ескертпелер

________________________________
________________________________
________________________________
________________________________

---

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге 5-қосымша

---

N 1 ЖЫРТЫП АЛАТЫН ПАРАҚ. 2-бет 1. N ХЖТ КІТАПШАСЫ

---

2. Жөнелтілетін жердегі кеден(дер) 3. Халықаралық ұйымның атауы

1 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
2 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
3 . _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

---

Ресми пайдалану үшін 4. Кітапшаны ұстаушы (атауы, мекен-жайы, елі)

---

5. Жөнелтілген елі 6. Баратын ел(дер)і

---

7. Жол көлік құралдарының тіркеу нөмір(лер)і 8. Манифеске қоса берілетін құжаттар

________________________________________

ЖҮК МАНИФЕСІ

---

9. (а) жүктік жөнелтілім(дер) немесе контейнер(лер) 10. Жүктік орындардың немесе заттардың саны мен тегі; жүктердің сипаттамасы 11. Таза салмағы килло. граммен 16. салынған пломбалар немесе таным белгілері (саны, бірегей.

(б) жүктік орындардың немесе заттардың таным белгілері мен нөмірлері лендірілуі)

---

12. Манифисте жазылған жүктік орындардың жалпы саны, баратын жері: Саны

13. Мен жоғарыда 1-12 айдарларда келтірілген мәліметтер дәл және толық екендігін мәлімдеймін.
14. Орыны мен күні.
15. Ұстаушының немесе оны өкілінің қолы

17. Жөнелтілген жердегі кеден. Кеденнің лауазымды адамның қолы мен күні қойылған кеденнің штемпелі

---

18. Жүктің кедендік ресімдеуге қабылданғандығы туралы куәлік (жөнелтілген жердегі кеден немесе шығар жердегі аралық кеден)

24. Жүктің кедендік ресімдеуге қабылданғандығы туралы куәлік (шығар жердегі аралық кеден немесе жөнелтілген жердегі кеден)

---

19. Қойылған мөрлер мен пломбалар немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

20. Транзиттік тасымалдаудың қашықтығы

25. Қойылған мөрлер мен плом. балар немесе таным белгілері бүлінбеген деп танылды

---

21. Кеден (қай?) тіркеді N

26. Ресімделген жүктік орындардың саны

---

22. Басқалары (белгіленген бағыты, жүк берілуге тиіс кеден және т.б.)
___________________

23. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен күні

27. Ресімдеу кезіндегі ескертпелер___________________

28. Кеденнің лауазымды адамының қолы мен күні көрсетілген кеденнің штампелі

көрсетілген кеденнің штампелі

---

--------------------------------------------------------------------

N 2 түбіршек. 2-Бет N ХЖТ кітапшасы

---

13. Келуін кеден (қай), белгіледі 18. Кеденнің лауазымды
________________________________ адамының қолы мен кеденнің
күні көрсетілген штампелі
14. Қойылған мөрлер мен пломбалар
немесе таным белгілері бүлінбеген
деп танылды
15. Жүктік орындары ______________
немесе заттарды кедендік ресімдеу
________________________________
жүргізілді
16. Жаңа қойылған мөрлер мен пломбалар
17. Ресімдеу кезіндегі ескертпелер
________________________________
________________________________
________________________________
________________________________

---

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге
6-қосымша

**МДП кітапшаларын тіркеу**
**ЖУРНАЛЫ**
**(жөнелтуші кеден органдары)**

---

N Күні Алушы/жөнелтуші, Тасымал. МДП кітап. Тауар Орындар. Таза Құн
(атауы, мекен- даушы шасының (атауы, дардың сал. бір
жай, баратын т/ж (атауы N коды) саны мағы лі
станциясының мен гі
мекен-жайы) мекен- то.
жайы) на.
мен)

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Таблицаның жалғасы

| Құны | Баратын кеден органы | Инспектордың аты-жөні, жеке нөмірлі мөрі | Жеткізілгендігі туралы растау (күні, құжат. тың N) | Құжаттар баратын кеден органына жіберіл. ді (күні, қолы) | Баратын кеден орган. дарының құжаттар. дың келіп түскені туралы растау |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге 7-қосымша

**МДП кітапшаларын тіркеу**
**ЖУРНАЛЫ**
**(баратын кеден органдары)**

| N | Күні | Жөнелтуші кеден органы | МДП кітап. шасының N | Алушы (атауы, мекен-жайы) | Тасымал. даушы (атауы, мекен-жайы) | Тауар (атауы, коды) | Таза салма. ғы (тонна. да) | Тауардың келіп түскені туралы хабарды берушi адамның аты-жөні, лауа. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

з ы м ы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Таблицаның жалғасы

| ЖКД нөмірі | Кеден органының лауазымды адамының аты-жөні |
|---|---|
| 10 | 11 |

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге
8-қосымша

**ХЖТ рәсімі бойынша кедендік ресімдеуге қабылданбайтын тауарлардың тізбесі**

| NN | СЭҚ ТН бойынша тауарлардың атауы | СЭҚ ТН бойынша тауарлардың коды |
|---|---|---|
| 1. | Көлемі бойынша кемінде 80% спирті бар ішуге жарамсыз етілмеген этиль спирті | 220710800 |
| 2. | Күші кемінде 80% спирті бар ішуге жарамсыз етілмеген этиль спирті; күшті спирттік ішімдіктер, ликерлер мен басқа да алкогольді ішімдіктер; ішімдіктер дайындау үшін пайдаланылатын құраушы спирттік жартылай фабрикаттар | 2208 |

3. Темекісі бар сигарлар (ұшы қиылған сигарлар мен сигариалдарды (жіңішке сигарларды) қоса алғанда) 240210000
4. Темекісі бар сигарлар 240220000
5. Кез келген мөлшерде темекіні алмастырғыштар бар немесе жоқ шегетін темекі 240310000

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге 9-қосымша

---

Х А Т Т А М А

ХЖТ Конвенциясының 25-бабына сәйкес жасалған

(ХЖТ кітапшасын пайдалануға қатысты 13-17 ережені қараңыз)

---

1. Жөнелтілген жердегі кеден(дер) 1. ХЖТ кітапшасы N ________________________

3. Берді (кім)

---

2. Жол-көлік құрал(дар)ының тіркеу нөмір(лер)і 4. Кітапшаны ұстаушы

---

Контейнер(лер)дің танымдық нөмір(лер)і

---

6. Кедендік пломба(лар) бүлінбеген 8. Мәні бүлінген __ __ ______________________________________________

_____________________

7. Жүк бөлім(дер)і бүлінген, бүлінбеген __ __ ______________________________________________

______________________

9. Видимой пропажи груза не установлено Грузы, указанные в рубриках 10-13, отсутствуют (О) или уничтожены (У), как указано в рубрике 12

---

10.(а) Грузовое(ые) отделение(я)или контейнер(ы) (б) Марки и номера грузовых мест или предметов

---

11. __Жүктің көзге түсіп тұрған жоғалуы белгіленген жоқ __10-13-айдарларда көрсеткен жүктер жоқ (О) немесе 12-айдарда көрсетілгендей жойылды (У)

---

12. (а) Жүк бөлім(дер)і немесе контейнер.(лер)і (в) жүктік орындар.дың немесе заттар.дың маркілері мен нөмірлері 13. Жүктік орындардың немесе заттардың саны мен тегі; жүктердің сипаттамасы 12. 13. О немесе У Ескертулер (атап айт. қанда,жүктің жетпейтін бөлігін немесе жойылған жүкті көрсету)

---

14. Жол-көлік оқиғалары болған күн, жер және жағдай ________________________
______________________________________________________

15. ХЖТ операцияларын жалғастыру үшін қабылданған шаралар
__ Жаңа мөрлер мен пломбалар қою: саны________есептен шығару____
__ Жүктерді артық тиеу (төмендегі 16-айдарды қараңыз)
_ _ Басқалары

---

16. Егер жүктер артық тиелген болса: жүк артық тиелген жол-көлік құрал(дар)ының немесе контейнер(лер)дің айырым белгілері
Тіркеу нөмірі Иә Жоқ Рұқсат етілгендігі туралы куәліктің N Қойылған мөрлер мен пломбалардың саны мен сипаттамасы
(а) Көлік құралы ________ __ __ ________ __/ ________
________ __ __ ________ __/ ________
Танымдық нөмірі
(б) Контейнер ________ __ __ ________ __/ ________
________ __ __ ________ __/ ________ __________________________
______________________________________________________

17. __ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __, __ __ __ __
__ __ __ __ __ 18. __ __ __ __ __ __ __ __ __ __
__ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __ __

---

__ Тиісті айдарларға крест қойылады -----------------------------------------------------------------

ХЖТ кітапшасын қолданумен бірге жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кеден конвенциясын қолдану туралы ережеге
10-қосымша

**Тасымалдаушыдан кедендік төлемдер мен өсімақыларды даусыз өндіріп алуға арналған**
**АКТ**

"___"__________200_ж. _________________________
кеден басқармасынан (кеденінен)_________________________
кеден басқармасына (кеденіне) жол жүріп бара жатқан тіркеу /бірегейлік N ____________автомашинаны (контейнерді)
ХЖТ рәсімі бойынша ресімдеу кезінде берді (кім)___________
(ұстаушы)_____________________________________________________
(тасымалдаушының атауы, мекен-жай,
_____________________________________________________________
банктегі шотының N, ФАА, тел. телефаксі)
__________________________________"___"_____________200_ж. N____
(кеден органының атауы)
Хаттамамен көрсетілген кеден ережелерінің бұзылғандығын анықтады.
"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабына сәйкес саны______________ құны
________________________________________тауарды кеден органының
(тауардың кедендік құны)
рұқсатынсыз бергені (жоғалтқаны, жеткізбегені) үшін ХЖТ кітапшасын ұстаушы_____________________________________дан мынадай кедендік
(тасымалдаушының атауы)
төлемдер мен өсімақылар өндіріліп алуға жатады.
Әкелулік (импорттық) баж_________________________________(сомасы)
ҚҚС ____________________________________________________(сомасы)
Акциз___________________________________________________(сомасы)
Кедендік ресімдеу үшін алымдар__________________________(сомасы)
Төлеуді кешіктіргені үшін өсімақы________________________(сомасы)
Барлығы: өндіріп алуға жататын сома______________________(сомасы)
Даусыз есептен шығаруға арналған________________жалпы сомаға
__________күнгі N_________төлем құжаты
Мөлшері______________________________ өндіріліп алынған сома
Кеден органының________________________________________

(банктің атауы, ФАА)
N________________________ шотына "___"__________________200__ж.
(кеден органы шотының N) ақша қаражатының түскен күні) түсті
_____________________________________________________________
____________________________байланысты ХЖТ кітапшасын ұстаушыдан тиесілі соманы өндіріп алу мүмкін болмады________________________
(кеден органының атауы)

Лауазымды адамның қолы
___________________________
(лауазымы, аты-жөні, қолы)
Мөр

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 15 ақпанда

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен
бекітілген

## Экспортталатын тауарларды уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің Тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Экспортталатын тауарларды уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеу жөніндегі осы Тәртіп (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - кеден ісі туралы Заң) Заңындағы 193 , 201 -баптарына сәйкес әзірленген және уақытша мәлімдеудің рәсімдерін пайдаланған кезде тауарлар экспортының кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу тәртібін анықтайды.

2. Жүк кеден декларациясын берген күні тауарлардың кедендік құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда уақытша мәлімдеу процедурасы қолданылады.

3. Уақытша жүк кеден декларациясын (бұдан әрі - УЖКД) беру жолымен тауарларды ресімдеу қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге тауарларды әкету жүргізілетін кеден органының солар үшін белгіленген орындарда жүзеге асырылады.

Көлік құралдарының саны мен тасымал құжаттарына қарамастан, бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарт) бойынша бір ғана алушының мекен-жайына бір ғана жөнелтуші тек бір ғана өткізу пункті арқылы көліктің бір түрімен әкетілген тауарлары бір мезгілде кедендік ресімдеуге берілгенде тауарлардың бір тобы түрінде мәлімденеді.

4. УЖКД-мен бір мезгілде оның электрондық көшірмесі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген басқа құжаттары, кедендік ресімдеуді жүргізуге, кедендік және валюттік бақылауды атқару үшін қажет құжаттар мен мәліметтер ұсынылады.

5. УЖКД-сы жүк кеден декларациясын (бұдан әрі - ЖКД) толтыру тәртібіне сәйкес толтырылады, онда келесі ерекшеліктер ескеріледі:

"Мәлімдеу түрінің" 1-бағанының үшінші бөлігінде "уақытша мәлімдеу", "УМ" - әріптік индексі көрсетіледі;

декларант тауардың құнын сатып алу-сату сыртқы сауда мәмілесінің бағасын ескере отырып мәлімдейді. Егер келісім-шартта (шартта) тіркелген тауар бағасы (соңғы, дәл) болмай тек оны айқындаудың шарттары белгіленсе (мысалы, келісім-шартқа сәйкес белгілі бір күн немесе биржалық белгілеумен бағаны есептеу формуласының негізінде), онда аталған тауарларды шартты (уақытша) бағалау үшін не келісім-шартта белгіленген алдын-ала (болжамды) баға, не келісім-шартта белгілеген есептеудің шарттарына сәйкес УЖКД-ны берген күнгі айқындалып есептелінген баға қолданылады.

Осындай есептеуді жүргізу мүмкін болмаған кезде, әкетілетін тауарлардың шартты (уақытша) бағасын белгілеуді кеден органы қолда бар бағалық ақпараттардың негізінде жүргізуіне болады.

6. УЖКД-ны қабылдау мен тіркеу ЖКД-на қатысты қолданылып жүрген Кеден комитетінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі. УЖКД-ны тіркеу ЖКД-ның тіркелу журналында жүргізіледі.

7. УЖКД-ның парақтарын үлестіру келесі түрде атқарылады:

бірінші және екінші даналары кеден органында қалады;

үшінші данасы декларантқа қайтарылады;

төртінші данасы декларантқа қайтарылады және тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету үшін негіз болып табылады.

8. УЖКД-да мәлімделген тауарларды жеткізілгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей декларант УЖКД-да мәлімделген тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген кеден органына толық жүк кеден декларациясын ұсынады.

Аталған мерзім коносаментті, қабылдау - алу актіні не болмаса бағасы мен мөлшерін анықтау үшін пайдаланатын өзге құжаттарды ресімдеген күннен

бастап есептелінеді, бірақ ол УЖКД-ны ресімдеген күннен бастап санағанда 60 күннен аспауы керек.

Ерекше жағдайларда, (ЖКД-ны ұсыну үшін қажет құжаттарды ұсынуды дәлелді кідірткен кезде), кеден органы бастығының рұқсатымен ЖКД-ның ұсыну мерзімін ұлғайтуға болады, бірақ ол 10 күннен аспауы тиіс.

9. ЖКД-ны декларант толтырады және ұсынады, ал кеден органы оны қабылдайды және УЖКД-сын кеден органы қабылдаған күні қолданыста болған Кеден комитетінің құқықтық нормативтік актілеріне сәйкес ресімдейді. ЖКД-на, УЖКД-дағы анықтама нөмір УЖКД-на тағылады, бұл орайда, олар бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖКД-сы келесі ерекшеліктер ескеріліп толтырылады:

"Кеден бақылауының" Д-бағанында кеден органының лауазымды тұлғасы соның негізінде тауардың соңғы бағасы айқындалған құжаттың күнін қосымша қояды. Аталған жазуға кеден органының лауазымды тұлғасы қолын қойып, жеке нөмірлі мөрін басады және "Шығаруға рұқсат" деп жазылған мөртабанда көрсетілген орнына ЖКД-ның электрондық көшірмесіне енгізіледі.

ЖКД-ның парақтарын үлестіру келесі түрде атқарылады:

бірінші данасы кеден органында қалады;

екінші данасы кеден статистикасында пайдаланылады;

үшінші және төртінші данасы декларантқа қайтарылады;

10. Мәлімдеуі УЖКД-ны ұсыну жолымен жүзеге асырылатын тауарларға қатысты бейтарифтік реттеу шаралары мен шектеуліктерді сақтау, шетел валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу бағамын қоса алғанда, кеден органы аталған уақытша декларацияны қабылдаған күні қолданылған нормаларға сәйкес жүргізіледі.

11. Кеден төлемдері мен салықтары УЖКД-ны қабылдағанға дейін немесе бір мезгілде төленеді. Кеден төлемдерін кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу Кеден комитетінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Кеден органы УЖКД-ны қабылдаған күн - кейінге қалдыру не бөліп төлеудің басталған күні болып табылады.

12. Егер жеткізілімнің нәтижесінде кеден баждары мен салықтарының төленуге жататын сомасы УЖКД-да мәлімделгенмен салыстырғанда ұлғайып кетсе, олардың айырмашылығы төленеді, ал егер азайып кетсе, кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органы төлеушінің өтініші бойынша артық төленген соманы қайтарады не болмаса тауарлардың келесі тобы үшін төленетін төлемдер есебіне жатқызады. Кеден төлемдерінің қосымша төлемін төлеуші Қазақстан Республикасының кеден органы толық ЖКД-ны қабылдаумен бірге не оған дейін жүргізеді.

13. Кедендік және валюттік бақылауды Қазақстан Республикасының кеден

органы кеден ісі туралы Заңға, Қазақстан Республикасының валюта заңнамалары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Тауарларды УЖКД-ны ұсыну жолымен мәлімдеген кезде, кеден органы жүк кеден декларациясын қабылдаған күні қолданыста болған тиісті нормативтік актілер қолданылады.

14. Валюталық түсімнің түсу мерзімі, кеден органының лауазымды тұлғасының ЖКД-ның "Д"- бағанында соның негізінде тауардың соңғы бағасы айқындалған қосымша көрсеткен құжаттың және "Шығаруға рұқсат" деп жазылған мөртабанда көрсетілген күннің орнына ЖКД-ның электрондық көшірмесіне енгізілген күннен бастап есептелінеді.

15. Тауарларды ЖКД-ны ұсынғанға дейін, УЖКД-сын ұсыну жолымен мәлімдеген кезде, экспорттаушы берген бақылауды жүргізу үшін оперативтік, коммерциялық және көлік құжаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден органы қойған талап бойынша тасымалдаушы не тұлғалар берген аталған құжаттар немесе тауарлардың мөлшері мен сапасы туралы мәліметтер пайдаланады.

16. Тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлғалар, тауарлардың бағасын анықтауды жүргізуге міндетті. Тауарлар бағасын дәлелдейтін құжаттар кеден органына толық ЖКД-сын ұсынумен бір мезгілде беріледі.

17. Тауарлардың мөлшері мен сапасының сәйкестігін бақылау үшін кеден органдары кеден зертханасының берген сараптама бағасын пайдалануға болады.

18. Сыртқы сауданың кедендік статистикасында және валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін тек толық жүк кеден декларациялары есептелінеді.

19. Кедендік ресімдеудің аталған тәртібі түтікті құбыр көлігімен және электр қабылдағыш желілер бойынша тасымалданатын тауарларға таратылмайды.

| | |
|---|---|
| Келісілді | Бекітілді |
| Қазақстан Республикасының | Қазақстан Республикасы |
| Мемлекеттік кіріс министрі | Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Кеден комитетінің |
| 2001 жылғы 15 ақпанда | 2001 жылғы 15 ақпандағы |

N 51 бұйрығымен

**Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің Тәртібі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің осы Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы арналы мұнай желісімен, мұнай өнімдері желісімен және газ желісімен ( бұдан әрі - құбыр желісі көлігі) және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібін белгілейді.

Осы Ереженің күші сондай-ақ тауарларды араласқан әртүрлі көлік түрлерімен , солардың бірі болып табылатын құбыр желісі көлігімен тасымалдауға қолданылады.

2. Түтік желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларды кеден ресімдеу Кеден ісі туралы заңмен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы Ережеде көзделген тәртіптегі олардың кеден режимдеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Тауарларды кедендік ресімдеу тауарлар тұрған орын бойынша кеден органы қызметінің аймағында осы үшін белгіленген орындарда жүргізіледі. Тауарды тасымалдаушы тұлға кеден органына кедендік және валюталық бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді тапсырады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті ( бұдан әрі - Кеден комитеті) кейбір тауар түрлерін өткізудің, бақылау орнының және кедендік ресімдеудің нақты пункттерін айқындай алады.

4. Белгіленген тәртіппен ресімделген жүк кеден декларациясы (бұдан әрі - ЖКД) немесе Уақытша жүк кеден декларациясы (бұдан әрі - УЖКД) тасымалдаушы үшін тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтуге негіз болып табылады.

5. Егер тауарларды алып өту солардың бірі құбыр желісі болып табылатын көлік құралының біреуден артық түрін пайдаланып жүргізілсе, кедендік ресімдеудің нақты орнын экспорттаушының негізделген өтініші бойынша Кеден комитеті айқындайды.

Егер тауарларды нақты әкету (әкелу) теңіз (өзен) көлігін пайдалана отырып жүзеге асырылған жағдайда, онда кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының кеден шекарасын тікелей кесіп өтетін теңіз (өзен) кемесін тиеу (түсіру) жүзеге асырылатын қызмет аймағындағы кеден органында жүзеге асырылады.

6. Тауарларды белгіленген тәртіпті бұза отырып алып өтуші тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

## 2. Тауарларды мәлімдеу

7. Тауарлар Кеден ісі туралы заңға, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органына мәлімденуге жатады.

8. Күнтізбелік айдың ішінде бір шарт (келісім-шарт) бойынша құбыр желісі көлігімен жеткізілетін бір кеден режиміне хабарланған тауарларды осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда әдеттегідей бір топпен, ал электр беру желілері бойынша жеткізілу көлеміне қарамастан тоқсан ішінде мәлімдеуге болады.

Ескерту: 8-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бұйрығымен .

9. Жүк кеден декларациясы төрт данада ұсынылады, кедендік ресімдеудің аяқталуы бойынша олардың:

бірінші данасы - кеден органында қалады;

екінші данасы - Қазақстан Республикасының статистикалық органдарына беру үшін кеден органында қалады;

үшінші данасы - декларантқа қайтарылады;

төртінші данасы - оны тасымалдаушыға беру үшін декларантқа қайтарылады және тауарларды тасымалдауға арналған рұқсат болып табылады.

Оның электрондық көшірмесі ЖКД-мен бірге магниттік басылымда тапсырылады.

10. Жеткізілетін тауарлардың мөлшерін айқындау үшін ЖКД-мен қоса коносамент, қабылдау тапсыру актілері болмаса тасымалдаушы рәсімдейтін басқа да құжаттар (бұдан әрі - көлік құжаттары) беріледі.

11. Тауарлар бір шарт (келісім-шарт) бойынша әдеттегідей бір топпен мәлімделген кезде, декларант осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда ЖКД 31-бағанына күнтізбелік айдың және жылдың болмаса тоқсанның атауын көрсете отырып: "... ішінде жеткізілді" деген қосымша жазу жазылады.

Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өту ЖКД-да мәлімделген кезең ішінде ғана жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 11-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бұйрығымен .

## 3. Уақытша жүк кеден декларациясын ұсыну жолымен мәлімдеген кезде тауарларды кедендік ресімдеу

12. Егер декларант ерекше бір себептермен ЖКД-сын бере алмаса, оған уақытша жүк кеден декларациясын беруге рұқсат етіледі.

УЖКД-сын ұсынумен бірге кеден органына оның электронды көшірмесі магниттік басылымда табыс етіледі.

Аталған ерекше себептер ретінде қаралуы мүмкін:

ЖКД-сын беретін күні кеден органына нақты түрде көрсетілуі мүмкін болатын қалыптасқан тауар тобының болмауы;

ЖКД-сын беретін күні тауарлардың мөлшерін, сапасын және олардың құнын айқындау мүмкін еместігі.

13. УЖКД-ы алдыңғы тоқсанда жеткізілген электр энергиясы үшін тауар әкелу жоспарланған айдың алдындағы ай ішінде кеден органына беріледі.

Жеткізілетін айда жүкті түсіру басталғанға дейін УКЖД-сын ұсынуға жол беріледі.

14. УЖКД-сы мәлімделген кеден режиміне қатысты ЖКД толтыру тәртібіне сәйкес мынадай ерекшеліктер ескеріліп толтырылады:

"Декларация түрі" деген 1-бағанның үшінші тараушасында "Уақытша декларация" - "УД" деген әріп түріндегі индексі көрсетіледі;

тауарлардың жоспарланған саны көлік құжаттарының нөмірлері мен күндері көрсетілместен көрсетіледі;

тауардың саны мен сапасына қатысты және ЖКД мәлімденуге жататын басқа да мәліметтер тауарды жеткізілуге жататын жоспарланған санын ескере отырып болжаммен көрсетіледі;

тауардың құнын декларант сатып алу-сатудың сыртқы сауда мәмілесі бағасын ескере отырып мәлімдейді. Егер келісім-шартта (шартта) тауардың нақты (дәл, соңғы) бағасы болмаса және оны айқындау шарттары ғана белгіленсе (мысалы, бағаны белгілеген күнге немесе келісім-шарт шарттарына сәйкес биржалық белгілеуде есептеу формуласының негізінде), сондай-ақ егер УЖКД ұсынатын күні әкелінетін/әкетілетін тауарлардың сапасы немесе саны туралы нақты ақпарат болмаса, онда әкелінетін/әкетілетін тауарды шартты (уақытша) бағалау үшін келісім-шартта белгіленген алдын ала (болжамды) баға болмаса келісім-шартта белгіленген есеп айырысу шарттарына сәйкес УЖКД беретін күні айқындалған есеп айырысу бағасы пайдаланылады.

Осындай есептесуді жүргізу мүмкін болмаған кезде әкелінетін/әкетілетін тауарларды шартты (уақытша) бағалауды кеден органының иелігінде бар баға ақпаратының негізінде жүргізуге болады.

"Жүк орындары және тауарларды сипаттау" 31-бағанда декларант осы Ереженің 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда күнтізбелік айдың және жылдың болмаса тоқсанның және жылдың атауын көрсете отырып: "... ішінде жеткізілді" деген қосымша жазу жазады.

Ескерту: 14-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бұйрығымен .

15. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өту УЖКД 31-бағанында көрсетілген мерзімдерде ғана жүргізілуі мүмкін.

16. УЖКД және өзге де құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және кедендік ресімдеуді ЖКД беру жолымен мәлімделетін тауарларға қатысты қолданылатын тәртіпке сәйкес кеден органы жүргізеді. УЖКД тіркеу ЖКД тіркеу журналында жүргізіледі.

17. УЖКД парақтарын тарату осы Ереженің 9-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, УЖКД екінші данасы Қазақстан Республикасының статистикалық органдарына берілмейді.

Тауарларды алып өту аумақтары арқылы жүзеге асырылатын басқа мемлекеттердің кеден органдары үшін УЖКД кедендік ресімдеу жүргізілген кеден органы бастығының немесе оның орнындағы тұлғаның мөрімен және қолымен расталған УЖКД көшірмелерін беруге рұқсат беріледі.

18. УЖКД мәлімденген тауар тобы әкелінгеннен кейін осы Ереженің 40-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда 30 күннен кешіктірмей декларант УЖКД мәлімделген тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органына толық жүк кеден декларациясын табыс етеді.

Табиғи газ бен электр энергиясы үшін аталған мерзім тауар жеткізілген айдың соңғы күнінен бастап есептеледі.

Мұнай бойынша толық ЖКД-ны берудің мерзімі тауарларды берудің УЖКД-да көрсетілген айы аяқталған күннен бастап үш айдан аспауы тиіс.

Ерекше жағдайларда (ЖКД ұсыну үшін қажет құжаттарды беру дәлелді негізде кешіктірілсе), кеден бастығының рұқсатымен ЖКД беру мерзімі 10 күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: 18-тармақ толықтырылды және өзгертілді - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бұйрығымен .

19. ЖКД-сын декларант толтырады және ұсынады, ал кеден органы УЖКД қабылдау күнгі қолданыстағы Кеден комитетінің нормативті құқықтық актілеріне сәйкес қабылдайды және ресімдейді. КЖД-на да УЖКД-ғы сияқты анықтамалық нөмір беріледі, бұл ретте, олар бір-бірінің бөлінбес бөлшегі болып табылады.

ЖКД мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады:

ЖКД-ның "Жөнелтуші" деген 2-бағанда - мұнай, мұнай өнімдерін, газ және электр энергиясын өндірушілер тікелей көрсетіледі, ал егер жөнелтуші тауарларды өндіруші болып табылмаса, онда тауарларды тиеу және оларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету немесе осы аумаққа әкелу үшін

тасымалдаушыға беру жөніндегі іс-әрекеттер жүргізген тұлға туралы мәліметтер көрсетілуі қажет;

38-бағанда ЖКД-ның "таза салмағы (кг)" балласт (механикалық қоспалардың, судың, тұздың және т.б. пайыздық құрамы) мен технологиялық жоғалтылымдар есепке алынбастан тауарлардың таза салмағы көрсетіледі;

ЖКД-ның "Кеден бақылауы" деген Д-бағанында кеден органының лауазымды тұлғасы көлік құжатының күнін қосымша жазады. Осы жазуды кеден органының лауазымды тұлғасы қолын қойып растайды және "Шығаруға рұқсат" деген мөртаңбада көрсетілген күннің орнына ЖКД-ның электронды көшірмесі енгізіледі.

Мұнай жөнелтушінің УЖКД-сын беру сәтінде нақты сатып алушы анықталмаған жағдайда, Кеден комитетінің рұқсатымен Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мұнай құятын (мұнай айдайтын) станцияларға кейін нақты сатып алушылардың саны бойынша бірнеше ЖКД және сатып алу-сату шарттарын (келісім-шарттарын) беріп, мұнай жеткізіліміне бір УЖКД беруге рұқсат етіледі. Мәміле паспорттары әрбір сатып алушыға толтырылады. Бірнеше ЖКД бойынша ресімделген мұнайдың көлемі УЖКД бойынша ресімделген мұнай көлемінен асуы мүмкін емес.

20. Сыртқы сауданың кеден статистикасында және валюта бақылауын жүзеге асыру үшін тек қана толық жүк декларациясы ескеріледі.

## 4. Тауарлар әкетілгенде (әкелінгенде) кеден органы мәлімдеген мөлшерден өзгерген жағдайда кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

21. Әкетілген (әкелінген) тауардың нақты мөлшері УЖКД-да мәлімделген мөлшерден аспауы тиіс.

22. УЖКД мәлімделген тауарларды нақты әкету (әкелу), сондай-ақ УЖКД мәлімделгеннен аз мөлшерде әкету (әкелу) жүзеге асырылмаған жағдайда, осындай тауарлар кейін оларды жеткізген кезде қайта мәлімденуге жатады.

23. Декларанттың өзінде қалған УЖКД-ның данасы, осындай тауарларға кеден мөрлерінің бедерлемелері, мөртаңбалары және кеден органдарының лауазымды тұлғалары жасаған жазулар бар көлік және тауарға ілеспе құжаттар, сондай-ақ жеткізілмеудің себебі, әкелінген (әкетілген) тауардың нақты мөлшері туралы тұлғаның жазбаша түсінігін декларант кеден органына ЖКД бергенге дейін немесе берумен қатар табыс етеді.

24. Тауарларды әкету (әкелу) жүзеге асырылмаған жағдайда УЖКД жою, сондай-ақ көлік және тауарға ілеспе құжаттардағы кеден мөрлерінің бедерлемелерін, мөртаңбаларын және кеден органдарының лауазымды тұлғалары

жасаған жазуларын жою оларды сызып тастау және УЖКД "С" бағанында кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен "Жойылды" деген жазба жасау жолымен жеткізілімнің жүзеге асырылмағаны туралы тасымалдаушы құжатпен растағаннан кейін жүргізіледі.

25. Егер УЖКД мәлімделген тауарларды әкету (әкелу) ішінара жүзеге асырылған жағдайда, кеден органының лауазымды тұлғасы декларанттың және кеден органының УЖКД даналарындағы "С" бағанында нақты жеткізілген саны көрсетіледі және кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталатын "Тауар ішінара әкелінді" деген жазу жазылады.

## 5. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу, тарифсіз реттеу шараларын және басқа да шектеулерді сақтау

26. УЖКД беру жолымен мәлімденетін тауарларға қатысты тарифсіз реттеу шаралары мен шектеулерді сақтау шетелдік валютаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағамы бойынша Қазақстан Республикасының валютасына қайта есептеуді қоса алғанда, кеден органының көрсетілген уақытша декларацияны қабылдау күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Кеден төлемдері мен салықтары УЖКД қабылдаған күнге дейін немесе кейін төленеді.

Салықтарды төлеуді кейінге қалдыру Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес беріледі.

27. Егер жеткізілім нәтижелері бойынша есептелген және кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге тиісті сомалар УЖКД мәлімделгенмен салыстырғанда артқан жағдайда, оларға қосымша төлеу жүргізіледі. Кеден төлемдері мен салықтарын қосымша төлеуді төлеуші Қазақстан Республикасының кеден органы ЖКД қабылдағанға дейін немесе берумен қатар жүргізіледі.

ЖКД бойынша төленуге тиісті кеден төлемдері мен салықтарының сомалары азайтылған кезде, артық төленген сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңдарына сәйкес қайтарылуға жатады немесе төлеушінің өтініші бойынша келесі тауар топтарының төлемдерін төлеу есебіне есептеледі.

28. УЖКД жойылған кезде кедендік ресімдеу үшін алынған кеден алымдары қайтарылмайды. Төлеушінің өтініші бойынша осыған жұмсалған сома тауардың келесі топтарын кедендік ресімдеу үшін төлемдердің есебіне жатқызылады.

## 6. Кедендік және валюталық бақылау

29. Кедендік және валюталық бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары Кеден ісі туралы заңға, Қазақстан Республикасының валюталық

заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Тауарларды УЖКД беру жолымен мәлімдеген кезде, кеден органының аталған УЖКД қабылдау күнгі қолданыстағы нормаларға сәйкес қолданылады.

Валюта түсімінің келіп түскен мерзімі ЖКД "Д" бағанында кеден органының лауазымды тұлғасы қосымша көрсеткен көлік құжаты күнінен, табиғи газ және электр энергиясы үшін - тауар жеткізілімі жүзеге асырылған және "Шығаруға болмайды" деген мөртаңбада көрсетілген күннің орнына қойылған ЖКД электронды көшірмесіне енгізілген айдың соңғы күнінен бастап есептеледі.

30. Тауарларды ЖКД ұсынғанға дейін УЖКД беру жолымен мәлімдеген кезде бақылау үшін экспортшы (импортшы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кеден органының талабы бойынша тасымалдаушы болмаса аталған құжаттар бар болмаса тауарлардың сапасы және саны туралы мәліметтері бар басқа да тұлғалар табыс еткен жедел, коммерциялық және көлік құжаттары пайдаланылады.

31. Тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлғалар тауарлардың мөлшері мен олардың санын айқындауға міндетті. Тауарлардың мөлшері мен олардың сапалық құрамын дәлелдейтін құжаттар ЖКД ұсынумен бірге кеден органына табыс етіледі.

32. ЖКД мәлімделген нақты алып өтілген тауарлардың мөлшері мен сапасын бақылауды қызмет аймағында құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша қабылдау-өткізу пункттері, сондай-ақ тауарларды көліктің бір түрінен екінші түріне қайта тиейтін орындар орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

33. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тасымалданатын электр энергиясын бақылау осы Ереженің бірінші қосымшасында көрсетілген орындарда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы нақты тасымалданған электр энергиясын бақылау үшін қажетті құжат ретінде осы ереженің 2 қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша және Қазақстан Республикасының кеден органдары пломбылаған электр энергиясын есептегішінің көрсеткіштері бойынша толтырылатын "Электр энергиясының өтуін анықтауға арналған есептегіштердің көрсеткішін алу туралы акт" пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тасымалданатын электр энергиясын кедендік ресімдеу кезінде кедендік ресімдеу үшін қажетті құжат ретінде осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша "Кеден шекарасы арқылы электр энергиясын тасымалдау туралы жиынтық акт" пайдаланылады. Осы актіге энергиямен қамтамасыз ету ұйымының басшысы

және бақылау жүргізуші кеден органының өкілі қол қояды.

34. Кеден органдары тауарлардың мөлшері мен олардың сапасының бағасына сәйкестігін бақылау үшін аккредивтелген кедендік және өзге де зертханалар өткізетін сараптамалық бағалауды пайдалануы мүмкін.

## 7. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы транзитпен тасымалданатын тауарларды ресімдеу

35. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағында орналасқан басқа екі пункттің арасында, өзге мемлекеттердің аумақтары арқылы транзитпен тасымалданатын тауарларды ресімдеуді Қазақстан Республикасының кеден органдары Кеден ісі туралы заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

36. Тауарларды мәлімдеу шетелдік тауар иелеріне көліктік-экспидиторлық қызмет көрсетуші отандық заңды тұлғалар немесе тауарлар транзитінің кеден режиміне теңдес осы Ережеге сәйкес кеден делдалдары жүзеге асырады.

37. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен транзиттік тауарларды кедендік ресімдеудің өзге тәртібі көзделсе ( ЖКД табыс етпей), мәлімдеуді отандық тасымалдаушы немесе кеден делдалы жіберу елі, нысаналы елі, статистикалық құны, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген және осы аумаққа әкелінген тауардың саны туралы мәліметтер бар деректердің жиынтығын Қазақстан Республикасының кеден органына табыс ету жолымен жүргізеді.

## 8. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Каспий құбыр желісі Консорциумының құбыр желілерінің арналы жүйесі бойынша тасымалданатын мұнайды кедендік ресімдеу

Ескерту: 8-тараумен толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қазандағы N 355 бұйрығымен .

38. Мұнайды кедендік ресімдеу Атырау облысы бойынша кеден басқармасының энергетикалық кеден бекеті қызметінің аумағында жүргізіледі.

39. Үш күнтізбелік айдың ішінде бір шарт (келісім-шарт) бойынша тасымалданатын мұнай бір топ ретінде мәлімденеді, ЖКД-ның 31-бағанына декларант айдың және жылдың атын көрсете отырып "...ішінде жеткізіледі" деген қосымша жазу жазады.

40. Толық жүктік кедендік декларацияны УЖКД-да мәлімделген мұнайды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органына ұсыну мерзімі УЖКД-да

көрсетілген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы мұнай тобын жеткізудің соңғы айы біткен күннен бастап үш айдан аспауы тиіс

Қосымша 1
Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің Тәртібіне

**Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін электр энергиясын кедендік бақылау орындары**

| Р/с N | Кедендік бақылау орындарының атауы | Электр жүйесінің атауы | ЖқЖ атауы, саны | ЖқЖ қуатының класы, қ. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ - РЕСЕЙ | | | |
| 1 | Өскемен қс. 500 | "KEGOC" ААҚ ХЭЖ Шығыс филиалы | Өскемен-Рубцовск 1 тізбек | 500 |
| 2 | Николаевка қс. ШҚО қ. | | Николаевка-Горняк 1 тізбек | 110 |
| 3 | Жезкент қ. ЖМҚҚ қс. | | Жезкент-Горняк 1 тізбек және 2 тізбек | 110 |
| 4 | Қызыл ауыл қс. ШҚО | | Қызыл ауыл - Горняк 1 тізбек | 35 |
| | ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ - РЕСЕЙ | | | |
| 5 | Екібастұз қс. Екібастұз қ. | "KEGOC" ААҚ Солтүстік ХЭЖ | Екібастұз - Барнауыл ЖқЖ-1104 | 1150 |
| 6 | Екібастұз қ. ГРЭС-1 ОРУ-500 | Солтүстік ХЭЖ | ЖқЖ-557 ЭГРЭС-Таврическая 1қс. | 500 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Ақсу ГРЭС қ. Ақсу қ. | Солтүстік ХЭЖ | ЖқЖ-552 Ақсу эл.с. - Рубцовск | 500 |
| 8 | Ақсу қс. Ақсу қ. | Солтүстік ХЭЖ | ЖқЖ-553 Ақсу - Ертіс | 220 |
| 9 | Мыңкөл қ. ЭЧЭ-502 қс. | Солтүстік ХЭЖ | Мыңкөл - Урожайная ЖқЖ-222 | 220 |
| 10 | Мыңкөл қ. ЭЧЭ-502 қс.. | Солтүстік ХЭЖ | Мыңкөл - Урожайная ЖқЖ-224 | 220 |
| 11 | Уәлиханов қ-. ЭЧЭ-501 қс. | Солтүстік ХЭЖ | Уәлиханов қ. - Ертістік ЖқЖ-225 | 220 |
| 12 | Уәлиханов қ-. ЭЧЭ-501 қс. | Солтүстік ХЭЖ | Уәлиханов қ. - Аудандық ЖқЖ-223 | 220 |
| 13 | Павлодарлық қс. Павлодар қ-. | "Павлодарэнерго. сервис" АҚСО | Маралды-Құлұнды ЖқЖ - 125 және 126/1 | 110 |
| 14 | Маралды қс. Маралды қ. | АООТ "Павлодар-энергосервис" | Маралды-Құлынды | 110 |
| 15 | Аманкелді қс. | ол да | Аманкелді - Черноусовка | 35 |

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН - РЕСЕЙ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Аврора қс. | "KEGOC" ААҚ ХЭЖ Шығыс филиалы | Аврора-Қорған | 500 |
| 16 | Аврора қс. | -//- | Аврора-Таврическая | 500 |
| 17 | Аврора қс. | -//- | Аврора-Макушино | 220 |
| 18 | ППТЭЦ-2 қс. | "Аксесс Энерго-СКРЭК" ЖШС | ППТЭЦ-2-Есіл | 220 |
| 19 | ППТЭЦ-2 қс. | -//- | ППТЭЦ-2-Петухова 1 тізбек | 110 |
| 20 | ППТЭЦ-2 қс. | -//- | ППТЭЦ-2-Петухова 2-лік тізбек. | 110 |
| 21 | Соколовка қс. | -//- | Соколовка-Есіл | 110 |
| 22 | Булаев қс. | -//- | Булаев-Юбилейная ЖқЖ 1 тізбек | 110 |
| 23 | Булаев қс. | СКРЭК | Булаев қс.- Юбилейная 2 тізбек | 110 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Железная қс. | СКРЭК | Железная-Большеприютная | 110 |
| | | | **КӨКШЕТАУ АЭК - РЕСЕЙ** | |
| 25 | Горьковская қс. | АЭК | Горьковская қс. - Полтавка қс. | 110 |
| | | | **ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ - РЕСЕЙ** | |
| 26 | Қостанай 1150 қс. | "KEGOC" ААҚ ХЭЖ Шығыс филиалы | Қостанай қс. - Челябі қс. | 1150 |
| 27 | Сокол 500 қс. | -//- | Сокол-Троицк қс. | 500 |
| 28 | Жетіқара қс. | -//- | Жетіқара қс. Ириклинская қс. | 500 |
| 29 | Качары қс. | -//- | Качары қс. - Троицкая қс. | 220 |
| 30 | Баталы қс. | "КРЭК" АҚ | пс. Баталы - пс. Ракитная | 110 |
| 31 | Жетіқара қс. | "КРЭК" АҚ | Жетіқара қс. - Бреды қс. | 110 |
| 32 | Комсомолец қс. | -//- | Комсомолец қс. - Троицк. ГРЭС | 110 |
| 33 | Шығыс қс. | -//- | Пригородная қс. - Шығыс қс. | 110 |
| 34 | Қара-Оба қс. | -//- | Қара-оба қс. - Қарталы қс. | 110 |
| 35 | Мағнай-тяга қс. | -//- | Мағнай қс.-Троицк | 110 |
| 36 | Мағнай-тяга қс. | -//- | Мағнай-тяга қс. - Саламат-тяга қс. | 110 |
| 37 | Боскөл-тяга қс. | -//- | Боскөл-тяга қс. - Троицк. қс. ГРЭС | 110 |
| 38 | Боскөл-тяга қс. | -//- | пс. Боскөл-тяга- пс. Саламат-тяга | 110 |
| 39 | Мағнай қс. | -//- | Мағнай-Мағнай ХПП | 10 |
| 40 | Боскөл-тяга қс. | -//- | Боскөл-тяга қс. РП-2 | 10 |
| 41 | КТТП 723 | -//- | Скалистое-Жамбыл | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 42 | КТТП 727 | -//- | Скалистое-Жамбыл | 10 |

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ - ӨЗБЕКСТАН

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 43 | Шымкент-500 қс. | "KEGOC" ААҚ Шымкент филиалы | ХЭЖ Л-501 пс.Шымкент - пс. Тош.ГРЭС | 500 |
| 44 | Шымкент-200 қс. | -//- | Л-241 пс. Шымкент - пс. Тош.ГРЭС | 220 |
| 45 | Жылға қс. | -//- | Л-2-Д пс. Жылға - пс. Тош.ГРЭС | 220 |
| 46 | Полтарацкое қс. | "Түркістанэнерго" | Л-Троицкая 1 цепная пс. Полторацкое пс. Майская | 110 |
| 47 | Полторацкое қс. | -//- | Л-Троицкая 2 цепная Полторацкое-пс. Майская | 110 |
| 48 | Қызыл-Әскер қс. | -//- | Л-22 пс. Қызыл-Әскер пс. Кеңес | 35 |
| 49 | Сарыағаш қс. | Сарыағаш РЭС | Сарыағаш - кеңес қс. | 35 |
| 50 | Абай қс. Шардара | Шардара РЭУ | Л-6-О қс. Абай қс. - Озотлик | 35 |
| 51 | Мақтарал қс. | "Асық-Ата-Газ" | Мақтарал - Феруз қс. | 110 |
| 52 | Жетісай қс. | -//- | Жетісай-Райцентр қс. | 110 |
| 53 | ә/б 44425 | -//- | ә/б 44425 қс. - Н - Посульская ГЭС қс. | 35 |
| 54 | қс. Славянка | -//- | Славянка қс.- Бахт қс. | 35 |
| 55 | Қоңырат қс. | -//- | Қоңырат қс. - Сырдария қс. | 35 |

Жамбыл облысы - Қырғызстан

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 56 | Жамбыл 500 қс. | "KEGOC" ААҚ филиалы | Жамбыл қс.-Бішкек қс. | 500 |
| 57 | Жамбыл 220 қс. | -//- | Жамбыл-Бішкек қс. | 220 |
| 58 | Шу қс. | -//- | Шу қс.-Главная қс. | 220 |
| 59 | Жамбыл 110 қс. | "ЖРЭК" АҚ | Жамбыл қс.- Покровка қс. | 110 |
| 60 | Георгиевка қс. | -//- | Георгиевка қс.- | 110 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 61 | Южная қс. | "Қырғызэнерго" АҚ | Главная қс. Л-117 Южная қс. - Манас | 110 |
| 62 | Благовещенка қс.- Қордай ауданы | "ЖЭС" АҚ | Благовещенка қс. - Жанги-Жер қс. | 110 |
| 63 | Ново-Воскресеновск қс. | -//- | Ново-Воскресен. қс. - Аспара қс. Мерке | 35 |
| 64 | Трудовик қс. Қордай ауданы | -//- | Трудовик қс. - Ивановка қс. | 35 |
| 65 | Алмалы қс.- Қордай ауданы | -//- | Алмалы қс. - Быстровка қс. | 35 |
| 66 | "ДСУ" (Қордай)-қс. "АГЭС-5" (Қырғыз.) | -//- | Л-37 ДСУ қс.-АГЭС қс. | 35 |
| 67 | ЖГРЭС | "Қырғызэнерго" АҚ | Л-120 "ЖГРЭС" қс.- Қара-арча | 110 |
| | | | **Алматы облысы - Қырғызстан** | |
| 68 | Алматы - 500 қс. Ұзынағаш ст. | "KEGOC" AAҚ AMЭC филиалы | Л-514 Алматы қс. - Бішкек қс. | 500 |
| 69 | Алматы - 500 қс. | -//- | ЛАГ Алматы-500 қс. - Главная қс. | 220 |
| 70 | Западная-140 қс. Ұзынағаш пос | -//- | Л-Б-З Западная қс.- Быстровка қс. | 220 |
| | | | **Ақтөбе облысы - Ресей** | |
| 71 | Өлке қс. | "KEGOC" AAҚ | Өлке қс. - Новотроицкая қс. | 500 |
| 72 | Кемпірсай қс | -//- | Кемпірсай қс. - Орская қс. | 220 |
| 73 | Ақтөбе | -//- | Ақтөбе қс.-Орская қс. | 220 |
| 74 | Яйсан қс. | АО "Актюбеэнерго" | Яйсан қс.-Ақтөбе қс. | 110 |
| 75 | Союзная не Қарабұлақ қс. | -//- | Союзная қс. - Киембай қс. | 110 |
| 76 | Зеленый Дол қс. | -//- | Зеленый Дол қс.- Покровка қс. | 35 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 77 | Урожайная қс. | -//- | пс. Урожайная - пс. Светличная | 35 |
| 78 | "Қазақстанның 15 жылдығы" с-зы | -//- | Қазақстанның 15 жылдығы қс. - Покровка қс. | 10 |
| 79 | Раздольное с. қс. | -//- | Раздольное с. қс.- Покровка қс. | 10 |
| | | | Батыс Қазақстан облысы - Ресей | |
| 80 | Степная с. қс. Степной п. | "KEGOC" ААҚ | Степная с. қс. Балаков. АЭС қс. | 500 |
| 81 | Степная қс. Степной п. | -//- | Степная қс. - Головная қс. | 220 |
| 82 | Орал қ. Орал п. | -//- | Кинель қс. - Уральская қс. | 220 |
| 83 | Сайхин қс. Сайхин п. | "Оралэнерго" АҚ | Сайхин қс. - Баскунчак қс. | 110 |
| 84 | Жәнібек қс. Жәнібек п. | -//- | пс. Жәнібек пс. Паласовка | 110 |
| 85 | Каменка қс. Тасқала п. | -//- | Каменка қс.-Озенки қс. | 110 |
| 86 | Месторождение қс. КНГКН | -//- | Месторождение қс.-Илек қс. | 110 |
| 87 | Шыңғырлау қс. Шыңғырлау п. | -//- | Шыңғырлау қс. - Соль-Елецк қс. | 110 |
| 88 | Шыңғырлау қс. Шыңғырлау п. | -//- | Шыңғырлау қс. - Линевка қс. | 35 |
| 89 | Богатырева қс. Богатырево п. | -//- | Богатырева қс. - Ново-Узеньская қс. | 35 |
| 90 | Жәнібек қс. Жәнібек п. | -//- | Жәнібек - Вишневка қс. | 35 |
| 91 | Қазтал қс. Қазтал п. | -//- | Қазтал қс.- Александров-Гай қс. | 35 |
| 92 | Жақсыбай қс. Свердлов п. | -//- | Жақсыбай қс. -пс. Новоузенск | 35 |
| 93 | Жәнібек қс. Жәнібек п. | -//- | Жәнібек қс. - Вишневка қс. | 10 |
| 94 | Жәнібек қс. | -//- | Жәнібек қс. - | 10 |

Жәнібек п. Поляково қс.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Атырау облысы - Ресей | |
| 95 | пс. Сүйіндік | АО "Атырауэнерго" | пс. Сүйіндік - пс.Баскунчак | 110 |
| 96 | пс. Чертомбай | -//- | пс. Чертомбай- пс.Бұзан | 110 |
| 97 | пс. Головная НС | -//- | Пс. Головная - пс.Бозан | 110 |
| | | | Маңғыстау облысы - Өзбекстан | |
| 98 | Бейнеу қс. | "Маңғыстау РЭК" АҚ | Бейнеу қс. - Қарақалпақия | 110 |

Қосымша 2
Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің Тәртібіне
200_жылдың___________"___" N _______

200__ж__________үшін арасындағы ___________________________
айы

________________________________________________
шектес мемлекеттің энергия жүйесінің атауы
___________________________электр энергиясы өтуін анықтауға арналған есептегіштердің көрсеткішін алу

**АКТІСІ** ________________________________________________

______________________

| Қосалқы станция, ЛЭП | Есептегіштің көрсеткіші: ағымдағы айдың 1-ші күні 00.00 с. | Есептегіштің көрсеткіші: өткен айдың 1-ші күні 00.00 с. | Есептегіштегі көрсеткіш айырмашылығы | Есептегіш. тің коэффиц. | Электр энер. гиясы ның шығы. ны, |
|---|---|---|---|---|---|

кВт/ч

---

Қабылдау

---

Қайтару

---

*Энергия объектісінің өкілі* __________ _______________
*қолы* *аты-жөні*

*Кеден өкілі* __________ _______________
*қолы* *аты-жөні*

Қосымша 3
Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің Тәртібіне
200_жылдың___________"___" N _______

200__ж__________үшін арасындағы _________________________
айы
____________________________________________
шектес мемлекеттің энергия жүйесінің атауы
_______________электр энергиясының кедендік шекара арқылы өтуінің

**ЖИЫНТЫҚ АКТІСІ**

(кВт.сағ)

| Қосалқы станция атауы | Электр энергияның мөлшері (1) | Шығыны | Электр энергияның шығынын қоса есептегендегі мөлшері |
|---|---|---|---|
| | Қабылдап | алу | |
| | | Қайтару | |

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

1) Коммерциялық есептегіштердің есеп көрсеткішин алу актісінің негізінде жасалады

Ескерту: есепті кезеңнің ЖКД N_____________ көрсету

*Энергия объектісінің өкілі* ___________ ________________

*қолы* *аты-жөні*

*Кеден өкілі* ___________ ________________

*қолы* *аты-жөні*

Келісілді
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 15 ақпанда

Бекітілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы
N 51 бұйрығымен

# Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперациялар кәсіпорнының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің Тәртібі

## 1. Жалпы ережелер

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперациялар кәсіпорнының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің осы Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперациялық кәсіпорындары мен салаларын дамытуды қолдаудың жалпы шарттары мен механизмі туралы Келісімді және осы Келісімді жүзеге асырудың механизмі туралы Хаттаманың орындалуын қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы" (бұдан әрі - орынды жерлерде Келісім мен Хаттама) 1995 жылы 4 шілдедегі қаулысын жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

2. Осы Тәртіпте берілетін ұғымдар:

тауарлар ретінде - салалық және сала аралықта қолдану технологиясы

жағынан өзара байланысты және түпкілікті өнімді бірлесіп жасау үшін қажет шикізат, материалдар, тораптар, тетіктер, қосалқы бөлшектер, дайындамалар, дүмбілтағамдар, құрастырмалы және өзге бұйымдар деген түсінік береді;

уәкілетті тұлғалар ретінде - өндірістік кооперация туралы салалық және ( салааралық) келісімдерді жүзеге асыру жөніндегі жекеленген жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен уәкілеттенген кәсіпорындар немесе ұйымдар деген түсінік береді.

3. Осы Ереженің күші экспорттық бақылауға жататын тауарларға таратылмайды.

## 2. Тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі

4. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы салалық келісімдер шеңберінде өткізілген тауарлар, оларды, Қазақстан Республикасынан әкеткен кезде экспорттың кеден режимінде және оларды Қазақстан Республикасына әкелген кезде еркін айналысқа шығару кеден режимінде, кеден баждары мен салықтарын төлемей, жайғастырылады.

5. Тауарларды кедендік ресімдеу, қызмет аймағында жөнелтуші немесе алушы бар кеден органымен осы Ереженің 6-тармағында аталған ерекшеліктерді ескере отырып, жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

6. Тауарларды кедендік ресімдеген кезде, кедендік ресімдеу жүргізген кеден органына жүк кеден декларациясы мен кеден мақсаттары үшін қажет құжаттармен бір мезгілде тиісті мемлекеттік органдарымен расталып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінде (бұдан әрі - Кеден комитеті) тіркелген тауарлардың тізімдемесі ұсынылуы тиіс.

Жүк кеден декларациясының 44-бағанын толтырған кезде "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттардың" 5-нөмірінің астында "Қосымша Бір мың тоғыз жүз тоқсан үшінші жылдың жиырма үшінші желтоқсандағы өндірістік кооперация туралы Келісімдерге сәйкес" деп көрсетіледі.

## 3. Тауарлар тізімдерінің тіркелу тәртібі

7. Мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасы үш данада толтырылған тауарлардың тізімдерін салалық келісімдермен бірге Кеден комитетіне береді.

8. Кеден комитетінде тауарлар тізімін ұсынған тұлғаның - өкілеттігі, мемлекеттік органның мөрі, салалық келісімдерде аталынған тауарлардың атаулары мен мөлшері, толтырылған тізімнің дұрыстығы және бақылау үшін қажет өзге де құжаттар тексеріледі.

9. Кеден комитеті тауарлардың тізімін тіркеуден бас тартады, егер:

тауарлар тізімі қате, толық болмаса немесе түзетіліп ресімделген;

тауарлардың атаулары әртүрлі немесе тауарлар санының асып түсуі;
өкілетті тұлға немесе оның тағайындаушысы кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапқа тартылған болса, сондай-ақ уәкілетті тұлға өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмайды деген ұғымға негіз болса (бұрынғы қабылдаған міндеттемелер бойынша есеп бермеуі немесе уақытында бермеуі, жайғастыру мен ұйымдастыру ісінің техникасы үшін қажет біліктік қызметінің болмауы және басқалар);
Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған өзге жағдайларда.
10. Егер салалық келісімдерді жүзеге асыру бойынша жекеленген жұмыстарды орындау бірнеше уәкілетті тұлғаларға тапсырылған жағдайларда, уәкілетті тұлғалардың әр қайсысында көрсетілген тауарлардың жалпы мөлшері салалық келісімдердің тауарлар тізімдемесінде көрсетілген мөлшерінен аспауы тиіс.
11. Тізімдеменің тіркелуі Кеден комитетінде жүргізіледі.
12. Тіркелу Кеден комитетінің басылған мөрімен және осындай тізімдемелердің тіркелуін жүргізген Кеден комитетінің лауазымды тұлғасының тізімнің үш данасының әр қайсысында қойылған қолымен расталады.
Тізімнің бір данасы уәкілетті тұлғаға беріледі, екіншісі осындай тауарларға ресімдеу жүргізген кеден органына жөнелтіледі, үшіншісі - Кеден комитетінде қалады.

## 5. Тауарларды есепке алудың тәртібі

13. 1-2-ші қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өндірістік кооперация шеңберінде Қазақстан Республикасынан әкетілген және Қазақстан Республикасына әкелінген тауарлар туралы уәкілетті тұлғалар Кеден комитетіне әр тоқсан сайын есеп беріп отырады.
Уәкілетті тұлғалар жыл сайын, келесі есеп беруден кейін, әр жылдың 1-ақпанынан кешіктірмей, Кеден комитетіне барлық тауарлар бойынша сол нысан бойынша жылдық есеп беріп отырады.
Есеп беру уәкілетті тұлғамен және тиісті уәкілетті органдармен расталады.
14. Кеден комитеті ұсынылған мәліметтердің негізінде қорытынды есеп беруді құрастырады және жүк кеден декларациясының электрондық көшірмесінің деректер қорының негізінде берілген мәліметтерді ақпараттармен салыстырады.
15. Уәкілетті тұлғалардың берген деректері жүк кеден декларациясының электрондық көшірмесінің деректер қорына сәйкес келмеген жағдайларда Кеден комитеті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес талқылау жүргізеді.
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік

кооперациялар кәсіпорнының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің Тәртібіне
1-қосымша

N

**______________жылғы "____"___________ N __ салалық келісімдер шеңберінде әкетілетін тауарлардың N 1 тізімі**

______________________________ уәкілетті тұлғаның атауы
____________________________________________ кеден органы

| Жеткізуші | алушы | ТМД СЭҚ ТН бойынша тауарлардың атаулары | ТМД СЭҚ ТН бойынша коды | ТМД СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі | Саны | Шарт |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

**______________жылғы "____"___________ N __салалық келісімдер шеңберінде әкелінетін тауарлардың N 1 тізімі**

______________________________ уәкілетті тұлғаның атауы
____________________________________________ кеден органы

| Жеткізуші | алушы | ТМД СЭҚ ТН бойынша тауарлардың атаулары | ТМД СЭҚ ТН бойынша коды | ТМД СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі | Саны | Шарт |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің өндірістік кооперациялар кәсіпорнының және салаларының дамуын қолдаудың жалпы шарттары мен тетігі туралы Келісімге сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің Тәртібіне
2-қосымша

**_____________жылғы "____"____________ N __ келісім ____________ дан_________________________________дейін өндірістік кооперация туралы келісімдерге сәйкес әкетілген тауарлар туралы есеп беру**

| NN р/н | ТМД СЭҚ ТН бойынша тауарлардың атаулары | ТМД СЭҚ ТН бойынша коды | ТМД СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі | әкетілген (әкелінген) тауарлардың мөлшері (ҚР МКМ КК-нің тіркелген тізімдеме бойынша) | Нақты әкетілген (ЖКД-сы бойынша әкелінген тауарлардың) мөлшері | % Қосымша |
|---|---|---|---|---|---|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК